



ҚАРАХАН

Тарихи-танымдық,
әдеби-көпшілік 2 айда 1 рет
шығатын журнал
ҚАҢТАР-АҚПАҢ 2021 жыл
№1 (90-91)

Журнал ҚР Ақпарат және коммуникация
Министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және
бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы
мемлекеттік бақылау комитетінде 21.09.2018 жылы
қайта тіркеліп, №17281-Ж есепке
алу туралы куәлігі берілген.

Меншік иесі - ЖК «Досымбеков С.Д.»

ҚР ЖОҒАРҒЫ СОТЫ, АРДАГЕРЛЕР
ҰЙЫМЫ ОРТАЛЫҚ КЕҢЕСІ, ЖАМБЫЛ
ОБЛЫСТЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІ
ЖӘНЕ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ
ҚҰЖАТТАМА БАСКАРМАСЫНЫҢ
«ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ
РУХАНИЯТ ЖӘНЕ ТАРИХТАНУ
ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ» КММ-сі

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

АСАНӘЛІ ӘШІМОВ — Қазақстанның Еңбек
Ері, КСРО және Қазақстанның Халық әртісі,
Мемлекеттік сыйлықтың иегері.

ИЛҒА ЖАҚАНОВ — Қазақстан мен Қырғызстан-
ның Еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық
сыйлықтардың иегері, Профессор, жазушы,
композитор, музыка зерттеуші, суретші.

ӨМІРЗАҚ ОЗҒАНБАЕВ — ҚР «Ардагерлер ұйымы»
РҚБ орталық кеңесі төрағасының бірінші орынба-
сары, тарих ғылымдарының докторы, профессор,
академик.

БЕКЕТ ТҰРҒАРАЕВ — «Жеті Жарғы және Қожа-
берген жырау» халықаралық қоғамдық қайы-
рымдылық қорының төрағасы, ҚР еңбек сіңір-
ген қайраткері - заңгері, заң ғылымдарының
докторы, профессор, меценат. БАС КЕҢЕСШІ.

ЕРКІМБЕК СОЛТЫБАЕВ — Жамбыл облыстық
ардагерлер ұйымының төрағасы.

ОҢЛАСЫН ЕСІРКЕПОВ — Облыстық билер
кеңісінің төрағасы.

УАЛИХАН ҚАЛИЖАНОВ — филология ғылым-
дарының докторы, ҚР ҰҒА академик.

СЕРІК НЕГИМОВ — ф.ғ.д. профессор, ҚР қайрат-
кері, Л.Н.Ломоносов атындағы Евразия ұлттық
университетінің профессоры.

МЕКЕМТАС МЫРЗАХМЕТОВ — филоло-
гия ғылымдарының докторы, профес-
сор, Абайтанушы, Бауыржантанушы ғалым

САҒЫНДЫҚ ОРДАБЕКОВ — Медицина ғылымда-
рының докторы, профессор, журналист.

СӘМЕН ҚҰЛБАРАҚ — филология ғылымдары-
ның докторы, профессор, Тараз Мемлекеттік
Университетінің «Дулаттану» ҒЗО директоры.

Тарихи таныммен ұрпақ өседі,
ұлттық сана қалыптасады.

Н.Ә.Назарбаев



МАЗМҰНЫ

Уәлихан ҚАЛИЖАНОВ	Жер де - қазақтыкі, ел де — қазақтыкі.....	4
МҰХТАР МАҒАУИН	Ұлылар туады, бірақ Жамбыл қайталанбайды.....	6
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ	Ерлік пен елдікті өсиет еткен.....	10
Мадияр ЕРАЛЫҰЛЫ	Өлеңді өрнектеп төккен, жырдан ұрық сепкен Жамбыл.....	13
Сатыбалды ДОСЫМБЕКОВ	Әлемді Қазақ рухына табындырған- Димаш салған «Самалтау»- кімнің әні?.....	15
Билер ережесі.....		19
Біржан ӘЛІМБЕТОВ	Билер кеңесінің басты мұраты-татулық пен бірлік.....	26
Ежелгі Тараз ескерткіштері.....		26
Тұрсынай ӘБДІҚАДЫРОВА	Тұлға.....	35
Абдукадыр ДАУТБЕКОВ	О вопросах исследования тайн создания Збручского идола.....	40
Мекемтас МЫРЗАХМЕТОВ	Слово о масштабном научном прорыве.....	49
Ахметжан БЕРДІҚҰЛ	Збручмүсінінің құпиясы.....	50
Нұрмахан ТІЛЕГЕНОВ	Ғибрат.....	51
Сейітқазиев Әдеубай Садақбайұлы		53
Нүсіпхан ҚЫСТАУБАЕВ	Самарқанда сыңарым.....	57

Құрметті оқырман достар, «Қарахан» журналына жазылуға асығыңыздар! Журналға «Қазпоштаның» барлық бөлімдерінде жазылуға болады. Журналдың индексі мұқабаның сыртында көрсетілген. Жарты жылға небары 2125 теңге ауылдар үшін, қала үшін 2112 теңге. Өкінбейсіз!

Редакция авторларының пікіріне жауап бермейді!

Редакция ұжымы:

Редактор — О. ЕСІРКЕПОВ,

орынбасары А. ШӘЙДІЛДАЕВ,

Т. ЖҰМАБЕК, С. АШАНОВ ЖӘНЕ ФОТО ТІЛШІ

ТӨЛЕПБЕРГЕН СЕЙІТҚАДЫРОВ

Компьютерде беттеуші:

Дәурен УТЕНБАЕВ

Редакцияның мекен-жайы:

080000 Тараз қаласы, Төле-би көш. 18/2, Көне Тараз кешені, Шерхан Мұртаза атындағы Руханият және тарихтану орталығы.

Электрондық пошта: karahantaras@mail.ru

Ұялы телефон: +7 707 404 02 49



ЖЕР ДЕ – ҚАЗАҚТІКІ, ЕЛ ДЕ – ҚАЗАҚТІКІ!



Уәлихан ҚАЛИЖАНОВ

Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, ҰҒА академигі

Президент Қ.К.Тоқаев «Мемлекетімізді нығайту үшін тағы не істейміз?» деген екен. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында. Осы ойлы сөз көкейімді алаңдатып жүрген мәселені жазуға түрткі болды.

Жаһанды пандемия жайласа, Ресейді Кеңестер Одағының елесі кезіп жүр. Ресей Думасының бірнеше депутаты кезінде Кеңестер Одағы заңсыз ыдыратылды, енді оны қалпына келтіру қажет деген желеумен баяғы көне Ресейдің имперлік көзқарасын жаңғыртуы ненің белгісі?! Сонымен, Ресей неге Кеңестер Одағын қайта құруға мүдделі дегенге жауап іздеп көрелік. Бұл Ресейдің өз ішіндегі қарама-қайшылыққа толы саяси-экономикалық дағдарыстың себебі болар деп топшылаймын. Сондықтан өз халқының назарын басқа бағытқа бұру ескі саясаттың ұрымтал әдісі деп білемін. Көрші елдің экономикасымен қоса демографиялық жағдайы да мәз емес. Қазақстанның қазба байлықтары, атом энергетикасы, ауыл шаруашылығы, жер көлемі оларды қатты қызықтырады... Бразилияның Амазонка өзенінде Анаконда атты әбжылан мекендейді. Сол алпауыт жылан жан-жағын жалмап, жұта берген соң, коронавирус секілді кеселге ұшырайды. Олар иіс сезу қабілетінен айырылады, содан соң өз құйрығын өзі жұтып, тұншығып өледі екен. Табиғаттағы осы жағдай біздің көрші мемлекеттің басына келіп жүрмесін.. Соңғы жылдардағы Ресейдің халықаралық қатынастардағы жағдайы, соның ішінде экспансия саясатына байланысты іргелі мемлекеттердің санкциялары нәтижесінде Ресейдің экономикалық, әлеуметтік жағдайы бәсеңдеді. Ресей құрамындағы субъектілердің

тұтастығы шытынай бастаған сыңайы да байқалады. Сонымен қатар, жақында ғана Эстония да Ресей Федерация құрамындағы екі облысын өздерінің аумағына жататындығын ашық айтып, Ресеймен осы бағытта біраз дау-дамайға барып жатыр. Бірқатар әлемдік сарапшылардың пікірінше, Ресей өзінің мәселелерін соңғы кезде көрші мемлекеттер есебінен шешуді көздеп келеді. Әрине, мұндай әрекет халықаралық құқық талаптарына қайшы екендігі даусыз. Сондықтан бүкіләлемдік халықаралық қауымдастық мұндай саясатты қолдамай, алаңдаушылық білдіруде. Өйткені ол басқа тәуелсіз мемлекеттердің егемендігіне қауіп төндіреді. Басында Кеңестер Одағын - Ресей, Белорусь, Украина және Закавказье мемлекеттері құрған. Кейінірек құрамына 16 республика кірді. Кеңестер Одағының жүйесі экономикалық, идеологиялық, саяси тығырықтан шыға алмады. Билік ішінен іріп-шіріді. Халық репрессияға ұшырады. Дағдарыс меңдеді. Алып мемлекет өз еркімен Белорусьтегі Беловеж келісіміне сәйкес таратылды. Кеңес Одағы құлады. ТМД құрылды. Содан бері отыз жылға жуық уақыт өтті. Әр мемлекет өз **Тәуелсіздігін** жариялады.

Қазақстан бірден шекараны айқындап, оның шектерін мемлекетаралық заңмен белгілеуге кірісті. Мемлекетіміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев осы кезеңде білгірлік пен табандылық танытты. Қазақстан мен Ресей арасында екі жақты келісім шарттар жасалына бастады.

Мысалы, 1992 жылы 25 маусымда Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы «Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы» Шартқа қол қойылды. Ол 1992 жылғы 7 қазанда күшіне енді. Осы халықаралық Шарттың 10 бабында тайға таңба басқандай төмендегідей бап жазылған. Шарттың қазақ тіліндегі мәтінін заңнама базасынан таба алмағандықтан, орыс тілі мәтінінде бергенді жөн көрдім.

«Высокие Договаривающиеся Стороны признают и уважают территориальную целостность и нерушимость существующих границ Республики Казахстан».

Парадокс. Ресей мемлекеті мойындайды. Заң етіп қабылдайды, Президент қол қояды. Ал кейбір депутаттар қазір теріс пікір білдіреді. Бұл қаншалықты орынды? Ресей Думасы депутаттарының жеке көзқарастары халықаралық деңгейдегі сыртқы саясатқа сай келмеуі нені білдіреді?

Сонда аталған депутаттар өз мемлекетінің саяси шешімдеріне, ұстанымдарына қарсылық танытады ма? Демек, өз президенттерінің шешімдерін қолдамайды деп түсінуге де болар.

Халықаралық қатынастармен бекітілген заңды әр мемлекеттің орындауы міндет болып табылады. Бұл норма Халықаралық келісімдер құқықтары туралы Вена конвенциясында бекітілген (1969 ж.). Ресей Федерациясы бұл Конвенцияға қосылған. Мұны да олардың



қаперлеріне салып қойғанымыз жөн болар. Бұл бұл ма? 2012 жылы 7 маусымда жоғарыдағы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Ол өзгерістердің мазмұны бойынша, мемлекеттер бір-біріне қарсы бағытталған кез-келген іс-қимылға, болмаса шараға **қосылмайды және оны қолдамайды**. Осы Шартты ратификациялау рәсіміне Мемлекет Думасының депутаты Е.Федоровтың өзі де дауыс беріп, қолдаған екен. Ал ендігісі не?

Сонда өкілетті органның депутаты өзі қолдаған халықаралық деңгейдегі заңға, кейін өзі қарсы шығып отырғанын қалай түсінуге болады? Бұл Ресейдің сыртқы саясатына сенімсіздік мәселелерін тудыратыны сөзсіз. Басқа сөзбен айтқанда, Ресейдің халықаралық имиджіне нұқсан келтіретіні анық. 1998 жылғы 6 шілдеде Мәскеу қаласында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы ХХІ ғасырда бағдарланған мәңгілік достық пен одақтастық туралы Декларацияға қол қойылды. Декларацияда мынадай жолдар бар: «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы кең ауқымды ынтымақтастықпен өзара сенім білдіру, **тәуелсіздікті, егемендікті, аумақтық тұтастықты** және мемлекеттік шекаралардың бұзылмауы, дауларды бейбіт жолмен реттеу және күш қолданбау немесе күшпен қорқытып, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, тең құқықтық және өзара тиімділік принциптері негізінде өздерінің қарым-қатынастарын құрады...».

2013 жылы 11 қарашада Екатеринбург қаласында «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ХХІ ғасырдағы тату көршілік және одақтастық туралы» Шартқа қол қойылып, ол заң ретінде 2014 жылы 22 желтоқсанда күшіне енді.

Осы Шарттың 1-бабын оқылық:

«Уағдаласушы Тараптар өзара сенім, стратегиялық әріптестік және жан-жақты ынтымақ негізінде тең құқылы және егемен мемлекеттер ретінде бір-бірімен өзара іс-қимылды дамытады. Олар мемлекеттік егемендік пен тәуелсіздікті өзара құрметтеу, тең құқықтылық және ішкі істерге араласпау, қысым жасаудың экономикалық және өзге де тәсілдерін қоса алғанда, күш қолданбау немесе күш қолданамын деп қорқытпау, аумақтық тұтастық, шекаралардың мызғымастығы, дауларды бейбіт жолымен реттеу, адам құқықтарын, қағидаттарын, сондай ақ, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларын басшылыққа алуға міндеттенеді». Мұны бір деп қойыңыз. Енді Шарттың 2-бабына назар аударалық.

«Уағдаласушы Тараптар 2005 жылғы 18 қаңтарда Мәскеу қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы туралы шарт ережелерінде айқындалған Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының аумақтық тұтастығын және бар шекараларының мызғымастығын растайды және құрметтейді». Бұдан артық не керек?!

Сонымен қатар, **Қазақстан көршілес жатқан мемлекеттермен әркез тату көршілік, достық және ынтымақтастық саясатын ұстанады.**

1993-1999 жылдар аралығында Бірлескен Қазақстан – Қытай декларациялары қабылданды. Ал 2003 жылғы 2 маусымда Қазақстан Республикасы мен Қы-

тай Халық республикасы арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы Шартты бекіту туралы халықаралық заң күшіне енді.

Осылай, 2002 жылы Пекинде қол қойылған Шарттың төмендегі мағынадағы шарттары бар: «...Уағдаласушы Тараптардың бірде-біреуі де екінші аумақтық тұтастығына нұқсан келтіретіндей тұрғыда өз аумағын үшінші мемлекеттердің пайдалануына жол бермейді.

Уағдаласушы Тараптардың бірде-біреуі де өз аумағында екінші Уағдаласушы Тараптың **егемендігіне, қауіпсіздігіне және аумақтық тұтастығына** нұқсан келтіретін ұйымдар мен топтардың құрылуына және олардың қызмет етуіне жол бермейді». **Атап айталық**, Украина, Беларусь пен Қазақстан Ресей Федерациясымен, Америка Құрама Штаттарымен, Ұлыбританиямен **қауіпсіздік кепілдігі** туралы Меморандумға қол қойған болатын. Онда ядролық қарусыз мемлекеттер санатындағы Беларусь, Қазақстан, Украинаға ядролық қару қолданылмайтындығына **кепілдік берілген**. Кейін Меморандумды Франция мен Қытай Халық Республикасы қолдайтындықтары жөнінде мәлімдеме жасады. Кеңестер Одағын қайта құруды көксеген Ресей Думасының депутаттары тарихтан сабақ алмай ма? Кеңестер Одағының қызыл терроры қазақ халқын жойып жібере жаздады. 1921-22 жылдардағы қолдан жасалған ашаршылық нәубеті жүректі сыздатады. Осы ретте, халқымыздың ұлы жазушысы М.Әуезовтың Қазақ қызметкерлері Одағы кеңесінің мәжілісінде сөйлеген запыран сөзінен мысал келтіргенді жөн көріп отырмын. Тура осы кезеңде айтылған. **«Шындығына көшсек, ашаршылық жайлаған қырдағы елдің қырылғанының жанында, қаладағы аштықтың үрейлі көріністері ойын сияқты әсер етеді. Егерде бұл аудандарды аштықтан құтқару үшін дәл қазір шұғыл түрде шешуші шара қолданбаса, онда Қазақ Республикасы қазақсыз қалады.»**

Тарихи таным жағынан алсақ, кейбір тарихшылар жазып жүргендей ашаршылық жылдары **3 миллионнан** астам қазақ опат болыпты. Осыған біз де Ресейден контрибуция және қазақ халқынан кешірім сұрауды талап етуге құқымыз бар емес пе? ! Біздің кейбір саясаткерлердің пікірінше, Ресейдің әлдебір саяси «үргіштерінің» сес көрсететіндігі - ол иесіне жағынуы деп есептейді. Осы ретте халқымыздың «Иесі айтақтаса - үрмейтін ит жоқ» деген мәтелі есіме түсті. Ресей Мемлекеттік Думасының, оның ішінде билік партиясы «Единая Россияның» мүшелері тым болмаса жоғарыда айтылған Қазақстан мен Ресей арасындағы келісім шарттарды оқымаған ба деген ой туады. Әлде, оқыса да «тисе - терекке, тимесе - бұтаққа» деген ойда ма екен?

Қазақстан Президенті Қ.К.Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында тарихи танымды жаңғырту керектігіне ерекше назар аударды. Бұл бәрімізді ойландыруы тиіс. Болашақта жер тұтастығына сұқтанушылардың ауыздарына құм құю үшін Президент мақаласын басшылыққа ала отырып Үкімет өңірлерді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын қабылдағаны жөн болар еді. Үкімет тарапынан жүргізіліп жатқан шаралар баршылық, бірақ қазіргі жағдайда олар жеткіліксіз. Ең алдымен Солтүстік Қазақстан өңірін жедел қоныстандыру мәселесі сұранып тұр. Сонымен қатар, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Шығыс Қазақстан,



Павлодар облыстарындағы жерлерге ревизия жүргізу керек. Бұл национализация емес, оны инвентаризация ретінде өткізген жөн. Яғни, игерілмей жатқан және қараусыз жатқан жерлерді де анықтау қажет. Өйткені жоғарыда аттары аталған Ресей Думасының депутаттары Кеңес Одағын құрған соң, референдум өткізіп, олигархтардың меншігін түгел тартып аламыз, ол жерлерді халыққа бөліп береміз деген жалған ақпарат таратып жүр. Осы ретте, 1917 жылғы революция кезінде большевиктер «Жер шаруаларға!» деп ұрандатып, халықты өз жағына тартқан жоқ па еді?!

Ресей мемлекетінде отырып, біздің мемлекетімізге сепаратистік пиғылдағы іс-әрекеттер жасау, оның ішінде шындыққа жанаспайтын үгіт-ақпарат таратуға жол беруге болмайды. Бүгінгі таңда, екі мемлекеттің арасында болашақта мұндай келеңсіздіктерге тыйым салу үшін арнайы келісім шарт қабылдау қажеттігі туындаған сияқты. Заң бастамашылығына құқығы бар органдар мен депутаттар ойланар деп ойлаймын. Облыс атауларын өзгерту де күн тәртібінде тұрған мәселелердің бірі. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан облысы болып өзгергені осы үрдістің

басы болғай деп тілеймін. Солтүстік Қазақстан облысын **Қызылжар** облысы, Петропавл қаласын да **Қызылжар** деп атаса ешқандай сөкеттігі жоқ қой деп ойлаймын. Шығыс Қазақстан облысын **Алтай** облысы деп алсақ орынды емес пе? Ал Павлодар облысы **Ертіс** облысы, Павлодар қаласын **Ертіс** қаласы деп атасақ дұрыс болмай ма? Сондай-ақ, Алматы облысындағы Ұйғыр ауданын Шарын ауданы деп өзгертсе ешкім қарсы болмайтынына сенімдімін. Өйткені **Шарын** – көне, тарихи атау. «Еңбекшіқазақ» ауданының атын өзгерту де қиындық тұғызбайды. Мұнда бұрын **Шелек** ауданы болған, соны қалпына келтірсе жетіп жатыр.

Ойды ой қозғайды. Қалың оқырман да осы ұсыныстарға өз пікірлерін білдіріп, қажет жағдайда тиісті құзырлы органдарға ұсыныстарын жіберер деп ойлаймын. Бұл «кестуші мемлекеттің» халық үніне құлақ асар сәттерінің бір көрінісі болар.

Президент - жалғыз. Ол халқы мықты болса ғана – мықты Президент бола алады.

Ұлт шаңырағын ешкім шайқалта алмайды.

Жер де - қазақтыкі, ел де - қазақтыкі.

Жыр алыбы Жамбылға – 175 жыл толуына орай

*Ұлылар туады,
бірақ*

Жамбыл қайталанбайды

Өткен жыл Абай жылы, әдебиеттің, ұлттың мерекесі, қаншама ұлағатты сөз айтылды, бірақ мұхиттың тереңіне жетпедік, заңғардың биігіне жетпедік. Биігін бағамдап, тереңін түгесу, ауқымын тану, аумағын қамту мүмкін де емес. Қашанда ұлылардың үлесі осындай. Әйткенмен, бәріміз бас қойған ақиқат бар: Абай – біздің ұлттық бейнеміз. Ерек, бөлек. Мақтан, мерей.

Биыл – Жамбыл жылы. Тағы да айтып жатырмыз, асқақтатып жатырмыз. Бәрі жөн. Артығы жоқ. Бірақ... жеттік пе... таныдық па?...

Халықтың үлкендігі хан көтерген тұлғалармен өлшенеді. Бірігей ғана емес, бірталай болсын. Біріне бірі ұқсамасын, айналып келгенде, бір арнадан тоғыссын. Осы тұрғыдан алғанда, Жамбылдың ұлылығы неде? Күні бүгінге дейін біздің түсінік ескі ұғымдар шырмалында тұр.

Біз ең алдымен бір нәрсеге бейіл беруіміз керек. Өзінен бұрынғы барлық ірі қайраткерлер сияқты, Жамбыл да ұлттың рухы. Қазақтық қана емес, Жамбылдың ұлылығы әлемдік деңгейдегі өзгеше құбылыс. Жәкеңнің өз тұсында қаншалық атақты болғаны, совет кеңістігіндегі, одан шалғай аймақтардағы жұртшылық санасына қалай әсер еткені, неге әсер еткені жаңаша байыптауға тиіс. Анық ақиқат - ол заманда Жамбыл қазақ деген ұлттың тұлғасы, көрнекі бейнесі болды. Сол кейіпте

тарихқа енді, санаға орнықты. Біз мұның бәрін сызып, өшіріп тастай алмаймыз, керісінше, нығыздай, бекіте түсуіміз керек. Ұлылар туады, бірақ Жамбыл қайталанбайды.

Өзім куә болған бір мысалдан бастайын.

1983 жылы сонау қиырдағы сақа елінде - Якутияда қазақ әдебиетінің декадасы өтті. Ол кезде мені тәуір тізімге жуытпайтын еді, қазір де іліне бермейміз, бірақ талап етіп, сұранып жүріп, қатарға қосылдым. «Шақан-Шері» деген роман жазуға дайындалып жатыр едім, бас кейіпкерім ақыр аяғында итжеккенге айдалуға тиіс болатын, романның әлде прологы, эпилогында Якутияда, Вилжой деген өзеннің жағасында отыруы керек еді. Сол жерді, елді көріп қайтуым қажет болды. Бірақ, кейін шығарма шешімі басқаша құрылды...

Содан, Якутияға бардық. Жарқыраған жасыл күндер, ғажайып сырлы ақ түндер. Сақа бауырлар құдайындай қарсы алды. Сақа астанасындағы құрмет, рәсімдерден соң алыс аудандарға бөліндік. Кім қайда барады дегенде, сол жердегі бір ағайын айтты: анау, түстік тараптағы ауданға барыңыз, сондағы нағыз сақалар, нағыз якуттар біз боламыз, - деп Қоңырат екен. Ал мынау – сіз барайын деп тұрған жердегі жұрттың көздері қысықтау

түрік тегінен айрылған, өңіне дейін бұзылып кеткен деді. Енді, бір туысымыз айтты: терістік жаққа барыңыз, басқалары бұзылып кеткен, ежелгі дәстүр-салты сақтаған - біз боламыз деді. Сөйтсек, әлгілер адайлар екен, жаңылыс естімесем.

Ақыры, бөлініп-бөлініп кеттік. Біз - бір тобымыз поляр белдеуінің арғы жағына, терістікке қарай аттандық. Сунтар деген аудан. Өзіміздің еліміздегідей, қаптаған қазақтың ортасында жүрміз. Әсіресе жастары томпақтандырып жүрген балалары қазақтан аумайды екен.

**Мұхтар МАҒАУИН***Қазақстанның
халық жазушысы*

Қонақжайлығы да қазақ. Ауылдарды араладық. Екінші, әлде үшінші күні сол, мен іздеп барған Вилуя өзеннің бойымен, кемеде келе жатырмыз. Өзеннің қабағы биік, бірақ топырақты жар емес, түйетайлы көк шым екен. Бір уақытта, жағалауға жақындасақ, қабақ қаптаған халық. Қаптаған қазақ-сақалар. Күн ыстық, жер құрғақ. Біз кемеден түскенде қабақтағылар жағалауға, аяғымыздың астына даланың ақ, сары, қызыл гүлдерін лақтыра бастады. Гүлдің үстімен тайқы, жасыл қабақтан шықтық.

Шықсақ, шағын ауыл, бергі жақ шетінде, қарсы алдымызда үлкен ағаш үй тұр. Ақсұр қарағай қима. Сол ағаш үйдің оң жақ... сол жақ қапталында сақал-мұртсыз, көзі қысықтау бір қартаң қазақтың әйдік суреті тұр. Ал оң жағында... жарықтық, аруағыңнан айналайын Жамбыл атам – Жәкемнің суреті тұр. Тұтас бір қабырғаны тіреп. Бөркін оқшырайтып, сақалын төгілдіріп, аппақ қылып әдемі салынған. Сөйтсек бұл келген жеріміз – сақаның Сергей Зверев дейтін, атақты халық жыршысының ауылы екен. Анау соның музей-үйі екен. Осы Төбей ауылында бізді айрықша құрмет тұтып, атақты жыршының бедерлі сөлке-байын тартты. Содан қаншама әңгіме айтылды. Зверевті мақтағанда ең биік мақтау: біздің осы Зверев - Жамбылдың шәкірті деді. Жамбылдың өзін көрген жоқ, бірақ сол кісінің үлгісін, өнегесін алып, осындай дәрежеге жетіп, біздің сақа жұртының халық даналығын бүкіл Совет Одағына, қала берді, бүкіл дүниеге танытты. Сөйткен керемет жыршымыз – Сіздің Жамбылдың шәкірті еді деп мақтанды.

Мінеки, жердің қиыр шетінде, поляр белдеуінің

арғы жағында, жарық түн, қараңғы күн, тоғыз ай қыс, үш ай жаз- мәңгі тоң аймағында біздің алдымыздан Жәкең шықты. Якут елі, Сунтар Ұлысы, Төбей аулы, 1983 жылы.

Жамбыл қазақты бүкіл әлемге танытып кетті. Қалыптасқан ұғымға нанбас ұғымға қарап, заманындағы шындықты бұрмаламау керек. Қазақты, қазақтың әдебиетін, қазақтың рухын бүкіл дүние жүзіне ең алдымен танытқан Жамбыл болды. Әуезов емес, Абай емес. Біздің ұлы фольклорлық мұраларымыз емес. Жамбыл. Арыстар атылған, халық қырылған, елдің еңсесі түсіп, аруағы төмендеген ең бір қиын кезеңде Жамбылдың ұлт ұранындай көтеріліп, соншама атақ-даңққа жетуі үміт сәулесі, болашақ жақсы күндер жоралғысы сияқты көрінді. Азаматқа күш берді, кейінгі ұрпаққа тыныс қосты. Міне, сол Жәкең - алаштың ұлы перзенті, қазақтың даңқын шығарған ғажайып тұлға екендігіне ешқандай күмән тумауға тиіс. «Құдай жоқ болса, ойлап шығару керек» деген сөз бар. Жамбыл қолдан жасалған жоқ, сом болып қашалып туды, қазақтың ұлы жырауларының ең соңғы сарқыты болды, орта ғасырлық сақара дүлдүлін жиырмасыншы ғасырдағы империя төріне шығарды. Сол үшін де біз Жәкеңнің аруағына бас ұрып, барын бағалап, әрқашан да қастерлеуіміз қажет.

Бұл Жәкең шын мәнісінде өлең сөздің даңғылы болатын, атамыздың соншама атаққа жетуі, дүниеге кеңінен танылуы кез- дейсоқ емес еді. Көрген адамның бәрі - орысы да, орманы да, ғалымы да, данасы да бар, бәрі де таң қалып, құрмет тұтқан. Орыстың белгілі жазушысы, әлемді шарлаған Илья Эренбург, өте талғампаз адам, білімдар, кірпияз адам, Шота Руставелидің тойынан қайтып келе жатқан жолында Жәкеңмен бір купеде болыпты. «Люди, годы, жизнь» деген кітабында бар. Әуелде ақсақал салғырттау болды, маған онша ұнаған жоқ, бойынан ерекше бір данышпандық, ірілік, ұлылық байқаған жоқпын дейді; тым сүлесөк отырды, біраздан кейін даяшы қыз- жолсерік келіп кетті, шәй әкелетін болды дейді. Сосын Жәкең қолына домбырасын алды да, кенеттен толғап өлең айта бастады дейді. Мен ерекше бір пәлсафалық, сондай өлең айтып жатырма деп, хатшысынан сұрап едім, хатшысы айтты дейді, «міне, шәй келеді, шәй келген соң көңіліңіз жай болады» деп айтып жатыр деді. Сосын, терлеп-тепшіп шай ішіп, демалып алған соң, терезеге қарап отырып, тағы да шырқап қоя берді дейді. Сондағы айтқаны: мына екі рельс, жолдың екі темірі, бұл – алыс, қиыр-шалғай жермен елді Жамбылдың ұлылығы байланыстырып жатқан даңғыл жол деп айтты дейді. Темір жолдың төс табаны сияқты, менің домбырамның да екі шегі бар. Мына темір жол әлемді жалғап жатса, менің екі шектен шыққан өлең-жырым бүкіл дүниеге тарайды деп айтты. Эренбург қайран қалған, қатты толқыған. Тоқсан екі жастағы қарт ақынның өңі ескі заман қағазы сияқты екен, көзі өткір, кейде сырлы, кейде мұңды көрінді дейді. Бұл – 1937 жылдың жазы.

Беріде өзіміздің Әбдіжәміл ақсақал Жамбылдың 125 жылдығында бір мақала жазды. Тәуір мақала. Содан мен ол кісіге Эренбург осылай деген екен, мақаланы қайыра өңдесеніз, қатеріңізде болсын дедім. Пайдаланды ма, пайдаланбады ма, білмеймін.

Ал енді, Жәкеңнің тағы бір ғажайып, айрықша ақындық шеберлігі, өзгеше өрнегі болды. Ол - мадақ жырла-



ры. Біз Сталинге арналған, Ленинге арналған, сол кездегі партияға арналған өлеңдерді біртүрлі қоңылтақсып, қалай екен деп, кешіріммен қарағымыз келіп тұрады. Ал, шын мәнісінде бұл да Жамбылдың ұлылығы, қазақ поэзиясының биік дәрежедегі бір көрінісі еді. Әлем әдебиетін саралайтын болсаңыз, сонау арғы заманнан бастап, эллин-рим заманынан бергі ақындардың арнау жырларын, одан кейінгі Шығыстың ұлы ақындарын қарасаңыз, орыс-тың кешегі XVIII-XIX ғасырын, Пушкиннің өзін қарасаңыз, мына мадақ дейтін жанр- әдебиеттегі ерекше сипаты бар, өзіндік заңы бар, ежелгі жанрлардың бірі. Қазақ импровизаторларының құдыреті сондай, сараңды жомарт деп, кедейді - бай деп, қорқақты - батыр деп, кереметтей толғап, жырлап шығара алатын болған. Өйткені, мадақ жырлардың мән-маңызызоның әлеуметтік тұрғысында, деректік нақтылығы, саяси не басқадай мазмұнында емес, өлеңдік өрнегінде, шеберлік өнегесінде. Мадақталып отырған кісінің шын мәнісінде кім болғаны ұмытылады, заман көмескіленеді, жағдай өзгереді, ол ақын қиялынан туған асыл сөз тозбайды, уақыт озған сайын түрленіп, жаңара береді. Біз Жамбыл толғаған мадақ, марапат жырлардың бәрін қазақ әдебиетінің, қазақ поэзиясының ескіrmес озық үлгісі деп қарауымыз керек, қазақ сөз өнерінің мәңгілік ескерткіші деп қарауымыз керек. Анау бір жылдарда Жамбыл толғауларынан Сталин есімі аласталды, енді Ленин мен Компартия аласталды, сонда ақынның дәстүрлі арнау жырларынан не қалмақ. Жәкеңнің жаңа басылымдары мұндай тазартуға түспеуге тиіс.

Осыдан оншақты жыл бұрын Мәскеуде, әріптермен бас қосқан әдепкі отырыста, бір үлкен орыс жазушысы; сіздер Жамбылды әлі де құрметтейсіздер ме, деді. Мен айттым: құрметтеп жеткізе алмай жатырмыз, бағасын бере алмай жатырмыз дедім. Қалайша, ол Сталинді мақтаған ғой деді. Сонда мен айттым: Сталинді XX ғасырдың ұлы ақыны Анна Ахматова мақтаған. Жамбылдың ұлылығын XX ғасырдың ұлы жазушысы Пастернак мақтаған. Бүкіл дүние таныған Мандельштам мақтаған. Басқаларын айтпай-ақ қояйын дедім. Бірақ солардың бәрінен де Жамбылдың арнауы артық болды, Өйткені, Жамбылдың ақындық таланты артық еді дедім.

Жәкеңнің өлеңдерін кейінгі дүниежүзілік соғыс кезінде де бүкіл халық қабылдады. Майдан даласына жетті, блокададағы Ленинград көшелерінде ілулі тұрды. «Ленинградтық өренім» деген өлеңін білесіздер. Бұл соғыс - қазақтың соғысы емес еді. Қырғыздың, Өзбектің соғысы емес еді. Герман тайпалары мен славян, ағылшын-саксон тайпаларының арасындағы соғыс, батыстағы кәпір қауымының өзара қырқысы еді. Ал біз, отар ел болғаннан кейін, бұл соғысқа зорлықпен тоғытылды. Байқап қарасаңыздар, Жәкең сол соғыстың ұранын өзінше, қазақша түсінген. Жәкеңнің соғыс тақырыбындағы толғаулары- майдандағы балаларына жолдаған тілек, бата, биік адамгершіліктен туған шығармалар. Қазақтың намысын аман-саулығын ойлағандықтан айтылған жырлар. Менің бала кезімде жатталған бір өлең бар еді, әлі есімде қалыпты. Соғыс кезіндегі патриоттық өлеңі қазақтың:

Домбырам басы дың,
Немістен өлсін мың,
Орыстан өлсін бес- алтау,

Қазағым қайтсын аман- сау!

Совет заманындағы қазақтың идеологиясы, қазақтың соғысқа деген көзқарасы. Жәкеңнің танымы да осы - қанды қырғыннан қазағым, балаларым аман-есен қайтсын деп, майданға сағынышты сәлем жолдаған.

Ал, «Ленинградтық өреніме» келетін болсаңыз, Жәкең айтқан кезде сондай үлкен, әсем қала, неше мың сан адам қоршауда қалды, халық аштан қырылып жатыр деген кезде, қарт ақынның адамгершілік сезімі толқып, шын жүректен толғаған.

Ал енді, сол өлеңді бүгінгі орыстың қарсы алуы қалай? Орыстың үлкен жазушыларының бірі Астафьев өзінің бір шығармаларында Жәкеңді мазақ қылады. Қазақтың ақыны қарны тоқ ақын, кекірігі азып жатып, ерігіп жатып шығарған өлеңдер деп бағалаған. Каверин бе, тағы бір орыс жазушылары да осылай бағалаған. Жалпы, біздің Жәкеңе тиісе сөйлеу, кекету, мұқату орыстың қазіргі баспасөзі, қазіргі әдебиетінің үйреншікті сарынына айналған. Бұл бүгінгі орыста берік қалыптасып отырған астамшылықтың, қазақты жамандаудың бір тармағы, ақын есімі тек ілгішек қана. Ал енді, ой көзімен қараңыз. Қазақ орыстың жерін қорғады, қан кешті. Өзі үшін емес, орыс үшін өлді, Сонда алып отырған алғысымыз мынау. Осыдан оншақты жыл бұрын, атақты Багратионның Бородинодағы сүйегін атып қопарды, мына жерде қайдағы чукчаның сүйегі жатыр деп. Бұл чукчалардың моласы неге тұрады деп, бүкіл Ресей жерінде соғыста қаза тапқан орыс емес жұрттардан қаза тапқан жауынгерлердің басына орнатылған құлпытастарды құлатып жатыр. Ресейді қорғау емес, Ресейді жаулап жүріп өлген сияқты. Адамның ең жаманы достықты білмеген, халықтың ең сорлысы - алыс-жақынды айыра алмаған. Бұл бүгін ғана шыққан сойқан емес, ежелден қалыптасқан көзқарас, тек бұрын бұғынып жатқан, астыртын әрекеті болған. Енді, арқырап алға шықты. Айғақты нәтижесін көзбен көріп отырмыз: орыстың бір кездегі биік әдебиеті ұсақ-түйек, адамгершілікке жат пиғылдағы әдебиетке айналып бара жатыр. Нәсілдік артықшылықты, дөкер шовинизмді, отаршылдықты, оны аз десеңіз, кәдімгі фашизмді насихаттайды. Шешенстандағы соғыс біздің көп нәрсеге көзімізді ашып отыр. Жария геноцид, жай ғана зорлық емес, адамгершілік негіздеріне қайшы жауыздық. Дәл осы кездегі орыс жазушыларының үнсіз қалып отырғаны, керек десеңіз мақұлдап, қостап отырғаны сол ұлы дәстүрден айрылып қалғандығында, мүлде кері кетуінде. Ал, біздің қазақ әдебиеті, құдайға шүкір, биік адамгершілік өресінен, қазақ дәстүріндегі кісілігінен жаңылған жоқ. Қазақ қаламгерлері шешен жұртының азаттық соғысынан сырт қалмады. Жәркен Бөдеш «Генерал Дудаев» атты поэма жазды. Сол поэмасында Дудаев пен Масхадовты Кенесары, Наурызбайдай көремін деп т олғапты. Рафаэль Ниязбек «Шешендер» деген ерлік дастан жариялады. Мұнда ол шешендердің өлігі де тауда, биікте қалады деп жазыпты. Міне, соның бәрі қазақ әдебиетінің озық адамгершілігінің көрінісі, Жәкеңнің үлгісі.

Осы орайда Жәкеңді жай ғана мадақтамай, бізге не берді, қандай дәстүрі бар, қандай тағылымы болды дегенді де айтуымыз керек. Алдағы уақытта зерттеушілер осы жағына көбірек назар аударуы, бажайлап зерделеуі қажет. Мен өз тарабымнан, Жәкең қазіргі қазақтың



прозашыларына да үлгілі дәріс берді деп айтар едім.

1946 жылы Жәкеңнің үлкен қызыл кітабы шықты, Үлкен том. Мен енді мақтанайын: мектепке бармаған едім, Абай атамның өлеңдерін түгелге жуық жатқа білетін едім. Жәкеңнің жаңағы толық жинағы Абайдың мерекелік толық жинағынан кейін қолға түсті. Менің алғаш сауат ашқандағы оқыған кітаптарымның бірі осы еді. Абайдың, Жамбылдың үлкен-үлкен бір томдығы және Мақтымғұлының Ғали Орманов аударған шағын жинағы. Сонда, қазір ойлап отырсам, бізге кім ұстаз болды, біз кімнен үйрендік, үлгі алдық десем алғаш рет әдебиет әлемінің есігін ашу, мына менің қазіргі көркемдік танымым, тарихи сананың қалыптасуына, ұлтшылдық сананың қалыптасуына Жамбылдың да әсері мол болыпты.

Бір ғана мысал. Қаншама заман өткеннен кейін, цензура жойылғаннан соң, мен жігіттеріме арнайы тапсырма беріп, 1946 жылы басылған кітапқа шыққан, қырық жыл бойы жабылып жатқан туындылар бар деп, көшіртіп алдым. Кенжехан Матыжанов деген жігіт жазып әкелді. Ол өлең алдымен «Жұлдызда» басылды, 1991 жылы ғой деймін. Сыздық сұлтанға арналған.

Сәлем бердік, алдияр,
Орын бердің қасыңнан,
Сен бір қалған көз едің
Кенесары асылдан...

Міне қараңыз: «Кенесары асылдан...» Ұлттық сана, тарихи сана, отаншылдық дегеніңіз-осы. Шағын ғана толғауда қаншама зар мен мұң бар. Тілек пен тәуба бар. «Екеуінің жатқаны – Он бір жыра деген жер...»- дейді, Кенесары мен Наурызбайдың қай-

ғылы қазасын еске алып. Осыдан бірер жыл бұрын Ғылым академиясының Тарих институты Кенесарының сүйегін іздестіріп, қазақ пен қырғыз шекарасында қазба жұмыстарын жүргізді. Игі жұмыс, ізгі жұмыс. Бірақ, амал не басқа жерден іздеді, басқа жерді қазды. «Жұлдызды» мұқият оқыса, осы Жәкеңнің нұсқауын басшылыққа алатын еді.

Сол, 1946 жылғы жинақта Жәкеңнің Кенесары хан мен Сыздық сұлтанға қатысты естеліктері де бар еді, соның бәрін қоса бердік. Енді ойлап қараңыз. Жамбыл ең алдымен қазақтың ұлттық ақыны болды, өз халқының патриоты болды. Кенесарының кім екенін, Сыздық сұлтанның кім екенін, қазақтың ерлік тарихын әйгіледі.

Тағы бір сөз бар Жәкең айтқан, Сүйінбайдан қалған сөз деп.

Бұл орыс отаршылдығына байланысты толғау-дастан.

Айналайын Алатау,
Құс жетпеген басыңа,
Барабан соғып, балдырап,
Кәпір келер қасыңа,
Қайран жерім, қош енді!...
Бұрынғыдай ой болмас,
Тойлап жүрген той болмас,
Қайран жерім, қош енді...

Бұдан отыз-отыз бес жыл бұрын, аспирант кезімде қолға ілініп еді, бұл дастан да «Жұлдызда» басылды, бірақ әдеби қауым, жалпы жұрт тарабынан ықылас, пейіл, қуаныш байқалмады, Арада тағы қаншама заман өткен соң, немесе ертең-бүрсігүні біреу әлдеқайдан көріп, біз таптық деп, манағы, Сыздық сұлтанға арналған толғау сияқты, қоңыраулатып, әлденеше мәрте қайыру басады. Дұрыс бұл да сол үшін жұртқа жария болған, архивте біржола ұмыт қалмасын елге тарасын деп басылған дүние ғой...

Жамбылдың төңкеріске дейінгі, басқа бір шығармаларына қарайтын болсақ, біз Жәкеңді оқу арқылы қазақтың елдік тарихының бір бөлігін таныдық. Саурық батыр кім болды, Сұраншы батыр кім болды, Домалақ ене кім еді. Бүгінгі тарих әлі жазылмай жатқан кезде, қазақтың ұлттық рухы және талып жатқан кезде Жәкең қазақтың ескілігін ұмыттырмаған. Ерлікті айтқан, елдікті айтқан. Сонымен бірге қазақты кім сатты?... Сондай сатуындардың болатындығын, сондай сатқындардың опасыздығы нәтижесінде ер-қазаға ұшырап, ел-кіріптар жағдайға түсетінін де алғаш айтқан Жамбыл еді. Жәкең Сұраншы, Саурыққа сүйсінген. Кенесары, Наурызбайды пір тұтқан.

Енді, қазақтың ұлттық өнері қандай болды, қазақтың айтысы қандай болды, бұрынғы суырып салма ақындар қандай болды деген тұрғыдан келетін болсақ, ол кезде біз үшін әдебиет тарихының мазмұнды беттері түгел жабық жатты. Дәстүрлі әдебиетті тек айтыс арқылы ғана таныдық. Айтыс дегенде, Біржан-Сараның айтысынан басқа айтыс атаулы тағы бүркеулі қалды. Және ол, қалай дегенмен де, әлеуметтік, махаббат айтысы ғой. Ал тарихи тұрғыдан, қазақтық тұрғыдан, ұлттық дәстүрді, ұлттық сананы, көне шежіре, ескі әңгімелерді насихаттайтын айтыстың үлгісі Жамбылда болды. Жамбыл айтысы-қазақтың ежелгі сөз өнерінің озық үлгісі, ол сонысымен қазақтың бұрынғы әдебиетіне, көне эпосына деген көзқарасымызды қалыптастырды. Айналып келгенде, біз Жәкеңнің айтысы арқылы қазақтың ақындық рухын таныдық, Ескіше ойлау жүйесін аңдадық, байырғы тілін бойымызға сіңірдік.

Сонымен, айта берсек, әңгіме таусылмайды. Уақыт бітті деп ескертіп жатыр төраға. Енді, бір ғана пікір. Былтыр ЮНЕСКО шеңберінде Абайды атадық. Ұлы Абайды. Ендігі жылы ЮНЕСКО шеңберінде ұлы Әуезовты атағалы жатырмыз. Ал, осы екі ортада артық болмайтын еді, тиесілі мекемелер жеріне жеткізуі керек еді, қайткенде де, Жәкеңнің тойы ЮНЕСКО аясында өткізілуге тиіс еді. Өйткені, Жамбыл - әлемнің небір дамыған елдері мен халықтары мақтан етіп, тойлап жүрген ірілерімен, алыптармен терезесі тең, өзгеше тұрапатты, дара тұлға, кесек тұлға.

1996 жыл



ЕРЛІК ПЕН ЕЛДІКТІ ӨСИЕТ ЕТКЕН

Жамбыл өлеңдерінің қуаты, құдіреті – оның өрнекті теңеу, ойлы тереңдігінде жатыр. Жыр жауарынан ұлы мұхитты сапырған ұлы жырау жырларын оқыған сайын жаңа кендерге, асыл қазынаға жолығасың.

Сөзден інжу-маржан тізген Жәкеңнің сом-сом жарқыраған саф алтындай қайталанбас ұлы зергерлігіне таңқаласың.

Алдымен ақындық жайлы, сөз өнері туралы не айтады, қалай айтады? Байқап, ой түйіп қараңызшы.

«Аузыңды сөзбен кілттеймін» - дейді Жәкең айтса түскен ақынға. Мұндай тапқыр, ұтқырлыққа қайран қаласың. Кілттеген ауыз қайта ашылмайтыны ежелден ақиқат. Ол кезеңнің айтыскерлері бір ауыз сөзге жығылған, сөз қадірін жоғары бағалаған. Қалың жұрт мұндай кезде ду қошеметтеп, ақынды дүрілдеп қоштап, көтеріп әкеткен.

«Шын қызсам сөзім – жалын, домбырам - найза» - дейді аузымен құс тістеп, бұлттармен тілдескен әулие ақын арғы-бергіні толғай келіп, осылай сілтейді. Өлең – жалынға өртеніп, домбыра найза ұшына түйреліп қаласың дейді. Бір ауыз орамды сөзімен арқыраған қара дауыл тұрғызып, айтыстағы қарсыласын сең соққан балықтай есеңгіретіп тастайды, есін жиғызбайды.

Елім – бейбіт, жерім – құт,

Тілім – шырын, жырым – жент, – деп төгіледі қарт жырау. Елінің бейбіт болуын, жерінің берекелі құт болуы – нағыз бақ пен бақыт қой. Ал, бүгіндер шырылдап жүрген ана тілімізді ең тәтті, ең ләззатты шекер шырынға, жырын жентке теңеуі де қайталанбас құбылыс. Ана тілі - ең тәтті, ең қымбат тіл.

Ұзаққа Жамбыл сілтеді

Өлеңнен ап көкпарды – деп толғайды. Жыр додасында ол ешқашан да «өлеңнен алған көкпарын» ешкімге бермеді. XIX ғасырдың соңынан бастап XX ғасырда да ғұмыр бойы қазақ-қырғыздың бас ақыны атанды. Дәлел керек пе:

Көргенім жоқ өмірде,
Жел сөздің мен тапшысын.

Өлеңім асау теңіздей,
Өрге қарай шапшысын,
Толқындай сөзді сапырып.

Арыстандай ақырып,
Шығайын енді айтысқа.
Нажағайдай сөзімді,
Жарқылдатсам алдыңда.

Есің шығып адасып,
Біле алмассың әкеңнің,
Өлгендігін қай тұста.

Буырқанып, бусанып, асау тұлпардай арындаған ақын:

«Өлеңім алды теңіздей,

Өрге қарай шапшысын» - деп өлеңінен асау теңіз, сұрапыл дауыл туғызады.

Аузын ашса жыр ғауһары төгілген ол ғұмыры өзі кір шалдырмай, тәңіріндей табынып өткен ақындық өнер жайлы жырдан ғажап ескерткіш тұрғызып кетті.



Жамбыл жырау толғанса,
Домбырасын қолға алса,
Пар келтірмес ешкімді.
Сүйінбай ақын ұстазым,
Сөз қанжарын суырып,
Дұшпанға осылай күш қылды.
Жамбыл, Жамбыл болғалы,
Жамбыл атқа қонғалы,
Жеңіліп намыс берген жоқ.
Еңбегім сіңіп еліме,
Ел ішінде еріме,
Сол үшін бағым сөнген жоқ.

Жәкең өзінің ұстазы Сүйінбай ақынды ғұмыр пір тұтып, аса қатты қадірледі. Ұлы ұстазының ақындық атқа қонғалы намысын ешкімге бермей, пар келтірмей, жырдың жарқыраған алдаспаны болғанын айтады.

Жамбыл түркі әлеміндегі, сондай-ақ шығыстың эпос, қисса, дастандарының бәрін дерлік жақсы білген, жасынан ел жұрт алдында таңды-таңға ұрып, мәнерлеп, нақышына келтіріп жырлап беріп отырған. Сол ғажап қисса- дастандардың кейбіреулерін кейде мазмұнын ғана қалдырып, өзінше түрлендіріп, жаңаша жырлап шыққан.

Туған жерін, Отанын әспеттеп, әсерлеп, ерекше ыстық ықыласпен мәнерлеп жырлаған Жәкең былай дейді:

Бұлақты таудан арна ақса,
Теңіз болар аяғы.
Көк жұлдызын қолға ұстап,
Түймесі етіп қадады.



Осыларды мадақтап,
Жамбыл жыры сондықтан,
Көктен күнді шалады,
Күркіреп жерді жарады!
Одағым бақыт ордасы,
Күнге тіккен туым бар.
Одағым маған тіл берді,
Шешен тілге жыр берді,
Бірлескен күнге арнаған,
Міне, осындай жырым бар!

Ұлы ақынның елжандылығы мен отансүйгіштігі ұланғайыр. Оның ғажап шексіз сүйіспеншілігі, шексіз ықыласы – ел-жұртына үлгі-өнеге.

Әсіресе, жау жағадан алған Ұлы Отан соғысы кезіндегі қысылтаяң күндердегі жүзге жақындаған қарт жырау даусы қыран құстай саңқылдап, бүкіл елдің намысын жаныды.

Автоматын кезеніп, сарбаз шықса жауына,

Домбырасын безеніп, Жамбыл шығар жауына – демекші дүр сілкініп, ел қайғысын омыртқасы опырылып, қабырғасы қайысып, қайғыраотырып, намыстарын қайрап, жанып жеңіске үндеді.

Ел намысы дегенде,

Ерлер қашан оянды – деп ержүректілікке, жауды жеңіп, қайтыңдар деп аталық аманатын жырмен арнады.

Түнжыраған күн туды,

Жау қолқаға ұмтылды,

Топыраққа теңемек

Ата мекен жұртыңды,

Аянатын не қалды?

Аяулыңды жау алды!

Ерлер қашан аянды!

Құтты қоныс көкорай –

Еліміздің бағындай;

Ата-баба мұрасы –

Көздің қара-ағындай!

Соларды жау шапқанда

Лауламас кім жалындай?!

Құтты қоныс – ата қоныс, қасиетті бабалар мекені үшін қасық қаны қалғанша жауға берілме, менің асыл қыран – ұландарым деп Алатаудан саңқылдап жар салды, құрыш жігер берді.

Қаһарланса халық шар болаттай бірлігі бекемдене түседі, алдаспандай жарқылдайды, кек оттай лаулайды. Баба сөзі – сарбаз ұлдарына дем береді, алға ұмтылдырады.

Соғыс кезіндегі жауынгерлерді, олардың құрыштай берік намысын қалай дәл суреттейді десеңші:

Адал туған ұлдарым!

Сендерде көз-құлағым.

Елестейді көзіме,

Қатты соғыс кезінде,

Қабағыңнан қар жауып,

Қала бағып тұрғаның.

Соғыс өтіндегі жауынгерлерге атақты батырлардай, аңыздағы қаһармандардай болып, жаудан қайтпас, туған еліне тек жеңіспен орал деп ақ батасын береді, намысқа оранған от-жырын жолдайды.

Ұлы Отан соғысының қаһарлы кезеңіндегі Жамбыл өлеңдерін қан-қасапта жүрген солдаттар да, ауылда

қалған еңбеккерлер де ата батасы, абыз ақсақал өсиеті деп бойларына қуат, ойларына шуақ етті. Алатаудан ұрандаған Жамбыл дауысы Сталинград, Ленинград, Мәскеу және де басқа да қалалары мен елді мекендердегі бүкіл майдан өтіндегі жүрген жауынгерлерді тасболаттай ширықтырды. Шинельдерінің етектері – төсек, жеңдері-жастық болып жүрсеңдер де қиындықтан қайыспандар деді ұлы баба.

Ризамын ерлерім,

Жауға намыс бермедің.

Батырларым ала көр,

Жауға кетсе ел кегін.

Басқан зілден серпілсін!

Қасиетті жерлерің!.. деп ерлікті, елдікті өсиет етті. Жәкең жеңісті көріп кетті. Оның екі ұлы – Алғатай мен Ізтілеу қан майданнан оралмады, қарт жырау осы қасіретті қайыспай көтерді. Даңқы әлемді шарлаған ұлы ақын өз балаларын соғысқа жібермей алып қалуға құдіреті жететін еді. Бірақ «Қарасай, Сұраншы, Саурықтай батыр болыңдар, жауды жеңбей қайтпаңдар» деп өзі қолымен аттандырды. Халықтың қайғы-қасіретімен бірге болды, елге, ерлерге қайтпас қайсар жігер берді.

Ел бірлігін сақтау қиын-қыстау кезеңде елжандылық, рух таныту – халықты серпілту Жамбылдай ұлы ақынның азаматтық ерекше болмысы, ақындығының биік шыңы.

Тәуелсіз елімізде асқақ патриотизм, ел мен жерге деген сүйіспеншілік, асыл құндылықтармызды бағалау бүгінгі күннің де басты мәселесі.

Жамбыл атамыз әлі де ақ күміс сақалы желбіреп, бізге ақ батасын беріп тұр емес пе:

Күллі халық көмегің,

Бақыт күні басында.

Менде жырмен қосылдым,

Жүзге ұласқан жасымда.

Жүз жыл жасап, екі ғасырдың бірдей куәсі болған ақын өз тағдырын туған халқымен тұтастырып, оның бар өмірін, биік мұратын, мұң-мүддесін жырына арқау етті. Дәстүрлі қазақ жырын жаңа заманның талап-тілектеріне ойластыра, жаңарта, жасарта білді.

Отанға, халыққа деген сүйіспеншілік, бір сөзбен айтқанда, ынтымақ, бірлік – Жамбыл шығармаларының негізгі арқауы.

Ұрпағым іздеп келген бақытты жас,

Кімде-кім бірлік бұзса халыққа қас.

Бірліктің берік туы тек ынтымақ,

Өсиетім: сол үшін құшағыңды аш!

Өсиетім: шындықты, адалды сүй,

Ардақтаған халықты, адамды сүй!

Елдің тіккен іргесін игілікке,

Тап бүгінгі бақытты заманды сүй.

Отанды сүй, Отан сүйген көсемді сүй,

Соған айт әдемі жыр, сүйкімді күй! – деп жырлайды.

Жамбыл ақындық өнеріне адалдығын сақтап, ғұмыр бойы жырлаған қайырым-мейірім, туған жерге деген перзенттік махаббат, еңбек, бақытқа құштарлық секілді кемел мұраттарды жырға қосумен болды.

Оның поэзиясы тұнып тұрған ғибрат сөздерден тұрады, тәлімі мол ұшқыр ойға жетелейді. Ол замана туралы толғап, дәуірге сипаттама береді, өтіп жатқан уақиға - құбылыстарға өз бағасын айтады. Жамбыл по-



эзиясында жырауға тән нақылдық, афоризмдік сипат, ойшылдықтың абыздық нұсқалары, сөз өнерінің ерекше құдіреті табылады, нақыл сөз бен ақыл сөз өзара жарыса, қатарласа қолданылады:

Жер байлығы болмаса,
Жерден алтын шығар ма?
Ел қамын ойлар болмаса,
Ерден ақыл шығар ма?
Теңіз терең болмаса,
Түбінен інжу терер ме?
Көгінен күн тумаса,
Жарықты жұрт көрер ме?
Туып, өну болмаса,

Адам өрбіп, өсер ме? – Мұндай жыраулық үлгіде айтылған нақыл сөздер Жамбыл поэзиясында айтарлықтай көп. Олар ақынның әр түрлі шығармаларында құмдағы шашырап жатқан алтындай жарқырап көрінеді. Көре, тере білген кісіге зор қазына, тағылымы мол рухани байлық. Өзінің құрылымы мен ойлылығы жағынан бұл шумақтар Асан қайғының, Бұхар жыраудың толғауларына ұқсас. Мұнда ғасырлар бойы жинақталған өмірлік тәжірибені қорытып, соның негізінде айтылған ойлар ескірмейтін қанатты сөзге, мақал-мәтелге айналып кеткен.

Жамбылдың ғибрат сөздері – үлгі өнеге, тәлім-тәрбие мағынасында қолданылады. Ол атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа тарайтын ұлағатты сөз, пәлсапалық толғам, қанатты тіркестер. Жамбылдың:

«Сөзімнің ғибрат ал сарасынан» - деуі сөз мәдениетінің тәлімдік-тәрбиелілік пәрменін аңғартады.

Асқар тау ғаріп емес пе?
Айдын көлі болмаса.
Ер жігіт ғаріп емес пе –
Белгілі елі болмаса.
Заман ғаріп емес пе –
Әділеттен аттаса.
Халық ғаріп емес пе –
Айтқаны іске аспаса.
Жігіт ғаріп емес пе –
Еңбегі алға баспаса – деп толғанады

Сөзді халық тудырса, оның жақсы үлгілерін кейінгі ұрпаққа құйма құлақ қарттар, тілінен балы тамған шешендер, ойы терең, ақылы дария, қара қылды қақ жарған билер, арқалы ақындар, көргенді көсемдер, атақты әншілер мен ақын-жыраулар жеткізген. Олар халқымыздың көне тарихын, көне мәдениетін ғасырлар бойы сөзбен жазған. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген асыл қағиданы арындай сақтаған. Сөз құдіретін жете түсінген ел еркесі – ақындарды әрқашан да ардақтаған. Олардың асыл сөздерін кейінгі ұрпағына таратып отырған.

Біз афоризмге айналған өлеңдерді Жамбылдың жырларынан көптеп табамыз, қай өлеңін алсақ та мақал-мәтелдей егіз жолдар, тұтас шумақтар жентек-жентегімен кездеседі.

Атаңнан бата ал, балам,
Арғымақ атқа мін, балам,
Абыройға ие бол,
Ағат баспа бір қадам.
Атақ берген атаңа,
Ел қадірін біл, балам!

Ел ерлігі, бірлігі.

Сынға түскен бұл заман!

Жамбыл афоризмдері ұран сөздеріндей естіледі, гимн сөздеріндей қабылданады, халықтың мақал-мәтелдерімен тамырлас келеді.

Мына бір өлеңі де жігерімізді жанып, қайрат береді емес пе:

Ақын деген бір бұлақ-
Көмілер көзін ашпаса.
Көзін ашар көпшілік
Сүйсіне тыңдай қоштаса,
Ер қадірін ер баққан-
Ерлер білер деген сөз.
Зер қадірін зер соққан-
Зергер білер деген сөз.
Өмір барда ескірмес
Бағасы құнды асыл сөз.

Жамбылды «халық поэзиясының алыбы, XX ғасырдың Гомері» деп атады. Бұл – оның ақындық еңбегіне берілген зор баға. Шетелдің алдыңғы қатарлы прогресшіл қайраткерлері мен көрнекті әлем жазушылары Жамбылдың көзі тірісінде де, одан кейін де ақын еңбегін зор құрметпен атады. Шын жүректен шыққан ұлылардың пікір-ойларын зерделеп көрейікші:

«Жамбыл ақыл-ойдың алғыры, өзгеге ұқсамайтын дара, оқшау, бет-бейнелі, аса зор алып тұлға. Оның бір өзі әрі эпик ақын, әрі айтыс ақыны, әрі азаматтық әуеннің де ақыны» - деген Мұхтар Әуезов сөзі Жамбыл тұлғасын бар ұлылығымен, өлмес өміршеңдігімен көрсетіп тұрғандай.

Жамбыл жырларының халықтар жүрегінен өшпес, өлмес орын алуы-оның ұлылығының белгісі. Сондықтан да армян ақыны А.Геворк:

«Сенің жырың – миллионның өз жыры,
Сенің тілің – миллионның өз тілі,
Сенің жырың жатталады
Бүкіл совет елінде.
Мәңгі-мәңгі сақталады
Бақытты Отан төрінде», - деп жазды.

«Жамбыл жүз жасаған адам, соның 85 жылы ақындықпен өтті. Ол әлеуметтік және жеке өміріндегі сөзінің көбін өлеңмен сөйлеген кісі» - (Сәбит Мұқанов).

«Ақын Жамбылдың екі рет туғаны да, түрлі заманда жасағаны да, өмірінің ең соңғы он жылында бүкіл дүние таныған атақ алуы да – феномен. Сирек кездесетін, себебін осы күнге дейін ғылым таба алмай қойған сыр. Әсіресе тоқсан жаспен жүздің арасындағы он жылда ақындық дарынның бұрынғысына қарағанда еселеп шарықтап кетуі дүние жүзілік даналардың өмірінен де кездескен емес. Жәкеңнің тоқсан жасында қайта туғаны феномен болса, ақындығының қайта шырқап кеткендігін Феникс арқылы түсінуге болады» - (Ғабит Мүсірепов).

«Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан сықылды. Оны жинап алып, халқының қолына беру-біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» - (Сәкен Сейфуллин).

«Жамбыл мейілінше күрделі құбылыс. Көпшіліктің көз алдында отырып, өлеңді суырып салу жұрттың айтатынындай, ең жоғары мәртебелі өнер. Жамбыл бір сәттегі ақындық үйлесімділіктің асқақ дарынын бойына жиған кісі. Міне, сондықтан да Жамбылдың сөздері



ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келеді» - (Шыңғыс Айтматов).

Француздың атақты жазушысы Ромен Роллан Жамбылдың 75 жылдық ақындық қызметін тойлау күндерінде: «Батыс Альпінің жүрегінен қазақ халқының және жаңа адам баласының жыршысы, Қазақстан даласының жүрегі Жамбылға туысқандық сәлем жолдаймын», - деген жеделхат жіберген.

«Халқының жарық жұлдызындай ақыны Жамбылға Индия халқынан бауырластық сәлем. Ол өз халқының өмірін терең, толғана жырлаумен заманының ұлы ақыны болып қалады», - деп жазған ұлы үнді жазушысы Рабиндранат Тагор.

Тәжік ақыны Мирзо Турсын-Заде Жамбылдың туғанына 125 жыл толуына арналған кеште сөйлеген сөзінде: «Қазақ халқы ұлы жыршы Жамбылды дүние-

ге келтірді. Оның өлеңдерін оқыған кезде көз алдыға Алатау елестейді. Жамбылдың поэзиясы ғасырлар бойы жасайды, әрқашан да өлмейді. Ең биік шың – адамның жаны, адамның жүрегі, Жамбыл өзінің поэзиясымен бұл шыңға жол таба білді және бұл шыңды бағындырды», - дейді. Иә, мұндай ыстық лебіздер көп, өте көп.

Бұл сөздер – ақын өмірі мен шығармашылығына, оның ғасыр жасаған, ерлікке толы поэзиясына берілген зор баға.

Ұлы ақын жыры - ғасырдан ғасырларға жасай береді.

Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ

ЮНЕСКО қамқорлығындағы Мәдениеттерді жақындастыру орталығының бас ғылыми қызметкері, жазушы

Өлеңді өрнекпен төккен, жырдан ұрық сепкен Жамбыл

Қазақ халқының алдында мол мұра қалдырған, сөз өнерінің кенішті саласын құраған сөз зергерлері жетерлік. Әсіресе, ел тарихында мәңгі қалған яғни, ғасырлармен қанаттасып, дәуірлермен үндесіп, заманымен тілдесіп келе жатқан қазақтың айтыс өнерінің дүлдiлдері аз емес. Сондай дүлдiлдің бірегейі Жамбыл Жабаев.

Жамбыл Жетісудың төрінде жырдың тұнып тұрған, дәуірлеп тұрған шағында туған. Өйткені бұл өңірде Сүйінбай, Майкөт, Бақтыбай, Құлмамбет, Дәурен сал, Қылышбай, Тілеміс, Бармақ, Қарқабат, Әлмейін, Төребай, Өзбек, Нұралы, Мырзабай, Сауытбек, Орақбай, Кенен, Үметәлі секілді ақындар; Кебекбай, Ноғайбай, Бөлтірік тәрізді шешендердің; Ұлбике, Өзипа, Қырмызы, Сара, Мәйке, Әлмен, Айкүміс, Ләтипа, Баян, Жаңылдық сияқты айтулы ақын қыздардың өнері қанат қаққан.

Ақын Жамбылдың жастық шағы жұрттың арқасынан таяқ, төбесінен тоқпақ кетпеген бір жағынан орыс, бір жағынан қоқан қысқан заманмен тұспа-тұс келген. Әсіресе, Қоқан ханы Құдиярдың Жетісу еліне салған лаңы аз болмаған. Оның датқалары елді жаялыққа айналдырып, аузына қақпақ, басына тоқпақ болған. Опасыз шапқыншылықтан әбден ерқашты болып титықтаған қалың жұрт сынаптай сырғып, жөңкілеп көше берген. Азалы шапқыншылықтан ығысып, үдере көшкен сондай бір боранды қыста шешесі Ұлдан ана көш жөнекей түйе үстінде толғатып, болашақ ақын қазіргі Жамбыл облысы, Жамбыл тауының баурайында ызыңдаған ықтырма күркеде дүниеге келгенінің өзі бір тарих болса, ақынның тоқсан жыл бойы жыр төккен дәуірі бір тарих.

Ұлы жүз Шапыраштының ішіндегі Екей Ыстыбай батырдың баласы Жапаның ұлы болып туылып, ісі қазақтың дана жыршысы, ұлы ақыны атанып тоқсан тоғыз жасында дүниеден өткен Жамбылдың өмірнамалық тарихатын бір шағын ғана мақалаға сыйдыра алмасымыз анық. Алайда Жамбыл туралы толығырақ білгіңіз келсе



елімізге белгілі қайраткер, филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбековтың еңбектеріне көз жүгіртсеңіз ақынның бүкіл ғұмырындағы белестерден қалай өткенінен хабардар боласыз. Жалпы Жамбыл жастық шағынан өлең-жырға құштар болып өскен екен. Тіпті ол сонау бала күнінде атақты Бөлтірік шешенге амандасқан. Бөлтірік: «Атың кім балам?» – дегенде, «атым Жамбыл, ата» деп жауап берген. Сонда Бөлтірік шешен оның қолын біраз ұстап тұрып:

–« Атың Жамбыл болса, көкірегің даңғыл болады екен. Тентек емес, текті боларсың. Шырғалаңнан сөз келсе, нағыз шырқаушының өзі боларсың түбі. Көзден, тілден, пәледен сақтасын, пешенеңнен жарылқасын, шырағым!» – деп бата беріп басынан сипаған екен. Бірақ, профессор М.Жолдасбеков өз еңбектерінде жыр



алыбы Жамбылдың өнер сапарында кедергі-тосқыны аз болмағанын айтады. Сол кедергілердің бірі – әкеден. Мысалы өлеңмен шағым айтқан жас Жамбылға, әкесі Жапа:

– «Екейде елу бақсы, сексен ақын» деген сөз де жетер, сен сексен бірінші болмай-ақ қой. Ақынның түбі қайыршылық, бақсының түбі – жын; жын жиып, бақсы болып ел кезгенше, мал бақ! – деп қатал үкім айтқан екен. Алайда, өлең-жырды өміріне серік еткен жас таланттың туған әкеден осылай көңілі қалып, тауы шағылғанмен ол өзінің тұла бойын кернеген өлең жолынан қайтпаған. Қаршадай баланың: «Өлең кірген түсіне, Жөргегінде мен болам» – деуі де содан.

Жамбылдың ақындық жолға түсуінің ең әдепкі адымы өзінің алдындағы белгілі ақындардың өлеңдерін, ел аузындағы өлең-жырларды жаттап айтудан басталады. Жас ақын Жетісу елінің ертедегі салтымен бәдік, жарапазанды да көп айтады. Бірақ, ол ешқашан дін, шариғат жолын үгіттемей, күлдіргі, әзіл-қалжың, өлеңдерді көбірек шығарған. Жарапазанды сылтауратып ақын бірде әйгілі Сүйінбайдың ауылына келіп, Сүйекеңнің үйінің сыртынан ат үстінде өлеңді ағытып қоя береді. Жамбыл ұзақ жырлайды, Сүйінбай жалықпай тыңдайды. Аттан түсіріп Сүйінбай талапкерге оң батасын беріп, үстіне шапан жапқан екен.

Осы асқар Алатаудай ұстазының сынынан сүрінбей өткен бақытты күнінен Жамбыл өзін шын ақын санап, жолы да, өрісі де ашылып, тайсалмай топқа түсе бастаған екен. Мәселен, иесі қазаққа белгілі, атақты Құлманбет ақынмен болған алғашқы айтысы дәлел бола алады.

Әрине, ақын өзінің тоқсан жылдық саналы ғұмырында ел басына төңген сан қилы нәубетті кезеңдерді халқымен бірге бастан өткерді. Оған кешегі кеңестік дәуірдің дүбірі дәлел. Алайда сол кездегі социалистік саясаттың күйесін ұлы ақынға да жағып, қаралайтын-дардың қатары бүгінде көбейіп барады. Олардың сөзіне сенсек Жамбыл ақын кешегі кеңестік дәуірді мадақтаған, коммунистердің көсемдерін мақтаған болып шығады. Сонда дәлелі мен дерегі жоқ құр алақан азаматтарға мұндай пікір қайдан туып жүр? Әлде, «еріккен жандардың езу көпіртер ермегі ме екен?».

Егер Жамбыл бабамыз сарай ақыны болса үлде мен бүлдеге әлдеқашан оранып отырмас па еді?

Өтірікті сүймедім,

Дүние үшін күймедім.

Алтынына біреудің,

Жолда жатса тимедім, – дейді бабамыз Жамбыл.

Және қараңыз сол заманның небір ірі тұлғалары Жамбылдың ақындығына, адалдығына әділ баға беріп, оның кісілігі мен ұлылығына шын тәнті болған. Қарап тұрсаңыз, Жамбылға өтірік қошемет көрсетіп, жалған сөйлейтін кісілер емес.

Мысалы М.Әуезов жамбылды: «Ақыл-ойдың алғыры» десе, С.Сейфуллин: «Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан сықылды» дейді. Ал Т.Рысқұлов: «Жамбыл қай заманда болса да шындықты айта білді. Сол үшін оны халық жақсы көреді» деп жазды.

Міне, ақиқаты осында. Ол қашан да шындықты айта білгенінде. Демек Жамбыл совет өкіметі тұсында тек көсемдерді, совет заманын дәріптеп, мақтаумен өтті

дегендердікі өтірік. Мысалы, сол кеңестік билік қазақ байларын тәркілеп жатқан кезде Жамбыл өзінің үлкен өкімет бауырына айтқаны ащы шындық, және айтқаны дәл келді. Не деді Жамбыл атамыз? Ол айтты:

Шырағым тауға қарай домаладың,

Байларды кәмпескелеп, тонап алдың.

Байларды кәмпескелеп, тонап берсең,

Кедейдің жеп қаларсың жомалағын – дегені дәлме-дәл келді. Өйткені, кәмпескенің артынша қолдан әдейі ұйымдастырылған ұлы ашаршылықтан халықтың жартысы қырылды. Бұл тарихи дәлел.

Ал Сталинге айтқан тағы мына сөзінің астарында талай сыр жатқан жоқ па ұға білген жан үшін: «Демегенді дегізген, жемегенді жегізген» деп басталатын дастанында. Демегенді дегізген дегені – Алаш арыстары мен ұлт зиялыларын арандатқанын, жемегенді жегізген – дегені аты құрығыр зұлмат ашаршылықты меңзеп отырған жоқ па? Өкінішке орай әлгі теріс пікірдегі кей данышпандар ақынның бұл дүниелеріне тереңдеп үңілгісі келмейді. Бірақ дерегі жоқ, не халыққа берері жоқ пікір айтқанда алдына жан салмайды. Сонда олар бұндай пікірді қайдан саналарына сіңіріп жүр? Әлде сананың мүкістігі ме? Қазақ кез-келген бабасына сыйынбайды ғой. Артында сөз қалдырған, із қалдырған бабасына сыйынады. Жамбыл бабамыз ел ардақтаған абыз ақсақал. Кезінде қазақ баспасөзінің баһадүрі Ш.Мұртаза: «Жарықтық Жамбыл – Жәкеміздің жолбарысы бар екені рас-ау. Оны бұл дүниеден өтерінде өзі де айтқан ғой. Үлкен баласына: – Тезекбай, қамдана бер, менің жолбарысым маған қарамай, тау жақа кетіп қалды. Кешікпей мен де кететін шығармын, – деп еді-ау. Тоқсан, асқанда Сталинді мақтау керек болды. Жағдай солай еді. Тапсырма солай еді. Мақтауын мақтады. Шын түсінген адамға ол мақтау емес еді» деп жазды өзінің «бір кем» дүниесінде.

Ал бұрынғы Әулиеата жері Жамбыл болып өзгергеніне де төрелік айтатын адамдар көп екенін былтырғы жылғы даудан аңғарғаным бар. Тіпті олар өңірдің ескі атауын қайта беруді ашық айтып та жүр. Ол атауды ақын Сталиннен сұрап алған жоқ ғой!? Жамбылдың есімін берудің өзінің тарихы бар. Бұл туралы Кенен Әзербай: «1936 жылы Мәскеуде өткен Қазақ ССР-і өнер мен әдебиетінің онкүндігінде Жәкең мен С.Сейфуллин екеуі ең жоғары құрмет – Ленин орденімен марапатталды. Елге келген соң Әулиеата қаласын Жамбылдың атымен атау туралы үкімет қаулы алды. Бәріміз Жәкеңді құттықтауға асығып, үйіне бардық. – Әй, не боп қалды? – деп Жәкең бізді онша жақтырмады. – Сіздің атыңызды Әулиеата қаласына беріпті, – деп едік, шал төмен қарап, үндемей отырып қалды. Әлден соң басын жоғары көтеріп, ренішті кейіпте: – Ә-ә-әй, мыналар менің атағымды Әулиеатадан неге жоғары көтеріп жіберді екен? – деп кемсеңдеп жылады. Біз не дерімізді білмей сасып қалдық. Басын төмен иіп, ұзақ үнсіз отырды. Бір кезде көз жасын орамалмен сүртіп: – Бұлардың Әулиеата атын алып, менің атымды беруі қалай? Оның қасында мен кіммін? Кешір айналайын, Алла тағалам, – деді екі иінін ауыр таныстап. Бұл үкімет Алла тағаламен санаспайды екен. Мен келіспеймін, кешір Алла тағалам, – деп ешкіммен сөйлеспей, төсегіне қисайып жатып қалды Жәкең» деп еске алады композитор. Өлеңді өрнектеп төккен, жырдаң ұрық сепкен



ұлы жырау, ақын Жамбылдың көңіл-күйі жоғарыдағыдай жағдайда болған екен. Жоғарыдағы естелік «Жамбылды қаланың атын сұрап алғандай» көретін бүгінгі кей кісілердің есіне салып қойғанға таптырмас дүние. Жәкеңнің ұзақ өмірінде жәй сөзінен жырлап өткен күні көп болған. Сол кездегі қаламы жүйрік хатшылар қарт жыраудың көп жырларын хатқа түсіріп үлгермеген. Бар өкініш – сол асыл мұралар хатқа түгел түспегені. Бұл жөнінде Ғабит Мүсіреповтың: «Ұлы Абайдың құрдасы, көзі тірісінде Гомер атанған алып атамыз Жамбыл дүниеге екі рет туып келген адам: тоғыз ай, тоғыз күн ана құрсағынан туды, тоқсан жасқа келгенде заман құрсағынан тағы бір туды. Қазақтың Гомерін туғызу үшін заман тоқсан жыл толғатты. Бірінші туғанда ана бесігінде өсті, екінші туғанда Отан бесігінде өсті. Ақын Жамбылдың екі рет туғаны да, түрлі заманда жасағаны да, өмірінің ең соңғы он жылында бүкіл дүние таныған

атақ алуы да – феномен, сирек кездесетін, себебін осы күнге дейін ғылым таба алмай қойған сыр» – деп жазуы жай сөз емес.

Иә, ұлы ақынның ашылмаған сырлары мен қырлары әлі де жетерлік. Алдағы уақытта бұл сыр сандықты ашатын жас ұрпақ келер деген үмітпен ойдың орамына, қаламның ұшына оралып тұрып алған әфсанамызды аяқтаймын. Былтыр Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толса, биыл Жамбыл Жабаевтың туғанына дәл 175 жыл толып отыр.

Мадияр ЕРАЛЫҰЛЫ

*Қазақстан журналистер
одағының мүшесі, Шерхан Мұртаза атындағы
«Руханият және тарихтану» орталығының
ғылыми қызметкері*

Әлемді Қазақ рухына табындырған – Димаш салған «Самалтау» – кімнің әні?

Биыл ғана АҚШ-тың жаңа сайланған Президенті Джо Байденнің Таққа отыру рәсімінің салтанатты ашылуына бүкіл тарихымызда тұңғыш рет қазақ баласының қатысу құрметіне ие болуы -біздің Димаштай алтын баламыздың үлесіне тигендігіне қалайша мақтанбасқа? Өздерін Дүние жүзінің қожасы санайтын алпауыт АҚШ-тың халқы да, жаңа сайланған Президенті де , өзіміздің ежелден бауырбасты ауылдастарымыз «қағынан жеріген құландай», бізге дөңайбат көрсетіп, адамның зығырданын қайнататын қоқан-лоққыларын жасап отырған заманда ,Жер шарының екінші бір жағында, мұхиттың ар жағында жатып-ақ, Қазақ халқына деген шынайы достық пейілін көрсетіп, әніне, өнеріне, әншісіне деген қызығушылығын танытып жатқаны-- біздің елге достық қарым-қатынас жасауға деген ынталылығын көрсеткені ғой. Джо Байденнің саясатының айқындығы , мұсылман елдерімен достық арқылы әлемге деген өздерінің жылуар қарым-қатынасын енгізетіндігін көрсетті. Мұның айғағы сол - алғашқы қызметке отырған күні-ақ Трамптың 17-шешімінің көзін жойып, бейбітшіл саясатты көздейтіндігін тағы да дәлелдеді: олар-ливиялық босқындарға Америкаға емін-еркін келуге еркіндік және пана беру, мұсылман елдеріне деген «экстремист» деген жаланы алып тастау, т.б. көптеген осындай игі жарлықтарға қол қоюы болды. Онымен қоймай, өзінің үнемі қасында жүретін хаттама бөлімінің басшылығына -біздің Жамбыл облысы, Талас ауданының тумасы, қазақ қызы-Әсел Төленованы (Робертс) тағайындады. Қазақ халқына деген мұндай шынайы ықыласының астарында терең саясат-қазіргі түркі әлеміндегі ең беделді, әлеуеті зор, барлық мемлекеттермен достық қарым-қатынасты берік сақтап, Америкамен ұзақ жылдардан бергі сенімді әріптес болып отырған Қазақстанмен дұрыс қатынас жасауды ұстанған саясат жатқанын да аңғаруға болады. Әрине, бұл жерде еліміздің Президенті Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың да мығым саясатының оң жемісі бар екендігі айдан анық қой! Иә, ләйім солай болғай!

Жә, сонымен, ешкімді менсіне қоймайтын алпауыт Америка халқын, оның Президентін өзіне ынтықтырған -қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдыз-**Димаш баламыздың бүкіл әлемді аузына қаратып тамсандырған, халық әні атанған «Самалтау» әні- кімнің әні? Табиғаттың бүкіл тылсым үндерін өзінің қуыс шанағына сидырған қобыз күйі-кімнің күйі?**

Бір тыңдағаннан құлақтан кіріп бойды алатын, жамбылдың мәңгі қалып қоятын, елдің ұлтына, руына қарамай-ақ әрбір адамның жүрегін тебіртетін, бұл әнді Сарысу ауданының көнекөз, кәріқұлақ қариялары, үш жүздің азаматтары- атап айтқанда, Ұлы жүз қоралас Кенжебайдың Әбдірахманы, орта жүз-алсай Әлжан-ның Шәмшілдасы, кіші жүз Тама-есентай Жақыпбектің Сердалысы, Бестібегі, шажа Әйнектің Алдабергелі, кедей Сырғабайдың Ақбергелі, шақа Отыншының Байманы, алшын Әбдірахманның Укашасы сияқты әке-ағаларымыздың тереңнен толғап, аспандата арындатып салғандарын бала кезімізде талай есіткен едік. Кейінгі уақытта бұл әнді айтатын қариялар өмірден өтіп кеткен соң, жас өнерпаздар жеңіл-желпі әндерге әуестеніп, ұлттық асыл өнеріміз ұмытыла бастағандай болып еді. Осыдан біраз жыл бұрын, бір күні Жамбыл облысының белгілі өнерпазы , өткен жылы ғана аты өшкір індеттің құрбаны болған, жігіттің төресі - **Көпжасар Арынұлы** марқұм, ойда жоқта жолығысып қалып, менен сүйінші сұрағандай қылып, «Сәке, мен Сіздің елдің керемет бір әнін үйреніп, елге жеткізіп жүрмін, авторы **Сапалай** деген кісі екен, кезінде «халық жауы» болып ұсталып, атылып кеткен екен. Мен Сіздің ағаңыз **Тілепберген Маманов** қариядан Сапалай деген кісі жайлы естіп біліп, осы кісіден әнін үйреніп алған едім» деп, «Самалтауға» арқырата салған кезінде, көңлім толқып, көзіме қалай жас келіп қалғанын байқамадым. Сонымен, жоғалған жауһарды Көпжасар сері көп жылдан соң, жарқ еткізіп жарыққа қайта шығарды. Бұл азамат көрші Талас ауданының тумасы, елі шапырашты - Сарысу ауданында біраз жыл аудандық мәдениет бөлімін



басқарып жүріп, осы елден шыққан өнерпаздар: Гаухар Қаспакова, Айгүл Мақашева, Бейбіт Сейдуалиева т.б. біраз жастарды баулып, қанаттандырып, үлкен өнерге жол көрсетіп берген еді. Осы Көпжасар марқұмнан үйреніп алып, халыққа «Сапалайдың әні- Самалтау» деп, таратып жүрген тағы бір таластық азамат елі-қоралас Сырғабек Айтбай. Бұл Сырғабектің де бірнеше шәкірттері бар, соларға ол «Самалтауды» Сапалайдың әні деп үйретіп, марқұмның атын өшірмей, қайта тірілтіп жүргеніне мың да бір алғыс!

«Самалтау» әнін қалың көпшілік қазақ елі бұрын теледидар, радио арқылы Бекболат Тілеуханның аузынан тыңдаған болсақ, енді оны кейінгі уақытта Димаш Құдайберген салып, бұл әнді мүлдем құлпыртып, әруақтандырып, әлемге әйгі етіп, аспанға шарықтатып жіберді.

«Самалтау» әні жайлы мамандар не дейді?

Жақсыға кім ие болғысы келмейді, «халық әні» дегенді білген соң, «Самалтау» жайлы әркім әртүрлі пікір айтып, әркім өздеріне қарай көрпенің шетін тартпақ ниеттерін де көрсетті. Сол айтылғандардың ішінде фольклортанушы-ғалым **Берік Жүсіповтың** жазған мақаласы өте көңілге қонымды, шындықты жазып отыр. Бұл ән -Сарысу өңірінен шыққан аса керемет талант иесі **Сапалай Исатайұлының әні** екендігін ғалым жеріне жеткізе дәлелдеп берді. Шындықты айғақтайтын бірнеше тарихи деректерді мен де келтірейін. Енді осы әннің Сапалайдікі екенін айғақтайтын менде тағы мынадай дәлел бар, ол **Сапалайдың көпшілік ел біле бермейтін «Қос өрік» әнінің қайырмасындағы:**

«Жан қалтамда-қос өрік,
Сәулем, саған мен серік,
Сен есіме түскенде-
Жүре алмаймын теңселіп» деген қайырмасының мақамы да, буын ырғағы да
«Атты емеспіз-жаяуымыз,
Жаяудан да баяуымыз,
Он бес күндей жүргенде
Омбы жаққа -таяуымыз» деген мақамымен бірдей шығып тұр. Сол сияқты «Мұхида-Шайбан» әнінің да, осы «Самалтаудың» егізінің сыңарындай екендігі.

Осы ән жайлы әлеужеліде қызутартыс жүріп жатқан кезде белгілі өнертанушы- профессор, Қазақстан мен Қырғызстанның қайраткері Илия Жақанов ағамыздан пікірін сұрадым, ол кісі бірден; « Бұл әннің ешқандай Шығыстың да, Батыстың да, Жетісудың да әні емес, сөзсіз Арқаның әні екендігін, бірақ не Ақан серінің, не Біржан салдың, не Сегіз серінің, не Ыбырайдың, не Жаяу Мұсаның әндерінің ешқайсысына келмейтіндігін, олай болса, бұл ән сол Сапалайдікі екендігіне келісіп, Сарысудан шыққан тағы бір мықты әнші -композитор, өзі ақын Мүсәйіп әжі Байтілеуұлы деген кісі болған, бірақ, ол кісінің әндерінің мақамы бөлек, марш іспетті, сондықтан, сенің пікіріңе қосыламын» дей келіп, өзінің жасы біразға келіп қалғандығын, денсаулығының да сыр беріп жүргендігін, Сапалай, Мүсәйіп тәрізді теңдесі жоқ ірі таланттардың еңбектерін талмай іздеп, жарыққа шығарудың кезі келгендігін, бірақ өзінің шаршағандығын айта келіп, ендігі уақытта соңымыздан

келе жатқан ізбасарларым сендердің міндеттерің»- деген еді маған; өткен 2019 жылдың күз уақытында, Тараз қаласында Оразалы Телеуовтың үйінде отырып, сұқбаттасқанымызда. Шындығында, өнертанушы Илия ағамыздың талдауындағыдай, бұл әннің Арқаның әнші-серілерінің әндеріне келе қоймайтындығын, Сапалайдың әндерінде орыс әндерінің (частушка, романс) мақамдары байқалатындығын атап айтуға болады. Демек, Сапалайдың жас кезінде орыстардың арасында болғандығы, солардан орысша тіл үйреніп қана қоймай, қазақтың әндеріне орыстық мақамды жарастықты енгізуінің өзі қазақ әндеріне қосқан ірі жаңашылдығы деуге де болар. Илия ағамыздың Сапалай туралы жазған зерттеу мақалаларын «ҚАРАХАН» журналының 2020 жылғы №3 санында жариялаған болатынбыз, сонда қазақтың белгілі әншісі Рабиға Есімжанованың орындауындағы Сапалайдың «Сәулем-ай», «Үрия-ай», «Кебек» тағы басқа да әндерінің Қазақ радиосының алтын қорында сақтаулы екендігін, бірақ олардың бәрі «халық әні» аталып кеткендігін, енді алдағы уақытта «қын түбінде алтын кез жатпайтынындай», қызыл террордың құрбаны болған -халықтың аяулы асылдарының атын ақтап, өзіне тиесілі шығармаларын өзінің атына қайтарып беріп, халқымен қайта қауыштыру- ендігі жерде сендердің міндеттерің»деп, қайталап айтып, маған үміт артып, үлкен міндет жүктеп, ағалық ақ батасын берген еді.

САПАЛАЙ

Біріншіден, Сапалай Исатайұлы ойдан шығарылған аңыз кейіпкері емес, шын өмірде болған адам.

Сәкен Сейфуллин өзінің «Көкшетау» поэма-сының кіріспесінде Сапалайдың өнеріне зор баға берген, ел ішінде аралас-құралас жолдас болған. Атақты Бауыржан Момышұлы өзінің еңбек жолын 1928 жылы Сарысу ауданынан Кентаралдағы Өксікбай байдың ағаш үйінде мектеп мұғалімі болып бастағандығын біз бұрын республикаға тарайтын «Қарахан» журналында, Жамбыл облыстық «Арай» газетінде жазғанбыз. Міне, сол Баукең өзінің «Айтылмаған ақиқат» деген шығармасында Сапалайдың әкесі Исатай -Тама елінің белгілі тұлғаларының бірі болғандығын, аудан құрылып жатқан кезде Совет үкіметіне мойынұсынбай, ашық наразылығын байқатқанын, Сапалайдың да орысша сауаты барлығын, Советке деген пейілі онша еместігін атап көрсетеді. Қызылдардың шектен тыс әсіре қызыл кеудемсоқ саясатын мойындамай, өздерімен замандас болған Арқаның өнерпаз сал-серілері сияқты еркіндікті аңсаған ниеттерін көрсеткен.

Сапалай да «Созақ көтерілісінің» белсенді мүшесінің бірі ретінде ұсталып, 1930 жылы 25 мамырда «үштіктің» шешімімен атылды» деген дерек



бар. Алайда, осы деректерді анықтау барысында, Сапалайдың көзі тірі туыстарын іздеп таптым, елі қырықбойдақ, Сапалаймен аталас туысы, Сарысу ауданының белгілі азаматының бірі - **Сармантай ұлы Әбдібай** біраз мәліметтерге қарық қылды. «Ақ жол» газетінің 02.02.21 күнгі нөміріндегі С.Әбсадықұлының мақаласында айтылғандай, «Сапалайдың Байбосын, Бекбосын деген шонжар аталары болмаған», дей келіп, оның ата-тегін Сармантай ұлы Әбдібай төмендегіше өреді: Тамадан Әліп, Жөгі. Жөгіден - Жәнеке, Тыныс. Тыныстан - Найманбай, Шоқай, Түктіғұрт. Найманбай (қырықбойдақ) - дан Жандыбай - Жақсылық - Бұланбай, Күлембай. Күлембайдан - Исатай, Мәдібек.

Исатайдан - Әбдіғали, Исахан, Рысқұлбек, Сапалай, Күзембай, Күланда, Ескермес, Мырзағали, Тиінбай, Рәмеш. Осылардың ішінен Рәмештен ғана бір ұл - 1936 жылғы Серік деген бала қалған. Серіктің әйелі Бимағамбет қызы Рыстай - 1943 жылғы, қазір Жаңатас қаласында тұрады. Бұл кісілерден - Әлмұхамбет, Әлимаш, Әсия, Әлеухан, Әуесхан, Шоқан, Әмірхан, Жеңісбек, Алтыншаш, Амангелді деген балалары өсіп-өріген. Алайда, Сапалайдың таланты мен өнері бұларға дари қоймаған тәрізді. Тіпті аталарының қандай әндері бар екендігін де онша жақсы білмейтін болып шықты. Серіктің өзімен тікелей жолығып сөйлесе алмадым, Астанадағы баласының қолына емделуге кеткен екен, ол кісінің де жасы 85-ке келіп қалған кісі, шаруа адам. Әбдібай Сармантайұлының айтуынша, Сапалай ату кезінде құдай сақтап, тірі қалып, өліктерді үйіп тастаған терең жардан қашып шығып, кейінгі 1950 жылдарға дейін Өзбекстанда жасырын атпен күн көріп жүріпті-міс. Сол 1953 жылы болуы керек, Өзбекстанға іс сапарға барған қарағандылық бір-екі азамат өзбектердің арасында жүрген бір қазақты жолықтырады, ол қазақ бауырларын көргендей қуанып, үйіне алып барып, қонақ қылып, өзінің **атақты Сапалай сал болғандығын**, үкіметтің құрығынан қорқып, өзбектерді паналап жүргенін, «елге қайтсаңдар, Сарысудағы ағайындарыма хабар берерсіңдер» деп, сәлем айтады. Сарысудағы ағайындардың ішінен біраз жарамдылары іздеу салғанымен, кейін із-түзсіз хабарсыз кеткен екен» деген мәліметке куә болдым. Қалай болғанда да, тірі болса «аман ердің аты шығар» деп, ендігі бір хабары болар еді ғой, ...Халқымыз асылдарынан осылай айырылды ғой, әттең!

Рас, Исатай - Сарысу ауданы құрылғанға дейін Қырық бойдақ елінің «Үш абыз болысының» кедей таптан сайланған болысы болғандығын ұрпақтары - Серіктің балалары: «Біз болыстың ұрпағымыз» - деп, мақтан етіп айтады.

Елдің зарын зарлаған Сапалай – «халық жауы» атанды

Сол дүрбелең жылдардың алдында ғана 1925 жылы Қазақстанға басшы болып келген Ф.И.Голощекин 1927 жылдың басынан Сталинге - «Қазақтар-малы көп, өздері сауатсыз, Совет үкіметінің саясатын түсінбейді, оларды бағындыру өте қиын, өйткені, бір орында тұрақтап тұрмай, беттері ауған жаққа көшіп жүре береді, бұлардың малдарын тартып алып, өздеріне егін ектіру үшін жаппай отырықшыландыруымыз керек. Осы мақсатта Қазақстанда «Кіші Қазан» революциясын жүргізуіме рұқсат етіңіз!» деген мазмұнда хат жазып, оған Сталиннен рұқсат алады. 1927 жылдың 15-23 қарашасы арасында VI-Бүкілқазақтық партия конференциясын өткізіп, онда «Байларды күштеп тәркілеу жайлы» қаулы қабылдады. 1928 жылы аудан құрылысымен, ірі байлар мен құлақтарды кәмпескелеу басталған, сол кәмпескенің кезінде бұрынғы болыс болғандардың да малдары тәркіге түскен, әйтпесе, Исатай соншама аты шыққан бай болмаса да, тәркілеуге ілініп кеткен ғой. Сондай-ақ, қарапайым халықтың өзіне санаға симайтын әртүрлі алым-салықтарды үйіп-төгіп салып, қыс ішінде мемлекетке жүн тапсыру, ет салығы, аң терісі салығы сияқты салықтарды адам миына симайтын мөлшерде салдырған, ол үшін халық қолындағы азын аулақ малының қыс ішінде жүнін қырқып, малы жоқтар киіз үйінің түндігін түтіп, жүн қылып, қолындағы бар малдарын етке өткізуге, иттерін атып, терісін аң терісі орнына өткізуге мәжбүр болған. Мұның аяғы барып, халықтың жаппай ашаршылыққа ұшырауына, қақаған қыс ішінде жай-күйінен, баспанасынан айырылып, жаппай отырықшыландыруды зорлап жүргізуге әкелген. «Арқада қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар?» дегендей, бұл жағдай - халықтың жалпы наразылығын тудырған, соншама қиыншылықтың нәтижесі келіп, тарихта «Созақ көтерілісі» деп аталып кеткен Сарысу мен Созақ аудандарындағы халықтың көтерілуіне мәжбүр еткен. Аталмыш тарихи оқиғаны тарихшы-ғалым Талас Омарбеков «Зобалаң» атты шығармасында толық жазған. Сондай-ақ, Тұрсын Жұртбай, Әбдірахман Омбаев, Өтеш Қырғызбаев, Бекет Тұрғараев сияқты ірі қоғам қайраткерлері, көптеген жазушылар, ғалымдар, журналистермен қатар, осы жолдардың авторының да үшбұтақырыпқа жазған мақалалары бірнеше рет «Қарахан» журналына шыққан. Көтеріліс 1930 жылдың Сарысуда қаңтардың 10-ында, Созақта ақпанының 7-інен 8-іне қараған түні басталып, бас-аяғы үш аптаға жетпей, Өлкелік Партия комитетінің арнайы өкілі Мұқатай Егімбаев басқарған орталықтан арнайы алдырған мұздай қаруланған 300-атты әскердің күшімен басып-жаншылады. Екі ауданның адамдарының қатарынан 500-ге тарта кісі осы «көтеріліске қатысты» деген айып тағылып, олардың ұрпақтарына дейін сүйектеріне таңба басқандай қорлайтын «аллаһушылар» деген ат қойылып, өмір бойы қыспақта болды.



«Самалтау» – Сапалайдың әні екені анық

Сонымен, «Самалтау» қалайша Сапалайдың әні дейсіз ғой, соны талдап көрейін. Әннің атының өзі – «Самалтау», ал мұндай жер атын Қазақстанның географиялық картасынан кездестірген жоқсыз, алайда, Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуінде» 1918 жылы Ақмола совдепін ақтар басып алған соң, Атаман Анненковтың «Азап вагонына» айдап бара жатқан жолда Бәкен Серікбаев өзінің жолдастарына:

«Атты емеспіз, жаяумыз,
Жаяудан да баяумыз,
Аязынан Арқаның өлуге де таяумыз.
Беу, Самалтау, салқын-самал жерім-ай,
Сағындым, сені елім-ай,
Көрем бе тірі жерімді-ай», деп басындағы мұңын шағып хат жазған ғой.

«Сарыарқаның бүкіл ұзынынан ұзақ бойы түгел-самалы есіп тұратын жанға рахат жайлау ғой, сондықтан да автор өзінің кіндік қаны тамған Құлы-Мұңлы тауын ғана әнге қоспай, бүкіл Сарыарқаның тауларын қысқаша «Самалтау» деп атаған» дейді көнекөз тарихшы қария, Жаңаарқалық Жақсыбай Сүлейменов.

Енді әннің сөзінің мағынасына келсек, шығу тарихына тікелей байланысты екендігі көрінеді. Өлеңде Димаш пен Бекболат айтуында, мынадай деректі сөздері бар- «Жасым бар қос мүшелде-жылым Сиыр» деген, сондай-ақ «Осынау әнге салдырған-он алтының зары еді» дейді. Сонымен, Қос мүшелдегі жігіт-жиырма бестегі сақа жігіт емес пе? Ондай жігіт әскерге алынуына неге қайғырып, зарланады, өзімнің анам Ақан Илиясқызы да жап-жақсы әнші болатын, бұл әнді мен бала кезімде анам : «Жасым бар он бестегі -жылым сиыр» деп айтқаны есімде қалыпты, сонда 1916 жылы -он бестегі жігіт-сиыр жылғы болып шығатыны анық. Енді осы жасына қарап, анықтайық. Жоғарыда айттым ғой менің әкем -Досекең марқұм Сапекеңмен қатар құрдас, жастық шағында қатар жүрген жолдастар болған. Әкем-1902 жылғы, жылы-барыс болатын, демек, менің әкем бір жасы кіші-он төртте болған. Рас, Сапалай жайлы анықтамаларда, архив құжаттарында, ол кісі 1894 жылы туған, 1930 жылы 25 мамырда атылған» деп, көрсетілген. Олай жасын өсіріп жазу-жаңағы 1916 жылғы Ақпатшаның бұйрығына сай жазылғандығының айғағы, осылайша менің де әкемнің құжаттарындағы туған жылы сол 1894 болып жазылған. Сондықтан, бұл ән әскерге жасы толмаған, әлі ата-анасының қасынан алысқа шықпаған, бұлғақтаған бозбаланың азапты жолда жабырқап шығарған әні екендігі айдан-анық көрініп тұр.

Айтпақшы, жаңағы 1930 жылғы 25 мамыр күні «үштіктің» шешімімен қазақтың тағы бір тамаша талантты өнерпазы, өзі палуан, өзі сері, өзі әнші-сазгер, «Бір түнде сегіз қызды алып қаштым...», «қыпшақтың бар қатыны жиналып, ұл тапса да, бәрі бір Иманжүсіп бола алмайды» дейтін Иманжүсіп Құтпанұлының да -1895 жылғы атылғандығы жайлы жазылған мәлімет бар. (Т.Омарбеков, «Зобалаң», Алматы 1994 жыл).

«Самалтау» әнінің шығу тарихы жайлы шындық

Тағы бір дәлел келтірейін, 1978-1983 жылдары мен Жаңатас қалалық партия комитетінде қызмет жасап, Мырзамбетов Шәкіжан ағамызбен көрші тұрдым, бұл кісінің әкесі Мырзамбетов Рақымжан деген кісі Сарысу ауданының алғашқы ұйымдастырушыларының бірі, руы-қырықбойдақ, менің әкемнің жақын досы болған екен. Ол жәйді мен осы Шәкіжан ағаның анасы керей Әбдірқызы Балайым анамыздан естідім. Апамыз сол уақытта жасы сексенге келіп қалса да реңі қайтпаған, өте көркем кісі еді. Дауысы да керемет, Арқаның әндерін, әсіресе Сапалайдың әндерін керемет айтатын. Сапалайдың: «Екі айна», «Сәулем-ай», «Гүлдерайым», «Қос өрік», «Мұхида-Шайбан», «Самалтау» әндерін керемет нәшіне келтіре айтатын. Сапалайдың атын тіке атамай, «Сары бала»-деп ат қойған екен қайынысына. Сол апамыз Сапекең жайлы көп әңгіме білуші еді, дегенмен, әбден шошып қалған, ол кісінің атын тіпті өзі қойған атымен атауға да қорқатын. Тек қана айтатыны- «Сары баланың жөні бөлек еді ғой, оның салған әндерін бүкіл ел айтушы еді, кейін «халық жауы» болып ұсталған соң, оның атын да атауға, әндерін де айтуға тиым салынды. Кейін әндерін әртістердің айтуынан естіп жүрдік, бірақ «халық әні» дейді. Мейлі ғой, марқұмның өзі жоқ болса да әндері халықтың жүрегінде қалды ғой, деп мұңаятын еді. **Айтпақшы, жаңағы әнді шығару тарихы былай болыпты:** Сапекең жас кезінен -ақ жүйрік мініп, салдарша киініп, ел-елді аралап жүріп ән салып, серілік құрып жүргенде көрші тоқа елінің бір көркем қызымен көңіл жарастырыпты. Ол қыздың атастырылып, қалыңы беріліп қойған жігіті бар болып шығыпты. Әңгіме атастырылған жігіттің шонжар әкесінің құлағына жетіп, бозбала Сапалайды қаматып, Итжеккенге айдатпақшы болады, Итжеккенге кетсе, жас бозбаланың қаторғаға шыдамай, ол жақтан қайтып келмейтінін біліп, Исатай әкесі ара түсіп жүріп баласын соттатпай, жасы толмаса да жасын өсіріп жазып, жазым болып өлсе де, ең болмаса өлігін алармын, Итжеккенге кетсе өлігін қайдан табармын» деген оймен әскерге жібертіпті.

1916 жылы Ақпатшаның жарлығымен қазақ жігіттерін жастары толмағандарын үлкейтіп, жастары қырық үштен асып кеткендерді жасартып жазып, әскерге алдырып, окоп қаздыруға жіберілгендігін тарихтан білеміз ғой, сөйтіп амалдап, Сапалай әскерге жібертіліпті. Әскерге алынғанда Омбыға жаяу айдап апарған ғой, «Атты емеспіз- жаяумыз, жаяудан да баяумыз, он бес күндей жүргенде Омбы жаққа таяумыз» деген сөздің өзінде жердің мөлшері-Сарысу бойынан Омбыға дейінгі аралық қой. Кейбір жігіттердің айтуынша «Самалтау Алтай жақта» дегендері мүлдем шындыққа жанаспайды, өйткені, Алтайдан Омбыға дейінгі аралықты он бес күнде емес, жаяу жарты жыл жүріп өтер.

Жуырда **«Жас алаш» газетіне Серікбол Хасан** деген жігіттің осы тақырыпта жазылған мақаласы жарияланды. Ол жігіттің және жазуында «Самалтау-Қаратаудың бір сілемі, Шолақтау деген тау» деп тұжырымдайды. Рас, Шолақтау-самалы ескен, жазғы жайлауға ыңғайлы өте бір көрікті жер екені анық. Алайда, өзіміз сол аймақта



туып, өсіп жүріп, Шолақтаудың ешуақта Самалтау аталғанын естімеппіз. Оның үстіне әннің шыққан уақыты 1916 жыл болса, одан соң Қаратаудан жаяу шығып, 100 шақырымнан соң Таластан өтіп, тағы 100 шақырымнан соң Шудан, енді 250 шақырымнан соң Бетпақтан ең төте жол «Жанайдың жаңғыз аяғымен» жүрген күннің өзінде Жаңа арқаға, одан 300 шақырымнан соң 10-мыңа жеткенше екі айдан кем емес уақыт кететіні даусыз ғой. Оған қоса, Сарысу ауданы 1928 жылы құрылып, халқы босқын болып, адамдары алыс та ауыр азапты жолда, ашаршылықтан қырылып, 1919 жылғы халық санағында 36 мыңнан асатын адамнан Қаратау бойына 1932 жылы 6 мыңдайы ғана әрең жетіп, Ұлы жүз Ысты елінің мекен тұрағы Саудакенттің айналасына, Қаратаудың баурайына орналасқан. Өздерінің атақонысынан еріксіз айырылып, тоз-тозы шыққан халықтың мүлдем жойылып кетуінен сақтау мақсатында, жаңа қонысқа елі ұлы жүз, Үкіметтің өкілетті өкілі - Ораз Жандосов Үкіметтің шешімін шығартып, Сарысу ауданының атын қалдыртқан. Бұл кезде Сапалай 1930 жылы 25 мамырда атылып кеткен. Сондықтан Сапалайдың Қаратау бойына келмегендігі анық. Олай болса, автор елді жөнсіз адастыратын, ешқандай дәлелге келмейтін, біреудің жаңылып айтқан сөзін нақты дерек ретінде қарастыруы орынсыз.

Осы тақырыпта жазылған тағы бір автордың «Ақ жол» газетіндегі мақаласында «Созақ көтерілісіне қатысқандарды Саудакент пен Жаңатастың арасындағы Итауызға жақын терең жыраға апарып атқан» деген мәлімет келтіргенін байқадық. Демек, Сапалайдың атылған жері - осы маңда деген деректі айтқан. Бұл да шындыққа жанаспайды. Сапалаймен бірге атылған Сарысудың бетке ұстар ерлері атанған Жантөре Имановтың, Сарыбас Дәненовтың, Ақберген Кеңкөзовтың, Исатай Күлембаевтың т.б. ұрпақтары 90 жылдан бері бұл маңнан олардың ешқайсының мүрдelerini (сүйектерін) таба алмай сарсылумен келеді. Сарысу ауданының орталығы ол кезде Шу бойындағы Кентаралда болған, Созақ көтерілісінің шыққан жері - Ескі Созақ, сол кездегі Созақ ауданының орталығы болған. Сондықтан, бұл ақпардың да тарихи шындыққа келуі неғайбыл.

Ендігі айтарым - бұл әнді Димаштың тобындағы қобызшы Олжастың қобыз үнімен Ықылас бабмыздың «Қасқыр», «Аққу», «Қоңыр» сияқты күйлерінен үзінділер алып, интерпретациялауын Атыраудағы Х. Досмұхамедов атындағы Университеттің қобызшы-ғалым ұстазы Ақнар Шәріпбаева қарындасымыз: «Түп аталары бір қос өнерпаздың шығармаларындағы ұқсастықты, бір халықтың басынан өткен тарихты Димаштың қи-

юластырып үндестіре білуі - өте тапқырлық деуге болады» дейді. Қарапайым ғана қос қыл ішек пен шұңғыл ожау тәрізді аспап-қобыздан шыққан үннің табиғаттың небір тылсым үнін: сайын сары даланың қоңыр салқын самалының сыбырлаған лебін, сыңғырлай аққан бұлақтың сыбырын, жұбай аққудың сыңарын іздеген сыңқылын, алдымен аш қасқырдың арланының ішін тарта, одан кейін қаншырымен жұптасқан ұлуын, одан соң топ қасқырдың бір-бірімен қырқысқан арпалысын, арлан төбеттің қасқырлармен айқасуын қобыз тілімен беруі-ҚАЗАҚ деген халықтың ежелден өркениеті дамыған-Ұлы Даланың Мәңгілік Елі екендігін Димаш баламыз бүкіл дүние жүзіне паш етіп, әйгілеп берді. Америка мойындады, Қытай, Ресей мойындады, Англия, Франция, т.б. елдер түгелімен бас иді!

Ардақты ағайын, «Өнерде шекара жоқ» дегендей, бір кездері біздерге «Жабайы, сауатсыз, варварлар» деп қараған әлемнің өркениетті озық елдерінің барлығы біздің данышпан Абайымызды, әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл Фарабиімізді, біздің еліміздің өнері мен мәдениетін танып-біліп мойындап жатса, оған қалайша мақтанбасқа! Ал, сол әлем мойындап жатқан қаршадай ғана қара баламыз Димаштың әлемді таңғалдырып жатқан әні менің қазағымның әні, тіпті менің аулымның әні болып жатса, оған қалайша марқаймасқа! Сондықтан, біздің мақсатымыз - ат төбеліндей ғана қазақтың арасына жік салып, рушылдыққа бөлу емес, қайта әр қазақтың баласы осы Димаштай елінің атын әлемге өзінің өнерімен, білімімен, спорттағы шеберлігімен, ғылымдағы жаңашыл жетістігімен таңырқатса, «Әр қазақ - менің жалғызым!» деп еліміз үшін мақтануды мақсат тұтып отырған жайымыз бар ғой. Осы орайда, ұлы Абайдың «Бірінді қазақ - бірің дос, көрмесең - істің бәрі бос!» деген даналық сөзі - дәл бүгінгі заманда барлығымыздың бірігіп, ұстанатын ұранымыз болса екен деген пейілмен ойымды тұжырымдағым келеді. **Ендігі жердегі** әңгімені соза бермей, барлық авторлардың бәрінің де басым бөлігі «Самалтауды» Сары Арқаның Сапалай салының әні екендігін мойындауына байланысты, дауды бұдан әрі тоқтатып, әннің егесіне анықтап беріп, орындаушылар да, хабарлаушылар да «Сапалайдың әні - «Самалтау» деп, елге жеткізгені дұрыс болар. Бұл мәселеге қатысты авторлық құқты анықтайтын құзырлы ұйымдар автордың мұрагерлеріне тиісті кеңестерін беріп, дұрыс шешім қабылдайтынына сеніммен қарайық!

Сатыбалды ДОСЫМБЕКОВ

*Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі*

БИЛЕР ЕРЕЖЕСІ

Құрметті оқырман қауым! Өздеріңізге белгілі, Елбасының «Рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» атты Бағдарламалық мақалаларына сай, қоғамымызда көптеген игі істер жүзеге асырылуда, соның бірі - жастарға ұлттық тәрбие беру мақсатында арнайы ҚР Жоғарғы Соты мен «Ардагерлер ұйымы» Орталық кеңесінің төрағалары Жақып Асанов пен Бақтықожа Ізмұқамбетов мырзалардың бірлесіп жасаған «Дәнекер» қанатқақты жобасының талаптарына сәйкес, елімізде «Билер кеңестері» құрылып, жұмыс істеп жатқанынан құлағдарсыздар. Мына сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған құжат осыдан бір жарым ғасырдай бұрын, ұлы ойшылымыз - **Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың** қатысуымен жасалған.



БҰЛ ҚҰЖАТ СЕМЕЙ ОБЛЫСЫНДАҒЫ БЕС ДУАН ХАЛЫҚТАН САЙЛАНҒАН АДАМДАРДЫҢ ТАЛҚЫСЫНА ТҮСІП, 1885 ЖЫЛЫ МАМЫР АЙЫНДА ШАР БОЙЫНДА ӨТКЕН ҚАРАМОЛА СИЯЗЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН. ОЛ СЕМИПОЛАТ ОБЛЫСТЫҚ ӘСКЕРИ ГУБЕРНАТОРЫ ТУПКЛЕНСКИЙДІҢ ПӘРМЕНІМЕН 1886 ЖЫЛДЫҢ 14 АҚПАНЫНДА БЕКІТІЛДІ. *БІЗ МҰНЫ БҮГІНГІ БҰҚАРАНЫҢ БАРЛЫҒЫ ДЕРЛІК БІЛЕ БЕРМЕЙТІНІН ЕСКЕРІП, ҚАЛЫҢ ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА МҰРА РЕТІНДЕ ТҰҢҒЫШ РЕТ ҰСЫНЫП ОТЫРМЫЗ.* (редакциядан)

1-ші баб

Болосной сиязда даулар үлкен-кішілігіне, күрделілігіне қарай қаралады. Төтенше сияздарда ұлықтардың әмірі бойынша ояздар өзара істі бірлесіп жүргізеді. Әр ояз билерінің пікірі басты назарға алынады.

2-ші баб

Дауласқандардың әр қайсысы дұрыс көрген билерін ұсынады. Бірақ би санын жағдайға қарай ұлықтар белгілейді. Сондай-ақ, олардың саны әр жақтан үш биден аспағаны жөн. Билік шығарудан бұрын төрелік жасаушы бимен келісіледі. Егерде дауласушы жақтар оның шешіміне риза болмаса, бітім жасалмаса, сонда ғана жоғарыда айтылғандай билерді анықтайды. Екі жағының билер саны бірдей болғанда ғана іс төмендегі көрсетілгендей жүргізіледі: әр ояздың халқы орталарынан бірден төбе басшы би шығарады. Бұған сайлануы мүмкін қызметтегі немесе одан тыс адамдар бітімі талас тудырса сайланғандардан екі төбе басшысы белгілейді. Осыған орай ояз халықтары арасында талас туса, қалғандардың төбе басшыларынан жеребе салынып, белгіленген адам бітімге араласады. Ол қай жағын қолдаса шешім солай бітеді. Сөйтіп, төтенше сияздарда екі жақтың таласы төбе басы бидің айтқанымеп орындалады.

3-ші баб

Жауапкерлердің шақырылуына орай келмегендерді старшин менен болыстар куәландырып, бірлесіп тексереді. Себеп-салдары айғақты болса кешірім жасалады. Егер қажет кезінде жауапқа келуден бас тартуы себепсіз екені айқындалса сыртынан билік айтыла береді. Сырттай белгіленген өкімді бір бидің немесе сияздағы билердің шешімі старшиналар яки болыс арқылы мәлімденеді. Егер жауапкер бұл шешіммен келіссе өкім өзгермейді, риза болмаса, екі жұма ішінде билік айтқан биге шағынып үлгеруі керек. Сонда ғана қайта билік жасалуына мүмкіндік туады. Жауапкер тексеру барысында ақталса, бұл туралы болосной сиязға хабарласа, бидің төрелігі ұнаса жауапкерді шығынды төлеумен міндеттейді. Жоғарыда көрсетілгендей, жалған сөйлегендердің сыртынан билік айтылады. Іс шешіміне келіспегендер төтенше сиязға сала алады. Ал сияз билігі ешқашан бұзылмайды.

4-ші баб

Егер дауласушы шақырылған жерге келмесе, өтініші орындалмайды. Керісінше жауапкер арызын айтса, билердің еркіне орай шығыны жауап берушіден

өндіріліп беріледі. Бірақ дауласушы дауын қайта бастаса, онысы жалған болып шықса, істің күрделілігіне қарай және жауапкердің қадір-қасиетін ескере отырып, шығынды өтейді.

5-ші баб

Старшина ауыл ішіндегі даукер өтінішін тексеру арқылы орындауға міндетті, оның қорытындысын би билік айту арқылы шығарады. Дауласушылар туыстар, анасы бір ағайындылар, ағасының балалары, жиені, немересі, құда жекжаты болса, қайсыларының қысастығы бұрын би алдына түсіп анықталып, мойнына қойылса, кезінде жазаланса, соған орай іс жүргізу жеңіл болады.

6-шы баб

Дау жайлы даукер болысын хабардар еткені дұрыс. Ондайда болыс дауласушыларды шақыртып алып, еркін жауап беруіне мүмкіндік жасайды. Болыс кесімге қанағаттанбағандар үшін екі биін шығарады. Даукер соның бірін таңдайды, шешімін тыңдайды. Сиязда бар би билік айта алады. Төтенше сияз биінің есебін ұлық қарайды, бекітеді. Билік жасауға мүмкіндік болмайтын төтенше сиязда би есебі ұлық ықтиярына беріледі, мұндайда би төрелік айта алмайды.

7-ші баб

Береке бітімін, салауат бітімін жасау даудың шыққан кезеңіне орай жүргізіледі. Бұл мәселе, егер сияздарда көтерілсе, келесісіне қалдыруға болмайды. Және дауласушы мен жауап беруші ояз жағыныкі болса, екеуара уағда байласуы мүмкін. Бірақ бұл келісімдер куәландырылуы керек.

8-ші баб

Би жасаған биліктер міндетті түрде орындалады. Сиязда сол биліктің көшірмелері қатысы бар болыстарға жіберіледі. Егер даукерлер еркі бойынша ауыл арасындағы мал жайлы болса, бұл мәселе сияз басшысы арқылы шешіледі.

9-шы баб

Би немесе сияз биі биліктерін айғақтар куәлігіне орай жүргізеді. Билерге мұның барлығы күмәнді көрінсе істі күмәнді санайды. Куә шақыртылып, тиісті жауабы алынып, айыптылығына көз жеткен іске күмәдануға болмайды. Ақылынан адасқан 18 жасқа толғандар, әйелдер, жақын туған-туыстар, қарсыластар сияқты куәларды билер шақыртпайды. Оларды куәлар тізімінен алып тастауы қажет.

**10-шы баб**

Егер куәлік жасаған адамға көңіл толмаса онда ол іске айғақтау үшін қатыстырылды. Жауапкер айғақты мойындамаса, істің шындығын, даудың күрделігіне қарай айып салынады. Осыған орай ант береді. Дау әділ айғақтар арқылы шешіледі. Алғашқы күдік шындық болып шықпаса, жауапкер жаза тартады, керісінше болса ақталады. Жауапкердің өтірік айтқаны үшін үстінен арыз беруге болады.

11-ші баб

Қазақ рәсімінде сүйінші алуға болады. Бірақ сүйінші алған адам куәлікке қарамайды, айғақтық міндет атқарады.

12-ші баб

Күдіктенуші өтінішіне орай, оның тұрған жерінің жақын, қашықтығына қарай қаралатын күнді билер белгілейді.

13-ші баб

Дауласушының есебіне орайластырып, ер құнын төрт адамға, әйел құнын екі адамға, басқадай дауларға байланысты бір адамға істің ауыр-жеңіліне қарай айып салынады. Бір түйеге екі жылқы, бір қараға бір жылқыдан төленеді. Егер құн мөлшері бір жылқыдан аспайтын болса күмәнданған кісісін дәукер өзі анықтайды. Өтелуге жұмсалатын жылқыны немесе соны беруге міндетті болыс ауылын жауап беруші атап көрсетеді.

14-ші баб

Жауапкер болосной молданың алдына құран ұстап ант етеді.

15-ші баб

Күмәнданушының көрсетуімен айыпты саналған төрт адам ұсталып, біреуі ақ болса құнның төрт бөлігінің бірі, екеуі ақталса жармысы өтеледі. Қалған іс осы ретпен жүргізіле береді.

16-шы баб

Айып өтелгеиде дауласушының басы-қасында болуы міндетті емес. Бірақ келмегендігі жөнінде молданың тіркеу кітабына жазып қойғаны артық болмайды.

17-ші баб

Күмәнданушының өтінішін қарау белгіленген уақытқа сәйкес күн батқанға дейін ғана созылады.

18-ші баб

Молда мен көршілерге, билер мен хажыларға, 18 жасқа толмағандарға, 63 жастан асқан қарттарға күдік келтіруге болмайды.

19-шы баб

Жауапкердің туыстарына, руына, рулас ауылына күдік келтіруіне болмайды.

20-шы, баб

Күдіктенушінің ұнамсыз іс-әрекеті елге белгілі болса, бұрын оған бидің араласқаны апықталса, арызы есепке алынбайды.

21-ші баб

Күмәнді іс болосной молданың құзырына берілгені жөн. Егер молданың қателігі, қиянаты болса тексеріледі.

22-ші баб

Күмәндануы өтірік болып шыққандарға түйе бастатқан бір тоғыз айып салынады.

23-ші баб

күмән жалған болса-кінәлі қанша мал бұйырылса соншасын төлейді. Күмән негізсіз болса айыпқа мал төленеді.

24-ші баб

Күмәнді тексеретін күнді ұзартқанда, есепке алар себеп болса, болыс немесе өз ауылының бір биі куәландырады.

25-ші баб

Мұндайда даулаушының еркімен билік айтылады. Бұл билікті жауапкер бұза алмайды. Ол билік көшірменің сыртына жазылып қойылуға тиіс.

26-шы баб

Құн, жесір дауларының 40 жылдан арғысы салауат. Билік айтылған күннен бастап, 4 жыл бұрынғы дауларда қаралған мал саны толық қайтарылады. Одан арғы үш жылға қозғалған дау бойынша айыптың үш бөлігінің екі бөлігі тиесілі. Ал жеті жылдан бұрынғы дауда анықталған малдың үштен бірі төленеді. Қалған даулардағы малдар да осы тәртіппен бөлінеді. Жиырма жыл бұрынғы іске байланысты дау малы үшке бөлінеді. Бір бөлігі билік айтылған мезгіл, екі бөлігі одан арғы жеті жыл, қалғаны алты жыл есебіне сәйкестендіріледі.

27-ші баб

Әдейі қастандықпен өлтірілген ер құны 100 түйе, Кейбіреуінікі 25 құнан атан, 25 дөнен атан, 25 бесті атан. «Бәстесеміз» деп арғы негізі ойланбай өлтірілсе, 50 түйе, 25 құнан атан, 25 бесті атан төленеді. Әйел құны ер құнының жартысы. Оқыстан өлгенге құн төленбейді. Күйеуі әйелін, әйелі күйеуін өлтірсе құн кесілмейді.

28-ші баб

Өлген барымташыға, ұрыға құн төленбейді.

29-шы баб

Адам мүшесі мертіксе, өкім шариғат бойынша айтылады. Мұндайда қателікке жол берілмегені жөн. Бұл міндеттер Семейдегі Ахметуәли Манасұлына және Өскемен молдасы Мырзағали Ғаббасұлына тапсырылса. Олардың шығарған шешімдері осы ережеге тіркелсе дұрыс болар еді.

30-шы баб

Балиғатқа толмаған қыз балаға зорлық жасаушы тиісті қалың малдың үштен бір бөлігін төлейді. Балиғатқа толған қызды зорласа ат-шапан айып салынып, түйе бастаған тоғыз беріледі. Егер әйелге солай істелсе, айыпкер бір тоғыздан үш тоғызға дейін төлейді. Ойнас жасаған әйел-еркекке де дүре соғылады. Айыпсыз істер



болса тексеріледі. Әйелдің күйеуі, немесе әйелдің өзі, яки туысқаны, әке-шешесі шарифат шешімін айтса, осы бабтың алғашқы жолдарындағы екі келісімді де сияз билері жасайды.

31-ші баб

Күйеуі бар әйелді біреу алып қашса, керісінше егер әйелдің өзі қашса, ондай әйел елінің сияз билеріне қайтарылмайды. Билер әйел мен күйеуін татуластырады. Ерлі-зайыптылар жарасса, онда алып қашушы жігіттен бір тоғыздан үш тоғызға дейін айып алынады. Егер күйеуі қайта табысудан бас тартса, әйел ойнасымен қалады. Бірақ алып қашқан адам тиісті қалың малын төлейді. Әйел қысымнан қорғалады. Біреу айттырылған жесірді алып қашса, қыз әкесіне толық қалың мал, 50 жыртыс төлеп, сот ақысын береді. Жасау беру, бермеу қыз әкесінің еркінде. Қыз әкесі бұрынғы күйеу баласынан алған қалың малын қайтарады. Оның үстіне бір тоғыздан үш тоғызға дейін айып төлейді.

32-ші баб

Біреу әке-шешеге тіл тигізсе, солардың қалауына сәйкес, қазақ ғұрпына орай жасалансын. Молдаға, құрметті адамдарға гіл тигізсе, ат-шапан айып тартып, ат бастаған бір тоғыз төлейді. Біреуге біреу қол жұмсап, қарғап-сілеп, намысына тисе, бір тоғыздан үш тоғызға дейін айып сылынады. Жәбірлеуші айыпты алмаса, кінәлі бір ай мөлшерінде түрмеге жабылады.

33-ші баб

Ұрыс-төбелес шығарғандар ат-шапанн бастап, үш тоғызға дейін сұраушының пайдасына шешеді. Оны ұйымдастырушы басқаларға қарағанда айыпты молырақ төлейді. Бұзақылық жасағандарға болыстың өкіміне орай және жағдайға қарай билердің билігі бойынша ақшалай айып салынады жер аударылады немесе түрмеге жабылады.

34-ші баб

Қызмет бабында старшиндардың тілін алмаса, билер шешіміне бес теңге айып төлейді, кейде жеті күнге абақтыға отырғызылады. Болыс старишиндарға бекітілмеген шабарманның тілін алмаса, болыс өзі жазалай алады. Егер болысты тындамаса, болыс елінің сиязында, яки ояздың төтенше сиязында тексеріледі. Өкім айтылған кезде биге, немесе, сияз биіне тіл тигізілсе, айыптыны сияз биі бірден жазаға тартады.

35-ші баб

Бара жатқандарға, өрт кезінде, аязда, шөл далада, басқа да жағдайларда қатыгездік жасап, көмек көрсетпегендер бас тоғызбен айыпталады.

36-шы баб

Мал өлімін тоқтатуға көңіл бөлмегендерге болыстың шешімі бойынша 3 теңге айып салынады. Көрші елде мал өнімі болғанда ол жөнінде хабар айтпағандарға жаза мөлшері ұлғайтылады. Арық бұлдіріп, құдық бұзғандарға, өтемін төлегісі келмегендерге шығынға қоса қосымша айып салынады. Атап айтқанда 15 теңге ақша төлейді, немесе ат-шапан. айыпқа жығылады.

37-ші баб

Қазақ арасындағы ұрпақ үшін алынған мал қайтарылып, айып төленеді. Оған қоса бір ат тіркеледі. Қосымша айып пен тіркелген мал бағасы бірдей болады. Жүйрік, жорғаның құны орташа атпен теңгеріледі. Ұрының астындағы аты алынып/гиісті адамға әр ұрыдан өндірілген қосымша мал билік айтқан билерге беріледі.

38-ші баб

Мал ұрлағандарға жаза беріледі, бір ай мөлшерінде абақтыға қамалады, немесе алпыс рет дүре соғылады. Билер бұл жазаны өкім айтқанда ғана жүзеге асыруға бұйрық береді. Немере, жиен, нағашысынан, ата ағасынан мал алып қашса оған жаза қолданылмайды және алған малы қайтарылмайды. Екінші рет тағы солай істесе би арқылы ата. ағасының өтінішіне орай жазалады. Бұл өкім әйел жағынан жиенге, не немереге катысты болады.

39-шы баб

Жылқы құйрығын кескендерге бір ат-шапаннан бір түйеге дейін айып салынады.

40-шы баб

Ұрлықты ұйымдастыруға түрткі болғандар басқаларымен бірдей жазаға тартылады. Дүре таяғы көбінесе ұрлықтан үлес алған немесе алуға тиісті ауқатты адамдарға да соғылады.

41-ші баб

20 жылдан артық барымта алған ұрының әр қайсысынан бір жақсы аттан бастап, үш тоғыз айып алынады. Жиырма жылқыдан кем болса, жоғарыдағы 37-бапта айтылған шаралар коланылады.

42-ші баб

Қазақ салт-дәстүрі бойынша күйеуінен әйелін ажыратуға болады. Күйеуі белсіз, немесе, жыныс мүшесі ауруға шалдықса, онда жағдайлары болмаса да күйеуінің келісімімен ажырасуы мүмкін. Егер күйеуі қыздан жиырма бес жас үлкен, бір мүшесі кем, керісінше қыз күйеуден тоғыз жас үлкен, кедей қалың мал төлей алмаса, денсаулығы сауыға алмастан нашар, жағымсыз қылықтары әшкереленіп, басынан еркі кетсе әйелі мен күйеуді, қалыңдық пен жігітті ажыратуға тура келеді.

43-ші баб

Жесір әйелдер жайлы дау қайтыс болған күйеуінің жылы толғанда шешіледі. Бұл іс некеге қиылған қыздың елінде жүзеге асырылады. Жоғарыдағы аталғандарға сияз биі төрелік айтады. Қазақ рәсімінде некенің молда алдында. қиылғаны дұрыс. Болосной басқарушының қолындағы кітаптан кесіліп берілген куәлік нағыз әйелдің күйеуіне тиісті екенін дәлелдеуге жарамайды.

44-45-46-47-ші баптар жыртылған, жоқ.

48-ші баб

Біреу құдалықты бұзса, қыз әкесі күйеудің әкесіне қалың малды қайтарып береді. Дауға айналған мал үшін әдет-ғұрыпқа сәйкес айып төлейді. Қалың мал мөлшері 47-бие, не одан артық болса, бес тоғыздан үш



тоғызға дейін , 37 малға —екі тоғыз, 27 малға-бір тоғыз 17 малға бір ат-шапан айып төленеді. Күйеудің әкесі, яки оның өзі құдалықты бұзса берген қалың малынан үш тоғызды қалдырып, қалғанын алады. Қалың мал 37 болса екі тоғыз, 27 болса бір тоғыз төлейді, 17 болса ат-шапан айып тартады.

49-шы баб

Қарсы құда дауларын билер реттейді. Олардың келесі жолы да қарсы құда болмауы жайлы шешім айтылғаннан кейін де өзгерілмесе молда неке қымайды.

50-ші баб

Құда түсіп , құйрық-бауыр жескеннен кейін құдалық уағда бекиді.

51-ші баб

Күйеуі қайтыс болған, баласыз әйел тұрмысқа шықпаса да мал-мүлікке иелік етеді. Егерде күйеуге шыққысы келсе баласы болған жағдайда бар малының сегізден бірі, баласыз болса алтыдан бірін өздеріне бөлінген малмен қоса әесі бауырларының қамқорлығына қалдырылады. Олар өз арасынан бірін соларға ие етіп бекітеді. Бірақ бекітілген адам басқаларға үнемі есеп беріп тұруға міндетті емес. Егер мал орынсыз шығынға ұшыраса, соған орай дау туса, туысқандары наразылық білдірсе би алдында тексеріледі. Қыз ана тәрбиесінде қалуы шарт. Анасы оны күйеуге ұзатып қалың малын алуға қақылы. Қыз тұрмысқа шыққаннан кейін малын сақтаушыға торкіндеп барып әкесінен қалғаннан өз есесін алады. Әйел тұрмысқа шықпай, қайтыс болған күйеуінен қалғап игілікке иелік жасағанмен бұзықтық істетпеу, малын шаштырмау үшін күйеуінің туысы бақылағы жүреді. Бірақ бұл оған билік жүргізеді деген ұғым емес. Дегенмен әйелдің шаруасы басқаруға көмектесуге тиіс. Әйел күйеуге шыққысы келсе, екінші рет қалың мал алынбайды. Егер біреудің жесір қалған үш өйелі болса, ондайда малының сегіздей бірін бәріне бірдей бөліп береді. Үш әйелдің бірі тұрмыс құрғысы келсе, төсек-орын, киім-кешектен басқа малдың жиырма бірі саналса, ол алтыдан біріне ие болады.

52-ші баб

Сойыс қонақасы ел дәстүрінде бар. Оны бермеген адамға ат-шапаннан түйе құнына дейін айып салынады. Керуендегілерге, тұрақты жол үстіндегілерге, жәрменкелерге, қайықты өткелдегілерге сияз жүріп жатқан мекендегілерге, қалада тұрушыларға кінә тағылмайды.

53-ші баб

Екі дос айырылса болса, бірінен бірі артық кеткендерін алысады, бірақ оларға айығы салынбайды.

54-ші баб

Қызметшілерге жала жапқандар би төрелігіне сәйкес, 28 күнге абақтыға жабылады, айыптаушының шығыны қайтарылады. Мұндай жағдайлар әсіресе сайлау кезінде көбірек кездеседі. Осыған орай ұлықтардан сұрайтынымыз-бұл мәселелерді хабарлаудан бұрын төтенше сияз билеріне тексертіп алған теріс болмас еді.

55-ші баб

Біреудің жерін (жайылымын) пайдаланғаны жөніндегі дауды билер ел басшыларының куәлігіне қарай тексереді. Тексергенде жерді билер өздері барып көреді. Немесе сенімді адамның куәлігіне орай пайдаланылған жер шығынына сәйкес кесім айтады. ІПығынды қайтартқызып үстеме айып салады.

56-шы баб

Қонған ауылда қонақтың аты жоғалса, оған ешкім жауапты емес. Егер ол сол ауыл адамдарына сенбесе шариғат бойынша ант алады.

57-ші баб

Тоғыз аталған айыпты малға шаққанда мынадай болады; Түйе бастатқан бас тоғыз:

- 1- ші—Бір түйе.
- 2- құлын
- 2-бие
- 2-құнан,
- 2-ат.
- 2-ші- Орташа тоғызымыз —ат бастатқан тоғыз:
- 1 -семіз ат,
- 2-тай
- 2-тайынша,
- 4-бойдақ қой.
- 3-ші - Аяққы тоғыз;
- 1 -дөнен егіз.
- 2-тайынша
- 3-бойдақ қой.
- 3-тоқты.

58-ші баб

Тоқал тоғыз болмайды.

Мал басы былай бағаланады:

Мандай алды түйе-3 ат, немесе 30 қой,

Орташа түйе-3 бесті

Дөнен атан-2 бесті, бір тай.

Құиан атан-2 бесті.

Тайлақ-құлынды бие, 12 қозы.

Бота-бір бесті.

Бәйге аты-орташа бір түйеден бес түйеге дейін.

Жорға ат-құлынды биеден төрт түйеге дейін.

Жақсы ат-құлынды биеден-бір түйеге дейін.

Айғыр-құлынды биеден екі бесгіге дейін. Бие-құлындысы он қой, құлынсызы он тоқты. Ат-тоғыз қой.

Бесті-жетіден сегіз қойға дейін.

Дөнен-бес қойдан алты қойға дейін. Құнан-төрт қойдан бес қойға дейін. Тай-үш қойдан төрт қойға дейін.

Құлын-екі қойға дейін.

Атан егіз-12 қойға дейін.

Бесті. немесе , дөнен өгіз-төрт қойдан сегіз қойға дейін. Тайынша-2 қой.

59-шы баб

Үй не кілет қастық ниетімен бұзылса, ұрланған заттардан басқа бір тоғыздай үш тоғызға дейін айып салынады. Қора, кілет бұзылмай жасалған ұрлық иесі ат-шапан айып төлейді. Бұл алынған заттардың аздығына қарай, егер көп болса айып үстемеленеді.

**60-шы баб**

Билердің шешімі бойынша кесілген мал кінәліден толық алынып беріледі. Егер жауапкер бұйырылған малды еркімен төлемесе, яки шақыруға келмесе, онда малды алып беруші ауылдастарынан куәлер шақыртып, қалыс адамдарды анықтайды, сонымен қатар мал басын жасырса, байлап тастап алып беруге болады. Қазақ рәсімі бойынша мал алып берудің басқа үлгісі жоқ.

61-ші баб

Ұрлық үшін кесілген мал алынып беріледі. Ұрының өзінен және оған серік болған жолдасынан, ат беріп аттандырған, еріп, барған, ұрлық малды жасырысқан, оны біле тұрып хабарламағандардың малы жоқтығына қарамай айып салынады. Немесе ұрлық жылқы екенін білсе де, сатып алғандар бір болысқа қарасты болса мал алынып беріледі.

Ұрлық жасалғанда оның да малы жоқ болып шықса, дауласушы басқа ояздан келсе, қызмет етуші адамдар, сол ауыл шығынды өтейді. Мұндайда старшын ауылы жауапты. Мал алушы басқа болыстыкі, дуандікі болса, ел басының халқы есеп береді. Дауласушылар бір болыс адамдары, ал старшиндері өзге болса мал алушы және беруші старшиндердің он басыларының ауылы жауапты болады. Мұны ұрлыққа тыйым салу үшін әрі шығындары түгелденетіндердің ризалық бітімі үшін жасадық. Яғни шығын орнын толтыратын айыптар салу туралы осы тоқтамға келдік. Ұрлық тыйылып, арада үш жыл өткенше қызметтегі адамдарды істен шеттетпеген себебіміз-ол сол елдің арасындағы жағдайды біледі. Өйткені мал ұрланбай тұрмайды. Егер жоғарыда аталған адамдардың малы жоқ болса, оның солай екеніне билердің көзі жетіп тұрса, елге салынатын оның солай екеніне билердің көзі жетіп тұрса, елге салынатын оның есебіндегі мал мөлшерін солар белгілейді. Бұлай деуіміздің себебі ұрыларды, сенімсіз адамдарды саралап, оларды кегіліге алатын, алмайтындарды анықтайды. Өйткені әр ұрыға бір кепіл керек. Басшылар ауыл ақсақалдары қызмет адамдары бұған тартылмайды. Ауыл зиялылары зиянды жұртқа төлетпей тұрып, оған алдымен өздері жауап беруі тиіс. Ұрыға кепіл болғандарға билік берілмесін. Ұры қыстауындағы артық жерлер мал алушының пайдасына көшірілсін. Би билік айтқан кезде ұры қорғаған байларға дүре соғылсын, абақтыға жіберілсін. Үш рет ұрлығы мойнына қойылып, одан тыйылмағандарды жұрт өкім шығарып арасынан аластағаны жөн. Оған келіспеген адам ұрыға салынған айыпты, малды түгел төлеуге тиіс.

62-ші баб

Сотта жесір туралы және басқадай даулар шыққан-да жоғарыда айтылғандай мал алып беруге болмайды. Әркім өзі үшін өзі жауап береді. Малы жоқтығы есепке алынбайды. Ал кісі өліміне қатысқандар құн төлеуден құтыла алмайды.

63-ші баб

Қазынаға немесе дауласушыға келісіп берілген айығы өзгелерден өндіруге болмайды. Төлеуші адамның малы болмаса, айып орнына абақтыға түседі.

64-ші баб

Бидің болосиой меи төтенше сияз билерінің көшірме тіркелетін өлкелік кітабінің көлемдісін ұнатамыз.

65-ші баб

Күмәннің сейілуі болосной молданың тексеруіне, оның көргенділігіне, парасаттылығына байланысты. Осының бәрін тіркеп отыру үшін кітапшаның көлемдісі дұрыс болар еді. Және оны молда өзімен бірге алып жүрмей, үйінде сақтағаны дұрыс.

66-шы баб

Мүмкіндігінше мұндай кітаптар болосной молдада болғаны дұрыс. Бірақ жазуы мұсылманша болса екен. Егер ұлықтар бұрынғыдай кітапты тілмаштарға жаздыруды жөн көрсе, онда болосной молданы оған қатысуға міндеттейміз. Қиған некені аталған кітаптан алынған куәлік қағаздың сыртына жазып, тіркелгенде тілмаш жалғыз болса ол есепке алынбайды. Ер меп әйел арасында неке молданың қатысуымен жүзеге асса ғана дұрыс деп танылады.

67-ші баб

Аталған кітаптан жалған көшірме біреулерге берілген күнде де онда бидің мөрі басылып, қолы қойылуы керек. Екі бидің мөрі басылған көшірмеде болыс яки сияз бастығының куәлігімен расталмаса ондай қағазға сенуге болмайды.

68-ші баб

Даукер биге арыз айтса, би жауапкерді шақыртуы керек. Оны ауылнай старшин жеткізуге міндетті. Билер көшірмеде көрсетілген малды тіркеп жазуы қажет. Сонда күдікке жол берілмейді.

69-шы баб

Ұрлық жөніндегі басқа даулардан өндірілген айыптың билік айтушы оннан бірін алады. Билер өздеріне бөлінгенді қалауынша алса, бұл зорлық болады. Оны басқалар алып беруге тиіс. Әр сиязда билер бір қалыс адамның билік жұмысына араласуын белгілейді. Сол адам болыс, старшин арқылы билік ақысын әр биге теңдей бөліп береді.

70-ші баб

Сиязға шақырылған қызмет адамдарының шығыны ел есебінен өтеледі. Мұны ауыл арасында старшин атқарады. Кімде кім оны төлегісі келмесе, билер тексеруіне тап болады.

71-ші баб

Халық арасында болатын дауларға орыстан немесе ноғайдан уәкіл араласпасын. Оның орнына ояздағы қазақтар да жетеді.

72-ші баб

Билердің билік бітімін айтар уағдалы күн болысқа, немесе старшинаға айтылған уақыттан бастап есептеледі. Биліктің болып өтуіне старшин жауапты. Сияз билері жұмысы үшін болыс жауап береді. Бидің билік айтуы үш жеті күн, сияз билері жеті-жиырма күн, төтенше билік бір ай ішінде айтылуы керек.



73-ші баб

Жетім қыз әке-шешесінің көзі тірі кезінде атастырылған, біреу олар қайтыс болған соң құдалықты бұзса, алған күйеуі қалың-малды айыбымен қоса қайтарады. Егер қыз бұрыңғы атастырған күйеуіне тисе, ешкім әкесінен қалған жасауын, мұрасын алуына кедергі жасамайтын болсын.

74-ші баб

Бұл ережедегі айтылған сөздер соңғы сиязда қаралған. Шешімдердегі жазылған жайлар ешбір кедергісіз жүзеге асуы қажет. Жаңадан басқасы жасалғанша билер, болыстар, старшиндер осы ережені пайдаланатын болсын. Осы ереже жасалмай тұрып пайдаланылған нұсқалар 63-ші баптағы айтылған рәуіш бойынша жүргізілсін. Осыны ескере отырып, 74 бабты біздер жасадық. Қазақ дәстүрінше таза көңілімізбен, әділеттілігімізбен соның шындығына сендіреміз.

Бұған Павлодар оязының билері Юсуп Бетішұлы, Иса Бердалыұлы, Молдабай Сәрсенбай ұлы, Мұқатай Келдібекұлы, Санияз Бабайұлы, Сымағұл Шоқпарұлы қолдарын қойды. Билер Серғазы Тайсарыұлы мен Жалалдин Рамазанұлы мөрлерін басты. Қарқаралы оязының билері Хәкім Құдаймендіұлы, Абай Майқыұлы, Еркеш Сыбанұлы, Айлаубай Қашқынбайұлы, Билібай Тұманбайұлы, Абыралы болысының кандидаты Шәкірұлы мөрлерін басты. Билер Оспан Атақозұлы, Хамит Алдабергенұлы қолдарын қойды. Иса Шөңтіұлы тамғасын басты. Семиполат оязының құрметті қазақтары Ибрахим Құнанбайұлы, Құдайберген Тастамбекұлы, Иса Сүтжанұлы, Айтқазы Жексенбайұлы, би Жұмақан Жарқынбайұлы қолдарын қойды. Билер Сүйіндік Жақабайұлы, Әлжан Анарұлы мөрлерін басты. Өскемен оязының болысы Хоронжи Ислам Әлиханұлы, құрметті қазақ Құрманғали Жақыпұлы, билер Жанқұдай Қойтыұлы, Ержан Ноқайұлы қолдарын қойды. Болыстар Иса Күнбасұлы, Қабанбай Қошқарұлы, би Үсен Қалабайұлы мөрлерін басты. Құрметті қазақ Қалматай Исақожаұлы таңбасын басты. Би Таумен Аманұлы қолын қойды. Зайсан дуанының болыстары Бүкіш Жиенбайұлы, Билеуші Босқынбайұлы, Жұмақан Қисықұлы, би Қоқаш Есенгелдіұлы қолдарын қойды. Болыстар Ақшал Қожабергенұлы, Дәркембай Жақсыбайұлы, билер Жайсыңбай Елемесұлы, Батбақбай Тілеуліұлы, Қайранбай Құлыдықұлы мөрлерін басты. Сияз бастығы, Өскемен оязы Моновский қолын қойды.

Семиполат оязының лауазымын ада етуші Козанцев, Зайсан приставының көмекшісі Нарбота, Қарқаралы оязының аға көмекшісі лауазымын ада етуші Айтбакин қолдарын қойды және әскери губернатор Тупкленский қолын қойды.

Сенімді аударған Асанов

Семиполат облыстық әскери губернаторының нұсқауымен 1886 жылы 14 ақпанда берілді. Қазан

Билердің құрылымдық жүйесі

Билер – Ата би, Төбе би, Қатар би, Жеке би, Төтен би, Бала би болып бөлінген.

Ата би – бұрын билік құрған, талай елдік істер мен даулардың тағдырын шешіп, елге танылған, енді қартайып, билік ісін ізінен енген кіші билерге тапсырған адам. Ол биліктен қартығына байланысты қалғанымен, кейінгі билер қауымы оны ақылшы, кеңесші ретінде тұтынып, батасын алып отырған.

Төбе би – елдік (мемлекеттік) немесе өңірлік аумақта сайланып қойылатын қаламыш билер. Мысалы, тарихымыздағы Төле, Қазыбек, Әйтеке билер өз өңіріндегі (жүздіктерінде) төбе билер болған, төбе билерді сайлайтын халық емес билер жиынында сайлаған. Оларды қалаулы, қаламыш билер деп те атаған.

Ал қазақ жұртшылығы бойынша төбе билікке сайланған Төле би атамыз. Төле бидің төбе билікке сайлануы үлкен талқыға өтіп барып іске асқан...

Қатар билер – қазақ билер құрамындағы төбе биден (Төле биден) басқалары, яғни бір-бірінен артықшылығы жоқ тек құқылы билер жатқан. Олар – Қазыбек пен Әйтеке билер. Сол сияқты әр жүз билері құрамында да төбе және қатар билер болған. Қазақ билері жүздеріндегі төбе билер – Төле, Қазыбек, Әйтеке-келер. Олардың қаруындағылар қатар билер санатына кіргізілді.

Жеке би – әрбір ауыл, кіші рулық бөліністе билер құрамы болмаған, олардағы би – біреу (жеке) болған. Жеке билер сайланбаған немесе қаламыш (қалаулы) би деп те аталынбаған. Олар өзінің шешендік қабілетімен, ұнамды, өнегелі ісімен елге танылған. Билік ету ісінде саналған азаматтарды би деп санап, мойындаған. Сөйтіп олар ел сеніміне сай билік ісін жүргізіп отырған.

Төтен би – екі ел арасындағы кейбір даулы мәселелерді шешіп келуге ел арасындағы билерден таңдама билер тобын құрып, өкілетті етіп жіберілетін билер – төтенше би деп те аталған. Мұндай төтенше би тобын екі жақ өзінше құрып, кездесуге жібереді екен. Уағдаласқан жерге екі жағынан төтен билері келіп, мәселені талқылап, тиісті келісім билігін (шешімін) қабылдайтын болған.

Бала би – билік дәрежесін әлі иеленбеген, билік айтуға талап қылып, өзін әр жерде көрсете бастаған жеткіншек. Ал кейін ондай талапты жастарды, үйренсін деп, ірі билер қосшылыққа алып жүрген. Билік ісі жүріп жатқанда, жаңағы бала би мұқият тыңдай отырып, берілген биліктің жетімсіз жақтары болса, немесе билік етуші би тоқаулап қалса, бала билер билікке араласып, өз билігін айта-тын болған. Қазақ билерінің ойласып шешетін орталығын билер кеңесі деп атаған. Ол билер уағдаластығымен, белгілі бір жерде өтіп, онда ел қамына байланысты мәселелер қаралып, мәмілеге келіп отырған. Ондай билер кеңестері көбіне Бұлтөбеде, Ордабасында, Түркістанда, Ұлытауда, Көкшетауда, Қаратауда, Алатауда, Жайық, Ырғыз өңірінде болған.



Билер кеңесінің басты мұраты-татулық пен бірлік

Билер ЕРЕЖЕСІ

Елбасының Жоғарғы Сотқа берген тапсырмасына байланысты бүгінде қоғам өмірінде орын алатын кейбір дау-дамайларды, келіспеушіліктерді сотқа жеткізбей шешу жолдары қарастырылуда. Оған ардагерлер ұйымдарын тарта отырып, соттардың ықпал етуімен жер-жерде билер кеңестері құрылып, жұмыс істей бастады. Қордай аудандық Билер кеңесі 2018 жылы аудандық ардагерлер кеңесі жанынан құрылып, құрамы 5 адамнан бекітілген. Оның бөлімдері ауылдық округтерде, құрамы 3 адамнан бекітіліп, жұмыс істеуде. Қазіргі кезде аудан бойынша билердің жалпы саны 76-ға жетіп жетіп отыр. Билер кеңестерінің құрамына ел ішінде беделі, абыройы бар, ақыл-парасаты мен өмірлік тәжірибесі зор ардагерлер, дін өкілдері тартылған. Солардың араласуымен жер-жерде ағайын мен отбасы арасында дау-жанжалдар сотқа дейін шешімін табуда. Билеріміз өздері тұратын ауыл аймақта дауласқан екі тарапты татуластыруда өз жәрдемін тигізіп келеді.

Бүгінде билер кеңесі аудандық ардагерлер орталығында жұмыс істеуде. Мұнда бітімгерлерге әдістемелік құралдармен жабдықталған арнайы татуласу бөлмесі ашылған. Онда «Медиация – бітімгершілікке әкелетін жол» бұрышы жасақталып, келушілерге қолайлы жағдай жасалған.

2019 жылы билер кеңесінің бастамасымен аудандық сот, ІІБ, прокуратура, аудандық ардагерлер кеңесі өзара ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойды. Меморандумның негізгі мақсаты – қоғамдық қарым-қатынастардың тұрақтылығын және ұлттық құндылықтарды ұлықтау. Билер институтын жаңғыртып, бұқараның құқықтық сауатын арттыру және мәдениетін көтеру. Сондай-ақ, билер мен медиаторлардың жәрдемімен дауларды соттан тыс реттеуде билер кеңесінің, татуласу орталықтарының жұмысын үйлестіру көзделген. Осының арқасында билер кеңесі бүгінге дейін 128 даулы мәселелерді қарап, екі тарапты татуластыру бойынша шешімдер қабылдады.

Осы мақсатта аудандық Билер кеңесі аудандық сот төрағасы З.Абдикеримовпен сот-медиатор М.Алима-



новамен бірлесіп Билер кеңесінің жұмысын жандандыру бойынша үлкен іс-шаралар өткізді. 3-4 рет сот ғимаратында семинар жиындар өткізілді. Аудан әкімі жанындағы «Бастау» отбасылық жұмысшы тобымен байланысты жақсартты. Соның әсерінен қазан-қараша-желтоқсан айларында Билер кеңесінің жұмысы жанданып үлкен істер атқарылды. Тек осы айлардың ішінде 47 іс қаралды, басым көпшілігі жастардың ажырасу мәселелері – 28, соның нәтижесінде – 15 отбасы татуласты, 17 құқық бұзушылық істер қаралып оң шешімін тапты, сотқа жеткізілмей тараптардың татуласумен тоқтатылды.

Сондай-ақ, сот ғимаратында Билер бөлмесі ашылып, соттрамен бірлесіп 21 іс қаралып татуласумен тоқтатылды.

Бір атап өтерлігі, билер кеңесінің араласуымен шешімін тапқан мәселелерден кейін,

Біржан ӘЛІМБЕТ

*Қордай аудандық Билер кеңесінің
төрағасы*

Ежелгі Тараз ескерткіштері

Он бес күмбезді тарихи мешіт

Ұлы Даланың тарихынан талай сырды шертетін киелі жерлер, құпияға толы қасиетті мекендер көп. Сол айтулы тарих тармағының бірінде, қасиетті

Талас жері жатыр. **Тарихы тасқа сіңген Талас өлкесі қазақтың тарихи мекені. Тарихи мекен** дегенде ойымызға бірден мешіттер, кесенелер, қорғандар, обалар,



қорымдар тағы басқалары келіп тұрады.

Қазақстан мешіттерінің тарихы көшпенді қазақ тұрмысына ислам мәдениетінің келуімен тығыз байланысты екені баршаға мәлім. Мәдениеттердің араласып, исламның орнығып, оның мойындалуы бірнеше ғасырларға созылды. Дегенмен де, қазақтардың ислам мәдениетінің жайылуына атақты Талас шайқасының зор ықпалын тигізгені мәлім. Орталық Азияда исламның таралып, өңірде мешіттердің жаппай салына бастауына осы шайқас түрткі болды дейді тарихшылар. Иә, Атлаһ шайқасы кезінде ислам дінінің кейбір тармақтары елімізге келгені рас, бірақ, кесенелер тұрғызу мен мешіттер салу одан басталған жоқ. Себебі, ең алғашқы мешіт Тараз қаласын 893 жылы Исмаил бин Ахмедтің жаулап алуынан кейін ғана пайда болды. Осыдан кейін 50 жылдан соң Қарахан мемлекеті құрылды. Кесене мен мешіттер салу 942 жылы құрылған Қарахан мемлекетінің ислам дінін 960 жылы мемлекеттік дін деп жариялануынан кейін барып салына бастады. Өйткені, ислам дінін өте қатты қолға алған Қарахан ақсүйектері – осы діннің негізі арқасында білім мен ғылымды дамытты, тіптен, кейбіреулері әулие-әнбиеге айналып кетті. Міне, осындай ғылым мен білімді дамытып, оларды халық арасында насихаттаған тұлғаларға ерекше құрметпен қараған Қарахандық ақсүйектер, олардың басына кесенелер тұрғызып, қасына мешіттер соға бастады. Бұл – ол тұлғалардың ел арасында ұмытылмай, халықтың әрқашан жадында жүруі үшін жасалды және қасындағы мешітке келген әрбір адам ол кісіге міндетті түрде дұға оқитынын ескергендіктен еді..

Өз заманында аса көрнекті дін қайраткері болып, замандастарын иманға шақырған Абдолла ишан Саидидің мешіті де бүгінде жамбылдықтар үшін қасиетті орын саналады. Мешіт Жамбыл облысы Талас ауданындағы Үшарал ауылында орналасқан. Бұл мешіт жергілікті діндар Саитбаттала-хазрат отбасында дүниеге

келген Абдолла ишан Саидидің құрметіне салынған.

Абдолла ишан Саиди 1836 және 1914 жылдар аралығында өмір сүрген тақуа болған дейді сол өлкенің тұрғындары. Алайда 9 жасқа келген Абдолла ишан тағдыр тауқыметіне ұшырап, жетім қалады.

Жастайынан ата-анасынан айырылып, жетім қалған бала Абдолланы нағашы атасы бауырына басады, тәрбие береді. Ол генерал Перовскінің әскери құрамында әскери борышын өтеп, патшалық Ресей империясымен Қоқан хандығы арасында болған ұрыстарға қатысады. Әскери борышын өтегеннен кейін ишан діни сауатын жетілдіруді қолға алады. Осылайша ол Бұқара, Хорезм, Стамбулдағы діни оқу орындарында ислам дінінің қыр-сырымен танысып шығады. Абдолла ишан екі рет қажылыққа барып, кейін Бұқара жерінде медресе ашып шәкірт тәрбиелейді. Сөйтіп жүріп араб, парсы тілдерін және шешендік өнерді де жетік меңгерді. Сопылық ілімнің жалғастырушысы ретінде Абдолла ишан өзі туып өскен өлкеде де атақ-абыройы жоғары тұлға болған еді. Оның ізін жалғастырушылар да табылды.

Абдолла ишанның құрметіне салынған мешіт әлі күнге дейін жергілікті халық үшін діни мінәжат ететін орын



Ежелгі Тараз ескерткіштері



қызметін атқарып келеді. Күйдірілген кесектен салынған көп күмбезді мешіт барынша сән салтанатпен, әсемділікпен салынған.

Абдолла ишан мешіті – сәулет өнері ескерткіші. 20 ғасырдың бас кезіндегі он бес күмбезді мешіт үлгісінде халық шебері Ислам ұста салған. Орталық зал диаметрі 8 м болатын үлкен күмбезбен, қалған бөлмелер мен үш жағындағы айван кішілеу келген он бес күмбезбен жабылған. Мешіттің басқа мешіттерден ерекшелігіде осы он бес күмбезді болып келуінде. Күйдірілген кірпіштен соғылған мешіттің пішіні төрт бұрышты, ауданы 12,5×10,2 м, биіктігі 3,5 м. Мешіт басты үлкен бөлмеден және сыртқа шығатын есіктері бар 2 қосалқы бөлмеден тұрады. Басты бөлменің барабаны күмбезделіп бітеді. Қосалқы бөлмелер және олармен 3 жағынан ұштасып жатқан ашық галереялар төрт бұрышты бағана-пилоңдарға орнатылған желкендер арқылы күмбездермен (саны 9) жабылған. Қасбеттер бет жақтық кірпіштік қалаумен безендірілген, интерьері сыланған.

1945 жылы ескерткішті археолог Г.И.Пацевич зерттеген. 1947 жылы реставраторлар бірнеше рет, 1980 жылы «Қазжобалауқайтажаңғыру» институты, 2000 жылы Ғылыми-зерттеу жобалау институты зерттеген. 1980 жылдың ортасында төрт үлкен күмбезі бұзылып,

айванның солтүстік және батыс жақтары қираған. Қабырғасының жекелеген бөліктері қайта тұрғызылды. 1985-1986 жылдары «Қазжобалауқайтажаңғыру» институтының жобасы бойынша мешітті қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Уақыт өте мешіт ғимаратының күмбездері мүжіліп, қираған. Алғашқы түпнұсқасы өзгеріске ұшыраған. Сондықтан кесенеге 1947-2004 жылдар аралығында қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізген. Қабырғаларын берік ету мақсатында оның жекелеген бөліктерін қайта тұрғызуға тура келген. 2003-2004 жылдары «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша РМК «Қазқайтажаңғыру» институтының Тараз филиалы мешітті қалпына келтіру жұмыстарын толық жүргізді.

Аб-дол-ла ишан мешіті бүгінде Жам-был облысының республикалық дәреже-дегі мемлекеттік тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне және 2017 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақстанның кие-лі жер-ле-рінің географиясы» жобасы бойынша өңірлік қасиетті нысандар тізіміне енді. Ендігі міндет, тарихи мешіттің әрбір құндылығын көздің қарашығындай сақтап, болашақ ұрпаққа аманаттау керек.



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Талас – Сарысу. Тарихи-танымдық, әдеби-анықтамалық жинақ. Алматы, 2013. 206.
2. Дәдебаев Ж. Талас аңыздары. Алматы, 2002. 476.
3. Жамбыл облысының Тарих және Мәдениет ескерткіштерінің жинағы. Талас ауданы. Алматы, 2010. 1976.
4. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан, Жамбылская область. Алматы, 2002. 2796.

Мәдина ИБАДИЛЬДАЕВА

«Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейінің тарихшысы



Қазақ қыздарының күміс белбеу қапсырмалары

«Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі», - деген ұлы адамдар. Қазақ халқының ұлттық киімдерінің түрі де, үлгісі де еш халықтан кем болған жоқ. Оның көркем үлгілері әлемнің этнографиялық мұражайлары мен көрмелерінен орын алған. Ұлт мәдениетінде бағалы киімдер сый-сыяпат, дипломатиялық қатынастарда ескерткіш, белгі ретінде жүрген.

Ұлттық киім – бай тарихи-мәдени мұра, оны зерттеу бізді өткен ғасырлардағы әдет-ғұрып, салт-дәстүр, халықтың хал-ахуалынан кең көлемде жан-жақты хабардар етеді. Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше өзіндік қасиетке толы. Мұның басты себебі: қазақ халқының табиғат төсінде өсіп, еркін ғұмыр кешуімен байланысты. Қазақтың ұлттық киімдері негізінен ертедегі көшпенділер киімдерін еске түсіреді. Қазір өзіміз күнделікті киіп жүрген бірқатар киім үлгілері сақ дәуірінен бастау алады. Қазақтардың киімді солға қаусыратыны сақ киімдерінде, орта ғасырларда түріктерде кездеседі. Көшпенділердің киім үлгілерінің тігілу мен пішілу тәсілінде сабақтастық сақталған. Ертеде халық шеберлері қазақтың болмысына тән, кигенде ыңғайлы әр түрлі киім үлгілерін жасаған. Қазақтың ұлттық киімдерінде оның этникалық тарихы мен экономикалық, әлеуметтік және табиғи ортаның ерекшеліктерінен туындайтын көне дәстүрлері сақталған. Олар адамның дене мүшелеріне сәйкес баскиім, иықтық киім, белдік киім, аяқкиім деп жіктеледі. Сәукеле, бөрік,





камзол, қамажай көйлек, шапан, кимешек, тағы да басқаларын ұлттық киімдеріміз деп танысақ, қазақты дүйім елге ертеден ерекше етіп көрсеткен тағы бір дүние, бұл – белдік. Қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың айтуынша: “қазақтардың бәрі белбеу таққан”.

Қала берді, мына өлең жолдарына көз жүгіртіңізші.

«Күміс белбеу, Тақты екен ару қандай,

Көрген адам есінен жаңылғандай» немесе «Гайһартаста» өлеңінде:

«Жылы су, қолда құман, қарда орамал,

Жібекпен қызыл гәріс белін буған» десе, «Әдемі қызда»:

«Ақ көйлек, қара камзол белін буған,

Жан едің қатарыңнан, әдемі-ау, дара туған» деп ән-

детуші еді ғой.

Аңғарғаныңыздай-ақ, қазақ әу бастан әдемілікке әуес болған. Соның ішінде ерекше бұйым – белдікке ерекше мән берген. Белдік – киім сыртынан бел бууға арналған былғары, қайыс немесе шүберек. Белдік тағу кәсіби билікке дайын болу дегенді де білдіреді. Сыртқы киімінің үстінен белбеу буыну қызмет етуге және іс-әрекетке көшуге бекінгендікті аңғартады. Қазақта «белін бекем буынып» немесе «іске бел буып кірісті» деген тіркестер бар. Белбеудің бірнеше түрлері болған. Атап айтар болсақ, «Жауынгерлік белдік», «Кісе белдік», «Күміс белдік», «Кемер белбеу» және тағы басқа. Жауынгерлерге айналған әрбір көшпендінің арнайы жауынгерлік белдігі болған көрінеді. Ал қалташадан, қыннан және оқ-дәрі торсықшасынан тұратын бел-



беу – «кісе белбеу» деп аталады. Бұл белдікке таналар мен жартылай асыл тастармен түрлі-түсті шынылар орнатылған пластинкалар бекітілген. Белдіктің келесі бір түрі – «күміс белдік». Белдіктің бұл түрі жартылай асыл тастар және күміс таналармен әшекейленген. Кемер белдік қысқа, белді бірнеше айналдыра бууға жарамайды. Екі жақ шеті қапсырмамен әшекейленген. Белбеу тек белді бууға ғана арналып қана қоймай, адамдардың дәрежесін де аңғартқан. Ел құрметтейтін абыройлы адамдардың белдігі таналармен көбірек әдіптелген. Тіпті белбеуіне қарап адамдардың әл-ауқатын ғана емес, қай жақтың қазағы екенін аңғаруға болған. Мәселен, Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділерінде» белдік туралы көп жазылады. Аталған белбеулердің ерекше болуы сол кезеңдегі шеберлердің өнерлі екендігінің айғағы болса керек. Олардың қолынан шыққан бұйымдар ұлтымыздың мәдениетімен тығыз байланысты болған.

Бүгінде белдік сәннен шыққан емес. Әлемдік сән

кеңістігіне көз жүгіртсеңіз де, түрлі белдіктер киім-кешектің ішіндегі ерекше асай-мүсей (аксессуар) болып саналады. Жігіттер жағы белдік пен аяқ киімін жарастырып кигенді ұнатса, қыз-келіншектер жағы да ондай сәннен қалысар емес. Әсіресе, әйелдер белдігі кең таралған. Көйлектің сыртынан тағылатын жалпақ немесе жіңішке түрлі материалдардан жасалған белдіктер де аз емес. Ал енді осынау белдіктердің асай-мүсейге жататынын ескерсек, адамның көзі бірден белдікке түсетіні рас.

Ежелгі Тараз қалашығынан археологиялық қаза барысында көптеген ортағасырлық белбеу қапсырмалары, солардың ішінде алтын жалатылған күміс белбеулер де табылды. Бұл белбеу қапсырмалары музей қорының ислам діні пайда болғаннан кейінгі Тараз қолөнер шеберінің араб эпиграфикасымен әсемдеп жазылған өте құнды жәдігері болып табылады. Күміс белбеу бөліктері тік бұрышты пішінді, 9 бөліктен құралған, қапсырмалар өрнектермен безендірілген, ілгегі бар және



топса арқылы қосылады. Қалыптама, қаралау, оймалау әдістерімен жасалған.

Сонымен белбеу жасалу қасиетіне қарай зергерлік өнер туындысының озық үлгісі болып табылады. Өткенсіз болашақ та бүгін де болмақ емес. Бүгінгі күні жас ұрпаққа ата-бабамыздан жеткен салт-дәстүрлерімен, өткен мәдениетін насихаттау керек. Сондықтан біздің

мақсатымыз – халқымыздың дәстүрлерін сақтай отырып оны дамыту арқылы көнеден келе жатқан материалдық және рухани құндылықтарымызды болашаққа жеткізу міндеті тұр.

Ұлбосын АЛИМХАНОВА

«Ежелгі Тараз ескерткіштері» қорық-сүзейінің қор сақтаушысы

Қазақтың салт дәстүрлер жүйесіндегі сүйектің орны

Қазақ дәстүрінің ішінде қаймағы бұзылмаған салттың бірі – табақ тарту рәсімі. Қонағына қой сойса да кәдесінен жаңылмаған, өзіндік мән мағынасы бар.

Малдың он екі жілігі және басқа мүшелері адамның қоғамдағы орны мен жолына лайықталып тартылған.

Қазақ халқында дастархан жайғанда отырған әр адамның жасына, жынысына қарай өзіне лайық сыбағасы тартылған.

Қазақ халқы той-томалақ, өлім-жітім болсын келген қонағына сыйлы асы – етті кәделеп ұсынған. Тартылған табақтың орны ауысып кетсе немесе кәде дұрыс салынбаса, қонаққа жоғары дәрежеде сый-құрмет көрсетілмеді деп саналған.

Қазіргі уақытта көпшілік табақ тартудың жөнін білмейді әсіресе жас буын. Тоқтала кетсем бас тартудың Этнографиялық деректер бойынша, құда-құдағилар бір-біріне қарым-қатынасымыз үзілмесін, «басымыз» тек жақсылыққа қосылсын деген ниетпен ұсынатын болған.

Әдетте, кәделі жіліктермен бірге сыйлы қонақтарға малдың басын, қой немесе ешкінің шекесін, қазы-қартаны, жал-жаяны табаққа бірге салып береді.

Әдетте бізде басты тартар алдында маңдайын аяқастыра тіліп қояды. Ол дегені бастың жолын ашу деп біледі. Әкесі бар адамдар басты мүжімейді деген ырым бар.

Басты Қария бата-тілегін айтып, алдыменен оң

езуінен кесіп өзі ауыз тиеді. Одан соң оң құлағын кесіп, үйдің ең кіші баласына не жасы кіші адамға ұсынады. Айнала отырған адамдарға бастан бір-бір жапырақтан кесіп ауыз тигізеді де, қалғанын үй иесіне береді.

Құлақ ұсыну. Ұсақ малдың құлағын балаларға ғана ұсынады. Сондағысы «сақ құлақ, алғыр болсын» дегені. Бір бастың екі құлағын бір балаға бермейді. Міндетті түрде екі балаға беруі керек. Ал, ірі қара малдың құлағы берілмейді.

Көз ұсыну. Бас мүжіп отырған адам малдың көзін біреуге ұсынар болса, жұп көзді бір адамға қатар береді. Яғни, бір бастағы екі көз екі адамға берілмейді. Сондай-ақ құрмет бойынша, көз қос қолмен ұсынылады.

Тіл ұсыну – ас ұсыну жолындағы тамаша кәденің бірі. Малдың тіл-жағын баспен бірге қонаққа тартпайды. Оны көбінесе келінге береді. Кейде үйде келген ақын-шешендер де тіл мен жақты алдыртып, арнайы біреуге ұсынып «менің жолымды берсін» дегендей тілек айтады.

Таңдай ұсыну – басты кесіп отырған адам, таңдайды оң алақанына сарт еткізіп ұрып, үйдің кенже қызына немесе маңайда отырған әншіге ұсынады. Таңдайды ұсынғанда үстіндегі қатты қыртысты қабығын алып тастап, жұмсақ үлпершек жұқа бөлігін ғана береді.

Кей аймақтарда бастың тісін қақпай әкеліп жатады. Салт-дәстүрді зерттеушілер бұл дұрыс емес дейді. Тісін



қақпау біріншіден, тазалыққа жатпайды. Екіншіден, ішкі реніші бар адамдар бастың тісін қақпай әкелетін болған. Бұл жөнінде халық арасында кең танылған мынадай әңгіме бар. Ауылдың сыйлы адамына іштей ренжіп жүрген бір кісі оған қалай айтарын білмей жүреді. Бір күні ауылдың үлкендерін жинап, қой сойып, қонаққа шақырады. Қонақтардың ішіндегі ең үлкені өзі іштей ренжісе де, батып айта алмай жүрген кісі болғандықтан, басты соған тартады. Бірақ бастың тісін қақпай алып келеді. Қолына басты ұстаған кісі өте ақылды адам болса керек, жасалған дәстүрдегі ерекшелікті байқап, үй иесінің не айтқысы келгенін жазбай таниды. Қолына ұстаған бастың тісін көріп, маған айта алмай жүрген өкпе-реніші бар екен ғой деп үй иесімен сөйлесіп, ренішін сұрап білген. Егер реніші орынды болса, кешірім сұраған. Ал орынсыз болса, керісінше, айыбын мойындаған үй иесі ат-шапанын кигізген.

Табақ тартудың жөн-жосығын білетін адам ғана малдың жілігін кәделеп салған. Ет қонақ санына қарай салынады. Бір табаққа кемінде екі жілік салмасаң аздық етеді. Мысалы, бас табаққа жамбас міндетті түрде салынады. Бас табақ үлкендерге тартылатындықтан, жанына кәрі жілік салынады. Бірақ кәрі жілік бір бөлмеде отырған қонақтарға бірнеше табақ тартылғанда екі рет салынбайды.

Екінші табаққа ортан жілік, қабырға, омыртқа, сүбе, құйрық май салынады.

Үшінші табаққа жауырын салынады омыртқа, сүбесі, құйрық майымен салынады.

Ал төртінші табаққа асықты жілік. Егер күйеу болса төсін қосады. Ал құдағиларға арнап бесінші табаққа жағымен қосылып жамбасты салады. Келесі табаққа кәрі жілік қабырғасымен, омыртқа сүбесімен салынады. Одан кейінгі табаққа ортан жілік салынады. Содан кейін тоқпан жілік алынады. Жауырынмен тағы бір табақ тартылады.

Қалған тоқпан жілік, асықты жілікті жастар жағына қояды. Қазақ етті ағаш табаққа салған. Ағаш ет табақ қайта сәнге айнала бастады. Ал бүтіндей бір қойдың етін астауға салған. Табаққа тек еттің өзі ғана салынады. Етке қамыр салу – 20 ғасырда пайда болған дәстүр. Кейін еттің жанына картоп, үстіне тұздық құйып жасайтын болды.

Төс пен құйымшақ тарту дәстүрі жасы 70-80-ге келсе де өз үйіне келгенде кемпір қыз болып есептеледі. Күйеу бала да солай. Сондықтан төркіндеп келген қыз төрде отырады. Ал қыз отырған жерде табаққа құйымшақ салынады. Ал күйеу бала келгенде төсін алдына қойып, жеңгелері міндетті түрде төстің кәдесін алады.

Біз – өте ырымшыл халықпыз. Үлкендер ас жеп болған соң жастарды шақырып алып, бас табақтан асытып жатады. Бас табақтан ас жеп отыратын біздің жасы-



мызға жет, жолымызды берсін деп тілегені.

Табақ тартушы жігіттер болған. «Абай жолында» М. Әуезов: «Табақ тартуға өңшең жорға аттарды сайлапты. Барлық ат күміс ер-тоқыммен ерттелген. Күтуші жігіттер бастарына тегіс жібек орамал байлапты. Ас ошағымен екі арада бұлар қос табақтан алып, қатар ызғытып жөнелгенде, өлке бойы жайнап кеткендей болды», – деп астың этнографиялық мәнін ерекше суреттейді.

Осы аса жауапты қызметті мінсіз атқару үшін табақ тартушы жігіттер алдын ала арнайы дайындықтан өтетін. Ол үшін табақ алып қашу немесе мүше алып қашу ойындары өткізілген. Шауып келе жатқан аттың үстінде қолына табақ толы ет көтеріп, оны төкпей-шашпай апаратын жеріне дұрыстап жеткізуді жетік меңгергендер ғана табақ тартуға таңдалып алынды.

Мысалы, құрметті кісілерге бас жамбас ұсынылса, күйеу мен қызға асықты жілік пен төс, балаға бүйрек пен құлақ салынады. Егер лайық мүше ұсынылмаса ол кісілердің өкпелеуге хақысы бар, айып та сұрай алады. Қонаққа қоғамдағы әлеуметтік мәртебесіне сай, өзіне тиісті жілік мүшесін тартпау немесе шатастырып, ауыстырып жіберу ұят саналған. Және керек кезде кейбір адамның ел алдында намысына тиіп, қорлаудың белгісі де болып табылған, – дейді Зылиха Ибадулаева.

Ет табақтарды қонақ ер адамдар таратқан өз қалтасына салып жүрген бәкісімен тураған. Еркек пен әйел араласып отырмаған. Тек қымыз, шай құятын кезде ғана дастарханның аяқ жағына тізе бүккен. Ас соңында сол табақтан тамақ ішкен адамға сәлем еткен.

Яғни, табақ алу рәсімі кеңінен тараған. Себебі келіндер қонақтармен дастархан басында бірге отырмағандықтан, келген қонаққа өзінің қолынан дайындалған астан ауыз тигеніне рахмет айту үшін сәлем салатын болған. Сонымен қатар келіндер қонақтардан ешқашан тамақ дәмді болды ма деп сұрамаған. Қорыта келе соңғы кездері қонаққа барғанда жілікті табаққа дұрыс кәделеп салмайтынын байқап жүрміз. Етті турап әкелетін дәстүрді шығарды. Бұл біздің қонаққа көрсететін ең үлкен құрмет-сыйымыз болғандықтан ол дәстүрден ажырамауымыз керек.

Қазақ ешқашан ысырапшылдыққа жол берме-



ген. Күн көрісі төрт түлік малмен байланысты болғандықтан, малдың маңызды жілігін қонағына ұсынған. Ал қалған сүйегінен қайнатып, керегіне жаратқан одан сабын жасаған. Табақ тарту – көшпелі халықтарға ғана тән дәстүр. Бірнеше рет қайнатып, майын шығарып, жылтыраған кезде домбыра, қобызды өрнектеуге жас қойдың сүйегін пайдаланған.

Сүйектен жасалған бұйымдардың кейбірі болмаса, бүгінде сүйек бұйымдар қолданыстан шығып қалған. Олар тек музей қорларында ғана сақтаулы. Ежелгі Тараз қалашығына 2011-2017 жылдары жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде, сүйектен жасалған бұйымдар көптеп кездесті. Қазба жұмыстары кезінде көптеген сүйектен түрлі оюлармен өрнектеліп жасалған қолөнер шеберлерінің өңделген мал сүйектері табылды. Қазірде бұл бұйымдар Тараз қаласында «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музей қорында сақтаулы.

Ежелгі Тараз қалашығынан 2015 жылдарғы археологиялық қазба-жұмыстары кезінде табылған сүйек бұйымы жалпақ, цилиндр пішінді ою-өрнекпен ойылған, сол жақ бөлігінде үшбұрышты пішінді, қошқар мүйізді ою-өрнегімен өрнектелген болып келеді. Ортасында жүрек тәрізді жақтары бар кескін, оң жағында,

диаметрі 0,5 см дөңгелектелген тесік, болжам бойынша, сәндік белбеу жабыны ретінде пайдаланылған, өнімді белбеуге бекіту үшін диаметрі 0,3 см болатын төрт бұрышында төрт тесік бар, алдыңғы жағы жақсы өңделген, жылтыратылған.

Сонымен бірге Тараз қалашығынан сүйектен жасалған белдік бөліктері табылды ол тікбұрышты пішінді, дөңес, ұзындығы – 4,5 см, ені – 2,5 см, ұзындығы – 1,0 см бір ұшы дөңгелектелген, ортасында екі сопақ ойығы бар және оларды қосатын сызықтары бар, артқы беті тегіс.

Сүйектен жасалған ерекше бұйымның ұзындығы - 7,7 см, ол сүйектен тұтас кесілген бұйым пішіні екі бөліктен тұрады, ромб тәрізді беті бөлінген, тік бұрышты пішінді екі ернеумен бөлінген. Бір жағынан ромб тәрізді ойықтан құралған. Беті жылтыратылған. Менің ойымша бұл сүйек бөлігін ертеде үй жиһаздарын әсемдеп, өрнектеу үшін қолданған немесе есіктің, кебеженің тұтқасы ретінде пайдаланылған. Үлкен малдың қабырғасымен, жауырынымен ағаш төсекті, сандықты әсемдеген.

Қорытындылай келе «мал өсірсең қой өсір, өнімі оның көл-көсір» демекші қазақ халқында төрт түліктен алатын барлық өнімді кәдесіне жаратқан. Тұрмыс-тір-

Εκκλησι Ταρας εκρεπτικωτερι



шілікте, көшіп-қонуға көлік, малдың етін, сүтін азық етсе, терісі мен жүнінен мата жасап, киім-кешек, сонымен бірге сүйегін де жіліктеп кәдесіне жаратқан.



Айжан ЖАРЫЛҚАПОВА

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің

«Ежелгі Тараз ескерткіштері»

тарихи-мәдени қорық-музейінің тарихшысы

ТҰЛҒА

Тәуелсіздікпен бірге қазақ халқының ұлттық сана-сезімі, намысы, ұлттық құндылықтары өзінің табиғи қалыбын таба бастады. Тарихымыздағы ұлы тұлғалардың озық идеяларын ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде қарап, жас ұрпақты жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптастыру алдымыздағы бүгінгі күннің басты межесі болып орнықтырылды. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға, кәсіптік шыңдауға үлгі өнеге боларлық тұлғаларымыздың сара жол, саналы өмір салты ұлағатты ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы ретінде кеңінен насихатталу жағдайында.

Олардың ерен еңбектері, қажымас қайраттары мен көрегенділіктері жас ұрпақтың өз Отанын сүйуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге тәрбиелеудің жарқын үлгісі. Мұндай тұлғаларымыздың өмірі тағлымдық мәндегі та-

усылмас қазына, сарқылмас сыр-сандық. Жас ұрпақты отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баули отырып, қазақ халқының тарихын, әдет-ғұрпын, дәстүрлерін құрметтеуге лайықты тұлғаларымыздың өмірлерін өнеге етіп алу арқылы ертеңгі болашағымыздың бағдары айқындала түсері сөзсіз. Жалпы «тұлға, ұлттық тұлға» дегеніміз кім деген сауалға қатысты «Алаш қайраткерлерінің мұралары негізінде ұлттық тұлға қалыптастыру» атты еңбегімізде мынадай анықтама берген едік: «Ұлттық тұлға дегеніміз-ұлтының рухани қажетін өтейтін, соған өзінің саналы ғұмырын арнайтын адам. Халық ойының, өркениет құндылықтарының иесі болған ұлттық тұлғалар әрқашан да халық, өз ұлты алдындағы рухани көсемдік қызметін адал атқарған және тарихи тұлғалар осындай қасиеттері арқылы ерекшеленген. Ұлтты басқарушы зиялы қауым рулық-жүздік та-нымнан жалпы ұлттық санаға, дүние-танымға өтуге, ұлт



ретінде әлемдік кеңістіктегі өз орнын анықтап алуға, барлық рухани дағдарыс түрлерінен арылуға қызмет еткен тұлғалар.»

Біз осындай тұлғаларымыздың өшпес із, өнімді істерін жас ұрпаққа үлгі етіп отыруға тиіспіз. Бүгінгі әңгімеміздің кейіпкері - Бекет Тұрғараұлы да елінің игілігіне аянбай қызмет қылып жүрген сом бітімді тұлғалардың қатарынан. Ол - адами қасиеттерді бойына сіңіре білген және ешкімде қайталанбайтын, өзіне ғана тән бірегей қасиеттерімен көпке танымал. Өзі өмір сүріп отырған қоғамына бейімделген, ұлтының рухани құндылықтары мен ұлттық ерекшеліктерін жіті зерделеп, бағалай білетін және оны ұрпаққа үлгі ету мақсатында толағай табыстарға қол жеткізіп отырған абыройлы азамат. Халықтық сана мен дәстүр сабақтастығында тереңінен нәрленіп, өз ұлтының рухани құндылықтарын ұрпағына ұлағаттап жүрген тұлға. Бағалай білгенге бұл - еліміздің өркендеп, өрлеуіне демеу болып, дем беретін ізгі амал. Ұлт руханияты мен даналығының дария-дастандарын дархан даланың төсінде самаладай сайратып тұратын ұлттық нақыштағы кешенді мұражай-айлағының қарқаралы Қазығұрттың байрайында бой көтеруі Бекет Тұрғараұлының еңбегі.

Аңыз бойынша жер бетін топан су қаптағанда Қазығұрт тауының басында Нұх пайғамбардың кемесі аман сақталып қалған екен. Сол есте жоқ ескі замандардан бері қарата тас табаны түрілген талай тектінің ізі, бабалар рухының сазы есіліп жатқан, өткеннің өсиеттерінен сыр шерткен қастерлі мекен. Тылсымға айналған тарихтың тынысы әр тасында таңбаланып қалған осы бір қасиетті мекенге табаны тиген жанның әдеттегіден тыс ғажап бір әсерге бөленері хақ. Сондықтан да «Жеті атасын білетін ер мен жеті ғасыр тарихын білетін елді» тәрбиелейтін, туған жердің қадірі мен қасиетін сезіндіріп, туған елге тағзым еткізетін қасиетті орын бұл – қарқаралы Қазығұрт!

Көнеден сақталған кие-құттың көмбесі - Қазығұрттың бір баурайы бүгінде аспанмен таласқан ақшаңқан кесенелермен, айнала төңірек абаттандырылған жасыл желекті алқаптың сән-салтанатымен нағыз жерұйыққа айналып кеткендей. Осынау ұланғайыр істің ұйтқысы болып отырған - Бекет Тұрғараұлының есімін қалың жұртшылықтың құрметпен атауы тегіннен-тегін емес. Айтулы азаматтың тікелей мұрындық болуымен халық игілігіне арналып жасалынған сол тарихи мұражай-қорық кешеніне алыстан арнайы ат сабылтып келіп, тамашалап, танысып, бабалар рухымен табысып жататын қалың жұрттың қарасы қысы-жазы еш үзілмейтіндігінен де хабардармыз.

«Жақсыны көрмекке» демекші, бір сәті түскенде сол бір құт қонған мекенге арнайы сапарлап барып қайтсақ деген ізгі ниет біздің де көкейімізде жүрген. Жұмысбастылықпен қарбаласып жүрген күндердің бірінде сол шаруаның оңтайы ойламаған жерден келе қалмасы бар емес пе?! Өткен жылғы қарашаның басында Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры, академик Дария Пернешқызы Қожамжарова маған арнайы телефон шалды. Заты нәзік әйел болмысына қарамастан тал бойындағы тау суындай тасқындап тұратын қажыр-қайратымен айналасындағыларды тегіс тәнті етіп жүретін Дария ха-

нымның әр қадамы бастамашыл идеялармен астасып жататындығына өз басым сан мәрте куә болып жүрмін. Үнемі бір тың шешім, тәуекелшіл өжеттікті қажет ететін, жақсы істердің бастау-көздеріне түрті салып, көшбасшы болуға жаны құштар бұл кісінің қабылет-қасиеттері маған қызметтестік-жолдастық қарым-қатынас барысында етене таныс болып қалған. Бір қызығы бұл кісінің жолында ұшырасатын шаруалардың барысында ұсақ-түйек дейтін түсініктің болмайтындығы. Қайбір шаруаға ден қоймасын асқан ыждаһаттылықпен, үлкен жауапкершілікпен, салиқалы салқынқандылықпен шешім қабылдай білетін Дария Пернешқызының бұл жолғы ойы да елең еткізерліктей екен.

Айтар ойын баппен жеткізе білетін Дария ханым: «Жол түссе ертең қасиетті Қазығұртқа сапарлап қайтайық. Ата-бабалар рухына тағзым етіп, киелі мекеннің қуатын сезініп, серпіліп, рухани тыныстап тұруды саналы өмір салтының шарты деп білемін. Онда қанша көріп тамашаласаң да жалықтырмайтын, қойнауына енген адамды қанаттандыратын таңғажайып тылсым күш бар. Және сол кие қонып, құт дарыған мекенде кереметтей тарихи мұражай-кешеннің бой түзеп жатқандығынан да хабардар боларсыз. Сол маңайдың мерейін заман талабына сай тасытып, тәлімі мен тағылымын тасқа бастырғандай бедерлендіре түсуге білегінің күші, жүрегінің жалынымен, ниет-пейілінің жомарттығымен мұрындық болып отырған ел ағасы – Бекет мырза жайында да сіздің білмеуіңіз мүмкін емес. Сол кісіменен арнайы жүздесіп, әңгіме шертісіп, ой бөлісіп қайтқанымыздың өзі бір ғанибет болар еді. Ондағы көргендерімізді, әсерлерімізді жастарға айта жүргенге де жақсы... Ел игілігі үшін жасалып жатқан ондай келелі дүниелерді жастарға насихаттап, таныстыруға әр қазақ мүдделі болуға тиісті емес пе?...»,-деп сөз соңын патриоттық рухтағы сауалмен түйіндеуі мені тіпті қантандырып жібергендей болды.

Арасы аса қашық бола қоймағанымен біздің Таразға қарағанда күншуақты Шымқалада ауа райы көбіне қолайлы ғой. Дегенмен, биыл қарашаның өзі қақаған қысқа айналып кеткендей болды. Тура сол күні қар жауып, бұрқасындатып боран соғып елді біршама әбігерге салған сәт болды өзі. Соған қарамастан келесі күні таңертең сағат алтыда Шымқалада болдым. Ауа райының қолайсыздығына байланысты темір тұлпарымды үйге қаңтарып қойып, поезбен келіп түстім. Сөйтсем таң алакеуімнен бастап бұл қаланың көшелерінде кептеліс басталып кетеді екен. Көше бойы ерсілі-қарсылы жұмыстарына асыққан қалың нөпірді көру бір жағынан мен үшін тосын көрініс те сияқтанып көрінді. Өйткені арқаны кеңге салып әдеттенген Тараздықтар бұл уақытта дәл бұлай жаппай көшеге шыға қоймайды. Және мынадай таңалагеуімнен басталып кететін қарбалас пен қалың кептелісті бұған дейін тек Алматы мен Нұр-Сұлтанның ғана көріп жүргенбіз ғой. Енді міне еліміздегі үшінші мегаполис саналатын Шымкенттің өмірі де дәл солай қауырт жанданып жатқандығына іштей бір жағы марқайып қалсам, бір жағынан толқынысты күйге де тап болдым. Дәл іргеміздегі қаланың осылайша қауырт дамып, өркениеті өрге тасып, гүлденіп жатқаны елдігіміздің мәртебесі емес пе?!

Тіршілігі қайнап жатқан бұл қаланың тәнті қылған



тұстары Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде одан әрі қарата қыза түсті. Аз уақыттың аралығында бұл жоғары оқу орнында да көптеген оң өзгерістер орын тепкен екен. Оқу ордасының кіре беріс ауласынан бастап, университеттің самаладай жарқыраған ғимараттары, айнала төңірек жарқыраған мұнтаздай тазалық ішке енген адамды еріксіз жағымды әсерімен баурап алатындығын сезіндім. Заманауи үлгідегі интерьер дизайндарының өзі нәзік талғам, асқан шеберлікпен үйлестірілген. Заманауи үлгідегі технологияда жабдықталған түрлі орталықтар, аудиториялар мен оқу-тәжірибе орындары бұл оқу орны іргесінің беріктігін, перспективасының әлеуеттілігін аңғартып тұр. Түптеп келгенде осылардың барлығы білікті де білімді басшының іскерлігінің айғағы. Сондай-ақ ректордың жан-жақтылығын, талғампаздығын, табандылығын, ұйымдастырушылық шеберлігін, жаңашылдық таным-көзқарсының өткірлігін де аңғартады. Шынымды айтсам, бұған дейін де оңтүстік өңірдегі ең іргелі университет саналғанымен, қаладағы өзге жоғары оқу орындарының қатарынан аса айрықшалана қойғаны мұншалықты байқала қоймағанды. Ал бүгінгі оқу орнының келбеті мүлдем бөлек. Университеттің әр бұрышынан Дария Пернешовна Қожамжарованың қол таңбасы менмұндалап тұрғанын жасыру мүмкін емес. Бірнеше жыл қызметтес болып, ғылыми мектептің тәжірибесінде қатар шыңдалып келе жатқан Дария Пернешовнаның жұртты жұмылдыра білетін тапқырлығы, кез-келген жанмен тіл табыса білетін парасаттылығы, тәуекелшіл қадамға барудан жасқанбайтын батылдығы, қиынды қиялай жол тапқыштығы, қажет кезінде жасындай жарқ етпе турашылдығымен топты жарып шығатын дарабоздығы университеттің дәл қазіргі «өркендеу дәуірінің» қозғаушы күшіне айналғандай. «Бергенге береке, жортқанға жол берсін» деп атам қазақтың айтқанындай бойдағы барлық білік-білім қорын өзі басқарып отырған оқу ордасының гүлденуіне сарқа жұмсап отырған Дария Пернешқызының абыройлы асулары бұдан да асқақтай береріне сенімдіміз. Осындай аламан жаңғырулардың игілігін көріп жатқан студент жастардың ертеңгі күні елі үшін тартынбай қызмет қылатын жаңа толқын, жарқын лекке айналары да сөзсіз. Университет қабырғасынан алған осындай тамаша әсерімізді арқаланып бұдан әрі қарата қайдасың жер кіндігі Қазығұрт деп үлкен жолға да шықтық.

«Ауылға алты жасар бала келсе, алпыстағы қариясына дейін тік тұрып қарсы алатын» ата салтымыздың берік сақталынатындығын алдымыздан асқар таудай Бекет Тұрғараұлының өзі мен жұбайы Ұлдықыз ханым екеуінің қатар тұрып қарсы алған ізеттерінен-ақ терең байқадық. Біз келіп Қазығұртқа түскен сәтте бұған дейін аласұра бұрқасындатып тұрған ақ түтек боран да, ызғырық жел де, ашық даланың қытымыр аязы да бір сәт сап тына қалды. Бәлкім осындағы күтіп алып жатқан кісілердің ыстық ықыластар, жылышуақ көңілдері шығар бізге ауа райының аяз-суығын сезіндірмей тастаған. Алланың құдіретін ай... табанымыз тиген сәттен ол жердегідей саф ауаны бұрын-соңды көрмегендей, тіпті біазға дейін есеңгіреп қалғандай болдық. Төбемізде шуағын шашқан күннің сәулесі де бүгін ерекше нұр-

ланып кетіпті. Мұншалықты керемет көрініс, тылсым тұнықтықты көптен байқамаған едім. Айнала төңірек құдды бір ақ пүлішке оранып алғандай арайланып жатыр. Көзді қарықтырған сол әсемдіктің қақ ортасында орналасқан мұражай-кешеннің аспанменен таласқан ақшаңқан күмбездері, ұлтымызың бетке ұстар тұлғаларына арналған ескерткіштер, олардың тақтайшаларындағы өсиет-нақыл сөздер, тарихи оқиғалар галереясын құрап жатқан алуан оқиғалар желісі бейнеленген картиналар қасиетті Қазығұрттың көрінісімен астасып адамның жан әлемін бір сәтке ғарышқа самғатып жібергендей әсерлендіреді екен. Қасиетті қазағымның байтақ даласы, халқымыздың дархандығы, ақша қардай кіршіксіз пейілі, ағысты бастаған ағаларымыздың ақыл тұнған көздерінен төгілген мейірім шуағы мына қоршаған ортаның тылсым құдыретімен астасып бейне бір ертегі әлеміне еніп кеткендей елітеді.

Жолсоқты болып сәл шаршаңқырап келген біздерге осылардың барлығы бір керемет құбылыс болды. Көңіліміз көкке қалықтап, кеудені туған елге деген мақтаныш, махаббат жалыны шарпыды. Осылардың барлығын қолдан жасап отырған ардақты ағаларымыз бен жүздерінде нұр ойнаған асыл жеңгелерге деген ыстық ықылас, жылы сезім бойды биледі. Әсіресе, Бекет Тұрғараұлының әлеуметтік бағыттағы тыныс-тіршіліктері, ол кісінің дара болмысы, өзіндік ұстанымы, ұлтының алдындағы жауапкершілігін сезінуі, адамдармен қарым-қатынатағы кісілігі айрықша болып көрінді. Абай атамыздың айтқан «Толық адам» деңгейінде кемелдене білген осы бір асыл адамға қарап «адам тұлға болып тумайды, әлеуметтену процесінде тұлға болып қалыптасады» деген өміршең қағида ойыма оралды. Бойындағы жанкештілік, қалың елі үшін жасаған риясыз еңбегі және сол шаруаларға бар ниет-пейілімен, тұла бойымен түгел берілуі, өмірлік тәжірибе мен білімді тереңінен ұштастыра біліп осы ұлан істің барысында жүйелілікпен пайдалану шеберлігі, мықты рухы Бекет Тұрғараұлының тұлғалық қасиетінің асқақтығын паш етті. Жеке бастың қамын емес, қалың жұрттың қарекетін жасап, елінің ертеңі үшін еткен еңбегі Бекет ағаның беделін биіктетіп тұрғанына қарап Бауыржан батырдың «Даңқ сені өзі іздеп табуы керек, керісінше сен оны емес...» деген өткір сөзін тағы бір есіме алып қойдым. Әркім өз қара басының қамынан аса алмай жүрген мынадай жанталас заманда елін ойлаған, оның болашағы үшін алаңдайтын азаматтарымыздың бар екендігін көрудің қаншылықты қуаныш екендігін әр қазақ сезінсе ғой шіркін!

Бұған дейінгі өмірінің саналы сәттері де түгелімен қызу еңбек жолдарымен байланысты Бекет Тұрғараұлы бүгінде «Жеті жарғы» және Қожаберген жырау» қоғамдық-қайырымдылық қорының төрағасы. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген заңгері-құрметті судьясы, заң ғылымдарының докторы, профессор Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының құрметті мүшесі. Халықтық сана мен дәстүрлерді бойына жинап-қаттай білген, адамзаттық рухани биіктерді бетке ұстаудан танбайтын бірбеткейлігімен Қазақстан болашағының жарқын болуына үлес қосуды азаматтық парыз деп санайтын Бекет Тұрғараұлы есті әңгімесінің де май-



талманы болып шықты. Тәуелсіздік алғалы халық руханиятының және даналығының бастауларын бойына қалыптастырған, «Жеті атасын білетін ер мен жеті ғасыр тарихын білетін елдің» мәдениеті жоғары деңгейде дамыған ұлттық мемлекетін басқаратын, оның нығайтып

қалыптасуына ерік жігерімен үлес қосатын саналы ұрпақ тәрбиелеу, ұлттық тұлға қалыптастыру мәселесі ең басты қажеттілігімізге айналып отырғандығын ескерсек, бұл тұрғыда Бекет Тұрғараұлы өнімді табыстарымен үлгі болары анық екендігін құрметпен мойын-



Заманғас келбеті

даймыз. Себебі Бекет Тұрғараұлы елін сүйген, ұлтының ұлттық қасиетін, салт-дәстүрін, табиғи мінез-болмысын ардақтай білетін және сол жолда ерінбей еңбек етіп келе жатқан атпал азамат екендігі әмбеге аян. Ол қазақтың рухани дүниесі, әдебиеті, өнері, мәдениеті, тарихы бай халық екендігін жас ұрпақтың ой-сансына тереңінен сіңіріп, таныту жолында тынбай еңбектеніп келе жатыр. Қазақтың асыл қасиеттерін, тарихи жәдігерлерін құрметтеп, көздің қарашығындай сақтап бүгінгі ұрпаққа сол қалпында қалдыруға әрекет етіп жүр. Бұл әрине тұлғаның халық мәдениеті мен дәстүрін, оның өзіндік ерекшелігін бағалап, сүйе білгендіктен. Атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын тарихи жәдігерлер арқылы болашаққа жол салудың әрекеті. Міне, осынау мол мұра, рухани сарқылмас байлық ұрпақ тәрбиелеудің қойнауы қалың, қатпары терең кені. Сондықтан елін сүйген әр адам, саналы ұрпақ ұлтының ұлттық қасиеттерін, салт-дәстүр, табиғи мінез-болмысын қадірлеп өскені жөн екендігі заман талабынан да туындап отырған болар... Бекет Тұрғараұлының бар өмірі осы жолды жалғауға, жаңғырта дамытуға арналып келеді десек артық айтқандық емес. Оның істеген әрбір ісі, айталық судьялық қызметте жүрген кездеріндегі небір ауыр қылмыстардың жай-жапсарын қарастырып, қара қылды қақ жарғандай әділ шешім шығаруы, небір күрмеуі қиын істердің түйінін тарқатудағы батылдығы қоғамдық жұмыстардағы белсенділігімен қатар өріліп

жатыр. Қайбір шаруада болмасын тек жақсы жақтарынан көріне білген ұйымдастырушылық қарым-қабілеті, өз қызметіне деген қалтқысыз адалдығы мен небір шешуші кезеңдердегі талапшылдығының арқасында қалың көпшіліктің құрметін иеленді. Сондықтан да оның еткен еңбегі, қылған қызметі әрдайым жоғары бағаланып, ел құрметіне ұласты. Қызмет бабымен Қазақстанның түпкір-түпкірінде өмір сүруіне тура келген ағамыз құқықтық-тәрбиелік жұмыстардың қыр-сырын шебер меңгеріп, өз міндеттерін аса жоғары деңгейде атқарып отырғандығын оның өнегелі болмысынан танымыз. Бейнетке толы еңбек жолы өзіндік жемісін беріп, республика көлемінде бағаланып отырғандығын Республика Жоғары Кеңес Төралқасының Жарлығымен «Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген заңгері» деген құрметті атаққа ие болуы әйгілейді. Сонымен бірге Бекет мырзаның бастама көтеруімен сот -мәжіліс залдарының атақты Төле, Айтеке, Қазбек билердің аттарымен аталуы судьялардың рухын көтерумен қоса, халық көкірегінде даналарымыздың бүгінгі ізбасарларына деген сый-құрметін жани түскені сөзсіз. Қарапайым судьядан облыстық соттың төрағалық қызметіне дейін шарықтай көтерілген Бекет Тұрғараұлының жемісті еңбек жолдары мен жеңісті жылдарының негізінде өз мамандығына деген адалдығы, жауапкершілігі, ең бастысы адамдық пен адалдықтан аттамайтын



Тұрсынай ӘБДІҚАДРОВА
*М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің
профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы, «Қазақ тілі мен
әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі*



Назар аударыңыздар! Сенсация! Шығыс Европа түркілері тарихындағы – Әлемдік деңгейдегі ерекше ғылыми жаңалық! Внимание! Сенсация! Научный прорыв- открытие мирового уровня в истории тюрков Восточной Европы!

О ВОПРОСАХ ИССЛЕДОВАНИЯ ТАИН СОЗДАНИЯ ЗБРУЧСКОГО ИДОЛА

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР

В августе 1848 года, в обмелевшем от жары реке Збруч (пограничная река между Австрией и Россией, запад Украины), была найдена довольно странная каменная скульптура, которую нарекли Збручским идолом.[1] Она была выполнена в форме четырехгранного столба высотой 2,67 метра из серого известняка. Ей было суждено сразу стать одной из ярких и загадочных исторических памятников. Скульптура окутана множеством секретов. Не зря журналист Андрей Подволоцкий пишет: «Находка оказалась сенсационной – тайна Збручского идола не разгадана до сих пор...».[2]

Данный исторический объект привлек к себе внимание многих людей. Не зря ряд историков и археологов, искусствоведов и местных краеведов посвятили свои труды вопросам раскрытия тайн каменного истукана. Свой взгляд на необычную находку выказали местные интеллектуалы граф Мечислав Потоцкий и польский поэт Тымон Заборовский. К разгадке тайн исторического объекта подключился известный ученый академик Борис Рыбаков. В 2011 году своими выводами поделились сотрудники Института археологии НАН Украины Алексей Комар и Наталья Хамайко. Не осталась в стороне от столь запутанного и щекотливого дела редакция журнала «Загадки истории», выпустившая в свет две статьи. Первая статья принадлежала Марине Викторовой. Она называлась «Истукан из воды».[3] Автором второй статьи является Андрей Подволоцкий. Она называется «Символ языческой Руси».[4] Буквально все исследователи на проблему происхождения Збручского идола сходятся в том, что данная скульптура является памятником языческой Руси, т.е. принадлежит славянам. Такие заключения они делают с завидной на-

стойчивостью и безоглядностью. Соответствуют ли выводы ученых с реальностью? Почему в их заключениях много научных нестыковок и пробелов?

Наши исследования показали, что Збручский идол не является славянским. И тому множество доказательств. Он принадлежит тюркам, а точнее царскому роду дулат. Возникает закономерный вопрос: откуда и когда здесь появились тюрки (дулаты)?

Согласно книге средневекового историка Волжской Болгарии Гази-Бараджа «Барадж тарихы» в 620 году по приказу хана Великой Болгарии Кубрата (по прозвищу Башту), [5] его младший брат Шамбат возвел на месте аула Аскал (по-тюркски, ас – пища, қал – останься, т.е. остаток пищи) город Киев (Башту). Вскоре он двинулся со своими войсками на враждебных аваров. Талантливый полководец Шамбат их разбил, а территория врагов – Венгрия, Польша, Западная Украина (нынешнее название) – оказались под властью победителя. Шамбат встал во главе нового государства, которое назвал Дулобой (Дулебой) в честь своего царского рода Дуло (дулат). Новоиспеченный правитель, войдя в раж от неожиданно свалившегося счастья, отказался подчиняться своему родному брату Кубрату. За такой поступок хан Великой Болгарии прозвал своего своевольного и непослушного брата Кыйем (по-тюркски, қый - отрезанный).

Шамбат славно и достойно правил Дулобой (Дулебой) 33 года. Он создал крепкое государство.

Шамбат, в конце концов, потерпел поражение от непомерно усилившихся франков. Он бежал к благородному хану Великой Болгарии, ставка которого была расположена в городе Фанагория (Приазовье).

Кубрат простил своего тщеславного и гордого брата. Он вновь направил его править Киевским бейликом. Жители города Киева любили и уважали своего мужественного и расторопного градоначальника. Они назвали свой город Кыйем (согласно прозвищу любимчика), а его цитадель - Шамбатом. Эти названия указаны в



труде византийского императора Константина Багрянородного.[6]

Итак, царский род Дуло (дулат) жил как в центре, так и на западе Украины. Они и заказали сделать священную каменную статую в честь своих предков. Вера в дух предков – одна из главных религиозных основ тюркского народа того времени. Мы полагаем, что Збручский идол – это культ вождей-покровителей орды. Покровители в образе женщин давали мужчинам силу, веру и оберегали их.

Кто же являются прототипами данного изваяния? На наш взгляд на нем символически изображены двое братьев – Кубратхан и Шамбат с женами (верхний ярус). Они являлись самыми известными людьми своей эпохи.

Збручский идол состоит из трех уровней, т.е. он разделен на три яруса: верхний – божественного, средний – людского, нижний – подземного. Согласно постулатам веры тюрков-тенгрианцев мир делился на три вышеуказанных уровня.[7]

На каменном изваянии много различных изображений и знаков, типичных для тюрков, т.е. целая галерея «портретов», символических посланий и рисунков. Их нужно лишь уметь читать.

Теперь приступим к анализу внешней структуры истукана. Он каменный. Славяне никогда не делали своих идолов из камня. Они их вырезали из дерева. Каменные статуи (балбалы) – это древняя прерогатива тюрков.

Наступил черёд головы. На ней один на всех высокий головной убор – борик, что является интересным композиционным решением. Это – символ единства и общего начала. Делать головные уборы высокими – характерный стиль тюрков.

На груди статуи не славянское кольцо Лады, богини весны, покровительницы брака и любви (по академику Борису Рыбакову), [8] а тамга царского рода дулат. Кстати, до недавнего времени головной убор с тамгой дулатов носили сикей (сикели), считающие себя потомками Аттилы и тюркским народом. Они проживают в Румынии, Венгрии, Воеводине. Знаменитый король Польши Стефан Баторий (по-тюркски батыр) был выходцем из сикеев. [9]

На статуе изображен рог – один из символов царского рода дулат, к которому принадлежали Баламер, Аттила и их потомки Кубратхан и Шамбат. В 1893 году в деревне Керчев Чердынского уезда Пермской губернии было найдено блюдо (чаша) второго сына Аттилы Диггиза (Тенизхана) с надписями и изображениями. [10] На рисунке красуется корона в виде бараньих рогов. Следовательно, изображение рогов – эта древняя традиция царского рода дулат.


На Збручском идоле свое место заняло очертание сабли. Академик Борис Рыбаков считает ее оружием славянского бога Перуна. [11] Это явно ошибочное мнение. Таким оружием славяне не пользовались. Данное оружие типично для тюрков.

На статуе есть изображение единственного животного – коня. Всем известно, что это – любимое животное тюрков. Ее сопровождение естественно по своему замыслу и сути.

Изображения на всех трех ярусах отличаются друг



Збручский идол



Тамга дулатов на груди каменного изваяния




Схема рельефа, украшающего каждую сторону истукана



от друга по объему и тематике. Так, на самом высоком ярусе изображены Кубратхан и Шамбат со своими женами, занимающие значительную часть статуи. Они явно занимают привилегированное положение в композиции.

Изображения на среднем уровне – это сами дулебы (дулаты). Кстати, о том, что дулебы (волыняне) не являются славянским племенем писал известный арабский путешественник Максуди [12] и другие. К потомкам дулебов следует отнести довольно многочисленный и странный народ Западной Украины – полищук. Они явно отличаются от славян своим физическим генотипом и культурой. Отличительные черты данного народа заводят в тупик многих ученых.

На среднем ярусе артефакта изображен ребенок. Он – символ продолжения рода.

На нижнем уровне вновь изображены люди, поддерживающие руками землю. Идея о том, что дух предков поддерживает живых людей – один из краеугольных духовных основ тюрков.

На Збручском идоле наибольшую выразительность имеют руки людей, в позиции которых зашифрованы многие их мысли и чувства. Так, на верхнем ярусе правая рука людей прижата к левой груди, а левая приложена к животу. Подобным образом тюрки выражают свою благодарность Богу Тенгри, приветствуют своих предков и потомков, выражают покорность и смирение судьбе.

На втором ярусе руки людей раскинута в стороны. Мы видим их раскрытые ладони. Они олицетворяют свободу и раскрепощенность, умиротворенность и интерес людей к жизни.

Руки на третьем ярусе невероятно напряжены. Они словно несут тяжкую ответственность за свои собствен-

ные ошибки и деяния потомков. Этот нравственный постулат восходит к системе моральных ценностей тюркского мира.

На каменном изваянии есть одна мало заметная примечательность. Это усы и бороды усопших предков на нижнем ярусе. Данный факт говорит о почетном возрасте предков и является показателем солидных временных отрезков. Усы и бороды часто встречаются на изображениях каменных балбалов тюрков.

Длинная одежда людей на верхнем уровне тоже характерна для тюрков. Они больше напоминают чапан.

Наконец, есть последняя, но существенная деталь. Это – тамга аспаруховских болгар, изображенная на нижнем ярусе. Мы считаем ее тамгой-клеймом мастера.

Интересно то, что Збручский идол изначально находился на овальном пьедестале из сложенных камней, который был расположен в капищах на горе Богит или на высоком мысе реки Збруч. Их обнаружили в 1984 году члены Прикарпатской экспедиции Института археологии АН СССР. Тюрки свои святыни – тенгрианские центры-молельни – устраивали в предгорьях, на высоких берегах рек, рощах, т.е. особых природных зонах, имеющих тесную связь с космосом. И в расположении капищ проглядывается почерк действий тюрков.

Итак, перед нами сложная композиция – пантеон предков тюрков. Кстати, групповое изображение богов и людей не характерно для славян. Журналистка Марина Викторова пишет: «В то время как у славян принцип капищ был таким: один бог – один идол». [13] Збручское каменное изваяние относится к разряду антропоморфных, тогда как славяне в то время не имели таковых. У тюрков их хоть отбавляй. Кстати, каменные изваяния и, вырезанные на камне очертания людей (балбалы), были широко распространены на прежней родине дулатов – Южной Сибири, Монголии, Казахстане. Так, какие элементы других изваяний схожи (идентичны) со Збручским идолом?


Изваяния и изображение иллюстрированы в книге археологов А.Досымбаевой и Н.Богенбая. Жайсан – сакральная земля тюрков долины реки Чу. Астана-Алматы, 2015.

- Материал-камень.
- Поклонение духу предков.
- Расположение рук. Самый существенный признак. Он типичен для тюрков. Так они выражают почтение и покорность Богу Тенгри.
- Наличие усов.
- Наличие и размер сабли.
- Выделяющийся нос.
- Форма лица.
- Время создания.

Дополнительные сведения

- Кувшин – почтение Жер-Су.

Кувшинчик и рог на статуях выполняли роль посуды для хранения священной воды во время принесения клятвы. Казахи говорят: «Ант суды ішу» (Выпить клятвенную воду). И ныне молодожены пьют клятвенную воду во время бракосочетания.



Местность Жайсан
Река Чу. Казахстан



- Материал-камень.
- Четырехгранный столб.
- Тамга дулатов.
- Время создания.
- Расположение тамги.

Выводы

Каменное изваяние-ценнейший исторический источник.
Это – «паспорт» народа.



- Материал-камень.
- Поклонение духу предков.
- Расположение рук.
- Наличие сабли.

Выводы

«Культ предков-одна из древних и распространенных форм политеизма, в основе которой лежит поклонение умершим прародителям и сородичам, и вера в то, что предки магически участвуют в жизни потомков».



- Материал-камень.
- Поклонение духу предков.
- Тамга дулатов на голове.
- Расположение рук.

Выводы

Каменные изваяния древности тесно связаны с культом предков.[14]

«Бабу (каменное изваяние-А.Д.) так же следует относить к общему ареалу тюркского кочевого наследия».



- Материал-камень.
- Поклонение духу предков.
- Расположение рук.
- Наличие головного убора.
- Наличие усов.

Дополнительные сведения

- Кувишин – почтение Жер-Су.
- Статуи символизировали предков. Они – сложная система представлений тюрков.



- Тамга времен и народа Кубратхана и его сына Аспаруха.
- Традиционный маркер культуры тюркских народов на территории Евразии.
- Подобные тамги имеют авары, кумыки, племена табын, телеу, керейт, черкеш.

Выводы

Тамги – «паспорт» рода и племени



- Материал – камень.
- Поклонение духу предков.
- Расположение рук.
- Наличие усов.
- Антропоморфность.


Дополнительные сведения

- Наличие кувшинчика.
- Поклонение Жер-Су.

Антропоморфные каменные изваяния высотой от 1 до 4 метров встречаются в степной полосе России, Южной Сибири, в Азербайджане, на востоке и западе Украины, в Германии, в Польше, Средней Азии, Казахстане, Монголии и других территориях.

В настоящее время древнетюркские изваяния демонстрируются в следующих городах: Горно-Алтайске, Бийске, Барнауле, Новосибирске, Томске.

Антропоморфная статуя Устюрта. Байте III



Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінгі дейін. Бес томдық. 1т. Алматы Атамұра, 2010

- Материал-камень.
- Поклонению духу предков.
- Тамга дулатов на уровне бедер.
- Наличие головного убора.
- Антропоморфность.
- Четырехгранный столб.

Дополнительные сведения

Племя или род, воздвигнувшая каменную скульптуру, считался хозяином местности.



- Материал – камень.
- Поклонение духу предков.
- Расположение рук.

Дополнительные сведения

Советский искусствовед А.А. Федорова-Давыдова считала, что древние скульптуры издавна привлекали русских людей и служили своеобразным символом господства кочевников над степью.




- Материал – камень.
- Поклонение духу предков.
- Расположение рук.
- Сабля.
- Усы.

Дополнительные сведения

- Наличие бокала.
- Поклонение Жер-Су.

Выводы

Новейшие материалы истории свидетельствуют, что тюрки в древние и средние века имели огромное влияние на необъятных просторах Евразии.




ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР

- Материал – камень.
 - Тамга дулатов.
- Дополнительные сведения
- Тамга ботбаев.
 - Неясны прорисовки тамг албанов и суанов.

Выводы

Каменные изваяния, тамги, материалы археологии и нумизматики, словарные и геральдические заимствования, топонимы и гидронимы тюрков в Европе открывают новые грани и страницы всемирной истории. И письменные источники тоже заговорили по-новому.



Этокский памятник.

Найден в с.Эток., на берегу реки Этоко, правого притока Подкумки. Северный Кавказ. Время создания IV век.

- Материал – камень.
- Поклонение духу предков.
- Расположение рук.
- Тамга дулатов на уровне бедер.
- Лошадь.
- Сабля.

- Высота Этокской скульптуры – 2,66, а Збручского идола на 1 сантиметр выше.

Выводы

Благодаря европейским историческим источникам мы выходим на новые ступени тюркской истории.



Керносовский идол. Днепропетровская область.

- Материал – камень.
- Поклонение духу предков.
- Расположение рук.
- Четырехгранный столб.
- Наличие усов.
- Тамги уйсуней и её племени дулат на верхней части спины.
 - тамга дулатов.
 - тамга уйсуней.
 - вторая тамга уйсуней.
- Тамги уйсуней и ботбаев, рода племени дулат на уровне задней стороны ног.
- тамга уйсуней.
- тамга ботбаев.
- Многожанровое скульптурное полотно.

Дополнительные сведения

На наш взгляд Керносовский идол создан в период Великого переселения народов – II-V вв. Гунны, в их числе древние казахские племена и роды, – главная движущая сила в невиданной доселе миграции.



- Материал – камень.
- Поклонение духу предков.
- Тамга дулатов на уровне живота.
- Расположение рук.

Дополнительные сведения

«Всего прусских каменных изваяний с «человеческим лицом» насчитывается более 20...» Р. Широухов. [26] Каменные изваяния в Пруссии, Польше создали гунны-тюрки. Эти территории были одним из центров Империи Аттилы.



- Материал – камень.
- Поклонение духу предков.
- Расположение рук.
- Четырехгранный столб.
- Наличие рога.

Дополнительные сведения

В Западной Европе встречаются гуннские погребения с лошадьми и другими атрибутами тюркской культуры. Слово «баба» происходит от тюркского слова «баба», которое означает «отец» или «предок».



- Материал – камень.
- Поклонение духу предков.
- Расположение рук.
- Шлем.

Дополнительные сведения

По всей Евразии можно насчитать несколько тысяч древних каменных скульптур (идолов, баб, балбалов, кулыптасов). Большинство данных скульптур принадлежат тюркам. Ряд из них случайно или варварски уничтожены.



**Сикии – потомки Атиллы.
На головном уборе сикия тамга дулатов**



**Дулебы (дулобы, дулаты) – жители Восточной Европы.
Реконструкция**

Тамги дулатов нами обнаружены на следующих изображениях и объектах:

1. На одном из гербов Англии.
2. На гербе бояр Романовых.
3. На первом гербе Европы, изображенного на могиле Жоффруа Плантагенета.
4. На кресле английского короля Эдуарда. Скунский камень.
5. На изображении шита датского воина из вяржеской стражи императора Византии Алексея V Дуки.
6. На крыше реконструированного дома Треллеборского музея эпохи викингов. Дания.
7. На монетах Меровингов. Франция.

Выводы

Указанные выше факты – это результат военных походов Атиллы в Европу. Благодаря военным, материальным и другим качествам, гунны вошли в состав европейской элиты, а потомки Атиллы заняли места в рядах царствующих династий.



Дулоба (Дулеба). Великая Болгария. Авария

Выводы

В Западной и Восточной Европе появилось не только большое количество тюркских каменных изваяний, но и огромный массив их слов, тамг и археологических артефактов. Все эти явления свидетельствуют о глубоком и долговременном проникновении гуннов в западном направлении. Тюрки, выражая уважение духу отцов и дедов, ставили в их честь и деревянные скульптуры. Якуты их называли сэргэ, а чувашки – юба.



Юба.

Этнопарк санатория «Чувашия». Республика Чувашия. Фото автора.

Збручский идол состоит из двух мужских и двух женских скульптур. Такая практика имела место и в Семиречье. «Нестандартным для этнической культуры восточных тюрков, является и факт совместной установки мужских и женских изваяний на многосекционных, ритуальных сооружениях, как было зафиксировано на памятниках Жайсан 14, 15, 27».

На Збручском идоле тамга дулатов выделяется на груди одного из персонажей. Такая форма изображения имела место и в Семиречье. «Отдельные типы родовых тамг, которые выбиты на скалах святилища Жайсан дублируются аналогичными тамгами на стелах, изваяниях и тамговыми подвесками, изображенных на груди тюркских статуй». [35]

Збручский идол уникален, неповторим, нестандарт-

тен, но не одинок. Его «собратья» имеются во многих уголках Евразии. «Близкие, по стилю изображения изучены на территории Монголии, Тувы, на Алтае, Южном Урале, Семиречье и Сары-Арке». [36]

Композиция на каменном изваянии – это отражение философии тюрков, их мировоззрения и ощущения тайн жизни, система нравственных ценностей, история и взгляд на прошлое, настоящее и будущее, т.е. умение их комплексно связать.



Артефакт из Збруча выражает огромную гамму духовных ценностей тюрков, т.е. является энциклопедией древней культуры. Сие творение бесценно. Настало время прикоснуться к шедеврам искусства предков и потомков Кубратхана и Шамбата, прочувствовать величие творения далекого прошлого. Пришла пора установить копии Збручского артефакта в Астане и Алматы, Таразе и Шымкенте. Сегодня он хранится в Краковском музее, а его копии в натуральную величину имеются и демонстрируются в музеях Москвы и Киева, Львова и Тернополя. Мы благодарны этим музеям за хранение и сбережение святыни тюрков. Пусть славные деяния Кубратхана и Шамбата осветят путь как славян, так и тюрков! Ссылки и примечания

1. Збручский идол [https://ru.wikipedia.org/wiki/Найден у села Гусятин Тернопольской области Украины](https://ru.wikipedia.org/wiki/Найден_у_села_Гусятин_Тернопольской_области_Украины).
2. Журнал «Загадки истории» №38 2018.
3. Журнал «Загадки истории» №30 2014.
4. Журнал «Загадки истории» №38 2018.
5. End of Гази-Барадж тарихы. Бахши Иман. Джаффар тарихы. Т.3. Оренбург, 1997.
6. Византийские источники. Конастантин Багрянородный. Об управлении империей <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
7. Р.Н.Безертинов. Древнетюркское мировоззрение «Тенгрианство» http://kitap.net.ru/bezertinov_1-7.php.
8. Журнал «Загадки истории» №30 2014 г.
9. А.Даутбеков. Тамги Аттилы и гуннов. Шымкент, 2018, с.110-111.
10. Блюдо Диккиза «Татарская газета». <http://tatar.yuldash.com/136.htm/>
11. Журнал «Загадки истории» №30 2014.
12. А.Даутбеков. Дулаты. Шымкент, 2016, с.140-141.
13. Журнал «Загадки истории» №30 2014.
14. Каменная баба <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
15. Там же
16. Культ предков <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
17. А.Даутбеков. Тамги Аттилы и гуннов. Шымкент, 2018, с.6-7.
18. Мустафаева А. Каменные скульптуры на Алтайских горах https://el.kz/ru/puteshestviepage/-kamennye_kamennye_skul_pturi_na_altaiskin_qorah/
19. Каменная баба <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
20. Урянхайский край (Тува) <http://www.spsl.nsc.ru/history/deser/uranh.htm>
21. Л.А.Евтюхов. Каменные изваяния Южной Сибири и Монголии. т.1., М., 1952.
22. Этокский памятник <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
23. Зеленчукская надпись. <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
24. Керносовский идол <https://dostoyanieplaneti.ru/2760-kernosovskij-idol> Найден у села Керносовки Новомосковского района Днепропетровской области.
25. Р.Широухов. Каменные «бабы» пруссов https://visitprussia.com/phussia/kamennye_baby-prussov/
26. Там же
27. Там же
28. Там же

29. А.Даутбеков. Тамги Аттилы и гуннов. Шымкент, 2018, с.110.

30. Там же, с.102-105

31. Журнал «Загадки истории» №10 2015.

32. Ә.Дәуітбек. Дулаттар. Алматы, 2019, 130 бет.

33. Сборник трудов международной научной конференции «Национальный дух – батыры Великой Степи». Шымкент, 2019, с.75.

34. А.Досымбаева, Н.Богенбай. Жайсан сакральная земля тюрков долины реки Чу. Алматы-Астана, 2015, с.12.

35. Там же, с.72.

36. Там же, с.33.



**Абдукадыр
ДАУТБЕКОВ**
научный сотрудник ЮКУ
имени М.Ауезова,
академик Чувашской АН,
член Союзов писателей
России и Чувашии

Слово о масштабном научном прорыве и пово- ротном рубеже в исследовании истории тюрков Восточной Европы

Старые научные идеи, основанные на ошибочных приоритетах, рано или поздно разрушаются. Такая участь постигла прежнее научное обоснование вопросов создания Збручского идола. Его долгие годы считали славянским творением. Главным инициатором такого толкования историко-культурных показателей древней скульптуры был известный ученый, академик Борис Рыбаков. В советские времена его мнение считалось неоспоримым. Никто не смел перечить столь авторитетному представителю научного мира.

Збручская скульптура была найдена в августе 1848 года вблизи нынешнего села Гусятин Тернопольской области. С тех пор утекло много воды в реке Збруч, где была обнаружена таинственная находка.

Вот уже многие годы она волнует ученых многих стран. Историки археологи, искусствоведы и местные краеведы пытались дать свои объяснения вопросам происхождения столь необыкновенной скульптуры. Они безоглядно и слепо тянули одеало в одну сторону, утверждая, что каменное изваяние принадлежит славянам. И их потуги были напрасными.

Ошибочность преставлений о Збручском идоле выявил казахский ученый Абдукадыр Даутбеков. Он до основания разрушил и развеял все прежние трак-



товки о происхождении этой скульптуры. Ему удалось мастерски научно обосновать, что создателями данного каменного изваяния являются тюрки, а конкретно, представители племени дулат. Ученый скрупулёзно проанализировал все детали и черты, знаки и сюжеты скульптуры. Они неумолимо свидетельствовали о том, что за ними таится почерк действий ваятелей тюркского мира. Самое важное в исследовании – это сравнение и сопоставление А.Даутбековым изображений древних скульптур всей Евразии со Збручским идом. Такой научный подход принес исследователю успех.

Благодаря ученому достигнут масштабный научный прорыв в истории тюрков Восточной Европы. Его можно смело назвать новатором в исторической науке. Исследователь наглядно и многопланово продемонстрировал силу своих убеждений и выводов. Его заслуги неосенимы.

Итак, ученый А.Даутбеков внес огромный научный вклад в казахстанскую историческую науку. Можно

смело утверждать, что его исследовательский успех относится к разряду мировых научных достижений.

Теперь ученый стремиться к тому, чтобы культурное достояние предков нашло место и в Казахстане. Так будет восстановлена историческая справедливость – древнее тюркское изваяние признают сами тюрки. Данная работа повлияет на подъем патриотического, воспитания населения и активизацию исследовательских работ ученых.

А.Даутбеков просит Правительство РК, Министерство культуры РК, ректораты ВУЗов и руководства республиканских и областных историко-краеведческих музеев изготовить и установить копии Збручского идола в ряде городов республики. Мы одобряем и поддерживаем начинания ученого.

Мекемтас МЫРЗАХМЕТОВ

доктор филологических наук;

Аскар АБДУАЛИ

доктор исторических наук;

ЗБРУЧ МҮСІНІНІҢ ҚҰПИЯСЫ НЕСІМЕН ҚҰНДЫ?

Қашанда ізденісте жүретін ғалым ағамыз Әбдіқадыр Дәуітбеков жақында «Збруч мүсінінің құпиясы - дулаттардың қасиетті ескерткіші» атты еңбегін жазды. Сөз жоқ, бұл-дағы ағамыздың тынымсыз, қажырлы еңбегінің арқасында жарыққа келген құнды дүние. Збруч өзені 1848 жылғы тамызда күннің аптап ыстығынан суы тартылады. Аталған өзен - Батыс Украинадағы Австрия мен Ресейдің арасындағы шекаралас өзен. Осы өзеннен елді елең еткізген Збруч мүсінінің таңғажайып тас ескерткішінің табылуы шын мәнісіндегі тарихи оқиғатұғын. Биіктігі 2,67 метр болатын төрт қырлы баған үлгісіндегі сұрғылт түсті ақ тастан жасалған ескерткіш көргендерге түрлі ой салды. Аса құнды әрі жұмбақ тарихи тас ескерткіштердің қатарын толықтырған осынау жәдігердің сырын білмекке ұмтылғандардың қатары көп еді. Ғалымдардан бастап журналистерге дейін мүсін туралы түрлі ой қозғады. Алайда, Збруч мүсінінің құпиясы әлі күнге дейін ашылмай келе жатыр деп, сәуегейлік байлам жасағандар да болды... Тарихшылар мен археологтар, өзге де өнер зерттеушілері, жергілікті өлкетанушылар бұл бағытта күштерін сарқа жұмсады. Тіпті, белгілі академик Б.Рыбаков та ескерткіштің құпиясын ашуға ұмтылды. 2011 жылы Украина Ғылым академиясы археология институтының қызметкерлері Алексей Комар мен Наталья Хамайко бұл жөніндегі өздерінің көзқарастарын жариялады. Тіпті, «Загадки истории» журналының редакциясы да мәселеден шет қалмай, аттарын бәйгеге қосты. Аталған журналда М.Викторова өзінің мақаласын жариялап үлгерді. Ал екінші мақаланы А. Подволоцкий өз көзқарасын оқырмандарға ұсынды. Алайда, қашанда өзгелерден өздерін биік қоятын славян жұртының өкілдері бұл табылған олжаны «орыстың ежелгі символы» деп атады. Сайып келгенде, осы мүсін жайлы зерттеу жүргізіп, қорытындыда оның славяндарға тиесілі деген байламға келді. Міне, осы тұста

қазақтың «Байдың малын байғұс қызғанады» мақалы еріксіз еске түседі екен. Бұлай айтуымызға ғалымдардың мұндай қорытындыға келуі шындыққа мүлдем жанаспайды. Әйтеуір, құнды дүние ғайыптан тайып, қолға түсе қалса, «Бәрі біздікі!» деген кеудемсоқтық орын ала береді.

Осындай жаңсақ пікір мен ойларға құрылған шығармаларға қарсы шыққан академик Ә.Дәуітбеков Збруч мүсінінің славяндарға ешқандай қатысы жоқтығын дәлелдеді. Себебі, табылған мүсін шындығын айтқанда, дулат тайпасының патшалар әулетіне тиесілі екенін дәлелдеп отыр.

Болгариядағы Волганың ортағасырдағы тарихшысы Гази-Барадж өзінің «Барадж тарихы» еңбегінде 620 жылы Ұлы Болгарияның ханы Құбыраттың пәрменімен інісі Шамбатты Аскал ауылының орнына Киев қаласының іргетасын қалағанын айтады. Кейінірек бұлар өздерімен алакөз болып жауласқан аварларға қарсы майдан ашады. Қолбасшы Шамбат оларды тізе бүктіріп, өздеріне бас иідірді. Мұның да жөні бар еді, Шамбат өзінің арғы аталары патшалық құрған дулат әулетінің құрметіне Дулоба мемлекетін құрады. Билік қолға тиген соң даңдайсып кетеді емес пе? Ол ағасы Құбыратты мойындағысы келмеді. Кейбіреулер Ұлы Болгарияның ханы інісінің мұндай сорақы тірлігінен кейін бауырын Қый (түрікше қи - кесіп тастау) деп атап кетті. Шамбат Дуловаға билік жүргізіп, 33 жыл бойы билік салтанатының тәтті дәмін татты. Расында, ол өте қуатты, мықты мемлекет құрған еді. Алайда, өзгенің сөзіне құлақ аспайтын Шамбат кейінірек франктардан жеңіліс табады. Соңында, ол Ұлы Болгария ханының әскеріне келіп қосылды... Әрине, Құбырат қанша дегенмен даңққұмар інісін кешіреді. Шамбат бұдан кейін Киев қаласына басшы болып, елдің құрметіне бөленді. Міне, осылардың барлығын академик Әбдіқадыр Дәуітбеков өзінің



еңбегінде жан-жақты баяндады. Қорытындыда, дуло патшалар әулеті Украинаның ортасында да, батысында да емін-еркін өмір сүрді. Сондықтан да болар, олар өз бабаларының әруағына арнап тас мүсін жасауға тапсырыс береді. Бұл сол тұстағы түрік халықтарының діни нанымдарына сәйкес ата-баба рухын құрметтеудің бір белгісі болатын.

Жалпы, Збруч мүсіні төңірегінде академик ағамыз оның барлық кескін-келбеті жайлы жан-жақты баяндаған. Оны тәптіштеп жатудың реті жоқ секілді. Ежелгі түркілердің діни нанымдары бойынша жасалған тас мүсіндегі қашап жасалған бейнелер айқын көрінеді. Автор бұл жағына да өте жіті көңіл бөлген. Онысын түрлі сипатта, саналуан етіп баяндайды. Қысқасы, тас мүсіндер (балбалдар) - түркілердің дәстүрлі өнері. Осыған қарап-ақ, ол түркілердің салтын алға тартады. Тіпті, осындай мүсіндердің барлығын олар ата-бабаларының әруақтарына арнаған. Автор бұл мәселені де жадынан шығармаған. Академик ағамыз сонымен қатар түркілердің күнделікті басына киген қалпағына дейін назар аударады. Бұл бас киім - бөрік. Тас бейнеде ол әдемі айшықталған. Бір жағы, сол кездегі түркілердің киім үлгісі ынтымақ пен бірлікті паш етіп тұрғандай. Осы үлгі-өнеге қазіргі кезге дейін өз жалғасын тапқан. Тас бейненің кеудесіндегі қашалған суретті академик Б.Рыбаков өздеріне телиді. Жоқ, бұл керісінше. Өйткені, мұндай бейне дулаттардың таңбасы екендігін айшықтайды. Сикейлер қазірге дейін өздерін Аттила мен түркі халықтарының ұрпағына балайды. Тарихшы бұл

мәселені де қаперінде ұстаған. Сонымен бірге, Збруч мүсінінде қылыш бейнесін академик Б.Рыбаков славян құдайы Перунға қатысты деп санайды. Өте қате пікір. Бұндай қаруды тек түркілер ғана қолданған. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні - ата-бабаларымыз бен олардың ұрпақтарының сонау бағзы замандардағы өнер туындысын мойындаудың кезі келіп жетті. Автор сол себепті Збруч мүсінінің көшірмесін жасап, Астана, Алматы, Тараз, Шымкент шаһарларының көрнекті жерлеріне қоюдың кезі келіп жеткендігін еске салады. Тас мүсіндердің көшірмелері Мәскеу, Киев, Львов және Тернополь қалаларындағы музейлерде бар екендігін жеткізеді. Академик ағамыз түркі халықтарының дүниесін көздің қарашығындай сақтаған аталған шаһарлардың тұрғындарына алғысы шексіз екендігін білдіреді. Міне, көріп отырсыздар, тарихты бұрмалап, оның шындығын айтпай, сұмдығын айту қашанда халықтар арасына сызат түсіретіндігі сөзсіз. Сол себепті, Чувашия Ғылымдар академиясының академигі, Ресей және Чувашия Жазушылар одақтарының мүшесі, М.Әуезов атындағы университеттің ғылыми қызметкері Әбдіқадыр Дәуітбековтей ағамыздың тарихи ізденіске толы, мақсатқа жетпей тынбайтын қажыр-қайратына сүйсіне отырып, оның бұл шығармасын ғылымға қосылған үлкен олжа деп айтуға толық негіз бар.

Қазақстан Журналистер одағының мүшелері:

**Ахметжан БЕРДІҚҰЛ,
Асылжан ШӘЙДІЛДАЕВ,
Мәдияр ЕРАЛЫҰЛЫ**

ҒИБРАТ

ҚОС БАЙЛАНЫСТАР

Ел болған соң – ер туады. Елі болмаған ер – бетін жаспен жуады.

Жерсіз ер – ер болмайды, ерсіз ел – ел болмайды.

Жер – ел нәсібі, ел – ер нәсібі.

Байлықтың анасы – жер, әкесі – еңбек.

Бірлігі жарасқан ел – болаттай мықты келеді,
Бапталған жер – жомарттана елге несібе төгеді.

Су – егістің таза қаны, еңбек – дақылдың жаны.

Ер – елдің баласы, жер – елдің панасы.

Малға азық – жерде, Ерге азық – елде.
Елге азық – қолда, Бөріге азық – жолда.

Туған жерге жер жетпейді, туған елге ел жетпейді.

Елдегі сөз зая кетпес, өз еліңде ешкім сені кеудеге теппес.

Туған елдің қадірін біліп жүрген дұрыс.

Дәнді ексең жайқалып дақыл шығады, ой мен ақыл біріксе, нақыл шығады.

Маңдай тердің өтеуі, ризық болып жетеді.

Миды қалғытпай, еңбекпен суар – сонда шалқар ой туар.

Өзін-өзі мақтаған – надандықтың белгісі,
Өзгені өзге мақтаған – адалдықтың белгісі.

Ағасы құрметтінің інісі дәулетті.

**Нұрмахан ТІЛЕГЕНОВ***зейнеткер,**Жамбыл ауданының Құрметті азаматы.*

Ағаға құрмет, ініге – дәулет.

Іні – ағадан өмірлік өнеге алар,
Аға үшін – даналар салған сара жол бар.

Жақсы адамдардың өзіне де, өміріне де табынған
дұрыс.Өмірден өтсе де, рухтанар күш берер істеріне қа-
рап, ондай тұлғаларды сағынған дұрыс.

Игілікті іске құлшын, тосқауыл болмас, мың сын.

«Көршіміз жақсы» - деп, бара берме, бергендерін,
«берді» -деп, ала берме.

Тілектің жүрекке жетер құндысы да, құнсызы да
бар. Оны айыра білген жөн.

Сөз жүйесін табар болса, шешілмейтін іс қалмас.
Сөз қадірін білгендерден, алшақтамай бол сырлас.

Өтініштің де өктемі және өзектісі боларын білу ке-
рек.

Айтақтағанға арсылдап ұмтыла беру, тек арсыздар-
дың ақ қолынан келеді.

Қиял – ойға қанат берер, ой – тілге қанат ілер.

Тегінді сақтаймын десең – ұлынды тәрбиеле,
Ұлтыңды сақтаймын десең – қызыңды тәрбиеле.

Сыйластық пен шынайы ілтипат орын алған жерде,
жақсылық біткен жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай
қаптап жүреріне шүбәң болмасын.

Мұқтаждық өтеу – игілікті іс, ол істі, сыртқа шығар-
мас тіс.

Тарыға берсең дүние тарылады.
Кең көңілге тар дүние кең болып көрінеді.
Тарықпаған жөн.

Ынтымақ жарасса, ырыс молайады,
Баянды бақыт қонып, ел тоғаяды.

Сұлулық арбайды,
Татулық самғайды.

Жалғыздың үні алысқа кетпес,
Жаяудың шаңы тобыққа жетпес.
Білек бірігіп топтанса егер,
Жанылған қайраттан қыл да өтпес.

Күлекеш қыздың айналасы жігітке толар,
Жуылмаған былғанышқа шыбын үйір болар.

Өмірді адам өзгертсе, өмір – адамды өзгертер.
Дос пен дұшпанды, тірі жүрсең көз көрер.

Сыйласқандық – табынғандық емес.
Сыйлай білген адам – өзін сыйлата да біледі.

Қанша мықты болсаң да, Ағайынсыз, достарсыз,
Құмдағы жалғыз шынардайсың.
Ышқынған жел-дауылдан, Қопарылып түбірің,
Қайтып тұра алмайсың.

Досы көпті жау алмас,
Ұйымшылды дау алмас.

Қас-дұшпаннан жақсылық күтпеу –
Басты шарт: сақ жүру, бойды тіктеу.

Ұсынылған сыйлық қаншалықты қымбат болса да,
сыйлап сый көрсету одан да қымбат.

«Алаған қолым - береген» деген, өзің біреуге
рақым-шапағат жасамасаң, саған да ешкім рақым-ша-
пағат жасамайды. Ол алма-кезек дүние. Берсең – ала-
сың, ексең – орасың деген сол.

Қарт біткеннің бәрі де, бұл фанидің қонағы,
Жасы келсе әркім-ақ, имиген шал болады.
Отырып қалмай, көп қамын ойлап, қарбаласып,
Көңілге тоқығанын бірлік үшін арнаса,
Шал аты өзгеріп, қариялық атты алады.



Қауіп-қатер, қорқыныш, қырағылықты керек етеді,
Қырағылық – ой қозғап, ақылдың арнасына жетеді.

Ықыластану көңілге тән,
Көңіл қуанса, елжірер тән.

Өсекшілдік – өрт,
Жандайшаптық – дерт.

Ауруды алтын төсек емдемейді –
Ықыласты ілтипатқа ұласқан,
Жарқын көңіл мен дәрі-дәрмек емдейді.

Олақтық орға жығады, салақтық сорға тығады.

Дәм татуы ауызға жағады,
Көз әрліні іздеп табады.

Тіл жасырған көп сырды, көз білдіріп қояды,
Өйткені, көз – көңіл-күйдің айнасы ғой баяғы.

Қыз ынтығып, жігіттің асығып тұруы –
Махаббаттың шынайы шыңы болады.
Іңкәрларға бақыт өзі келіп қонады.

Шымбайына тиген сайын жау өшігер,
Сөз жүйесін дәл тапқан дауды өшірер.

Намыстан шын егес туар,
Әділет үстемдік құрар.
Иін тіреске бармаса да,
Жолсыздардың сағы сынар.

Бәлеқор болмасаң, бәленің сенде ісі болмайды,
Бәлеге иық бере жүрсең, бәле санаңды торлайды.

Кекшіл адам, көпшіл болмас.

Адамдарда мінез бен қулық сан түрлі,
Ар-ұят болмаған жөн, жиренердей тым кірлі.

Шаттық пен күйініш алмасар,
Ессіздіктің өкініші де жалғасар.
Адамгершілік пен ар-ұятты сақтаған,
Шынтуайтында жүз жасар.

Бақыт тек байлыққа тәуелді емес.
Рухани жан-дүниенің кемелденбей,
Бақыт – өтіп кетер елеусіз елес.

Адамнан ар кеткенде, көңілден сән кетеді.
Тоғышарлықтың тонын киіп, өмірі бүрсеңмен өтеді.

Тегін байлық адамды тентек етер.
Өлшеусіздік қиястыққа ұласып,
Өмір өксіп, еңсе түзелмей өтер.

Тазалық – денсаулық,
Денсаулық – шын байлық.

Сұраншақтың тіленумен күні батар,
Көрсеқызарды тойымсыздық титықтатар.

Бие мінсең, құлын күтпе,
Сойып жесең, өспес түкте.

Жалғыз құлын қалғанмен – тұяқ қалады,
Артыңда қалған бала – мұрат болады.

Таныс болыңыздар: «ҚАРАХАННЫҢ» жаңа авторы

Сейітқазиев Әдеубай Садақбайұлы – 12 сәуір 1950 жылы, Қытай Халық Республикасының Құлжа қаласында дүниеге келді. 1963 жылы Қазақстанға келді.

1969 жылы Жамбыл қаласында №5 қазақ орта мектебін бітірген. 1970 жылы Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтының (ЖГМҚИ) жанындағы дайындық бөлімін бітірді, 1971 жылы осы институттың «Гидромелиорация» мамандығына оқуға түсті.

1980 жылы 06.01.02 – «Мелиорация және суғармалы егіншілік» мамандығы бойынша ЖГМҚИ-ның аспирантурасының күндізгі бөліміне түсті. Аспирантураны бітіргеннен кейін аға ғылыми қызметкер, ал 1984 жылы «Ауыл шаруашылық мелиорациясы» кафедрасында ассистент қызметін атқарды.

1988 жылы «Промывка и освоение целинных засоленных земель Алакульской впадины» тақырыбында техника ғылымдарының кандидаттық дәрежесін қорғады. 1988-1993 жылдар аралығында «Агромелиорация» кафедрасында аға оқытушы қызметін, 1994 – 1996 жылдары «Ауыл шаруашылық мелиорациясы» кафе-

драсында аға оқытушы, 1996 – 1998 жылдары доцент қызметін атқарды. Ал 1998 – 2000 жылдары «Жерді мелиорациялау және рекультивациялау» кафедрасының доценті. 2003 жылы 31 қазанда, докторлық диссертация тақырыбы: «Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның геоэкожүйелеріндегі тұзданған топырақтың су-тұз алмасуы негіздеу» атты, 25.00.36 – Геоэкология мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғап, 24.06.2004 жылы ЖАК-тың шешімімен техника ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алды. 2004 жылы қыркүйектен 2005 жылдың оқу үрдісінде «Жерді мелиорациялау және рекультивациялау» кафедрасының профессоры міндетін атқарды. 2005-2010 жылдар аралығында Д14.13.02 докторлық диссертациялық кеңестің мүшесі. 27 маусым 2008 жылы ЖАК-тың шешімімен Геоэкология мамандығы бойынша профессор атағын алды.

2008 жылы 13 қазанда «Қазақстан республикасының ғылымын дамытудағы сіңірген еңбегі үшін» төс белгісімен марапатталды. 2005 жылы қыркүйектен 2012 жылы желтоқсанға дейін «Экология» кафедрас-



Сейітқазиев Әдеубай Садақбайұлы

ының меңгерушісі қызметін атқарады. 2009 жылғы 18 Ақпанда ҚР БЖҒ Министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» деген атаққа мемлекеттік грантты жеңіп алды. Ғылыми-әдістемелік жұмыстар саны - 455 -тен астам, оның ішінде - 7 монография, экологиядан зертханалық және тәжірибелік жұмыстарды орындауға арналған оқу-әдістемелік құралы, 7 оқу құралы авторлармен бірлесіп баспадан шықты, 12 өнертабыстары баспада жарияланды. Профессор Ә.С.Сейітқазиевтің жетекшілігімен 11 ізденуші-аспиранттар техника ғылымдарының кандидаты дәрежесін, 2 PhD философия докторы атағын алды. 35 магистрант қорғап, ғылым магистрі атағын алды. Педагог-маман ретінде 100-ден астам инженер-гидротехник, 40-тан астам студент эколог-бакалавр жоғары кәсіби білікті атақтарға жетуіне жетекшілік етті. 2010 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» атағын алды.

2011 жылдың қыркүйегінен 2013 жылдың қыркүйегіне дейін «Экология және биология» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. 2011 жылы Қазақстан республикасы Ауыл шаруашылық министрлігі Су ресурстары комитетінің «Құрмет грамотасы» мен марапатталды. 2012 жылы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің «Экология саласының үздігі» төс белгісімен марапатталды. 2013 жылдан бастап «Экология» кафедрасының профессоры, 2015 жылы қыркүйек айынан бастап «Мелиорация және агрономия» кафедрасының профессоры қызметін атқарады. Қазақ хандығының 550 жылдығына орай 3 қараша 2015 жылы «Мұхам-

мед Хайдар Дулати -Үздік табыстары үшін» төс белгісімен марапатталды. 2018 жылы 9 қыркүйекте «Құрмет грамотасы» ТарМУ-дың алпыс жылдығына орай ҚР БЖҒМ марапаттады. 2020 жылы «Ресей Жаратылыстану ғылымдары Академиясының Академигі» атағын алды. Ресей ғылымына және біліміне еңбек сіңірген қайраткер» (24 наурыз 2020 ж.) атағын берді. Үйленген: әйелі, екі ұл, екі қыз, 21 немерелері, төрт шөбересі бар.

Уақыт, тіл, мүмкіндік...

Уақыт өтті, ана тілмен сөйлегін,
Мүмкіндігің- өмір жолын білгенің .
Тіршіліктің көздегені тазалық,
Бұл өмірде жеткізеді білімің.
Уақыт, тіл, мүмкіндік, білім, еңбек,
Тіршілікке қажеттің бәрін жеңбек.
Осы айтылған жазбалар орындалса ,
Ізгіліктің жемісін мәңгі көрмек!
Білімсіз мақсатқа жету өте қиын,
Еңбектенсең табарсың асыл бұйым.
Уақыт - тіршіліктің кілті болса,
Тіліңмен тірлігіңе өнер жиғын.
Адамның бір арманы қызмет ету ,
Сол еңбектің жемісіне құрмет ету.
Білім мен еңбегіңнің нәтижесін,
Өмірдегі келбетін көзбен көру.
Адамзат армандайды мақсатты ойға ,
Жетсем деп үміттенер жақсы жолға .
Бәрі де кәсібіңе тек байланысты ,
Шарықтап өсіре біл ойларыңда.
Адамның жазатыны ізгі ойлар ,
Жақсының лебізіне көңіл толар .
Замандас дәуіріңде шарықтағын,
Есте қалар жаңаны қолданыңдар!
Біз айттық өмірдегі мүмкіндікті ,
Еңбек етсең, көрінер күнделікті.
Жақсыдан артында оның ізі қалар ,
Өшпейтін мәңгілікке орны болар.
Дәріптеп тілімізді көркейтейік ,
Біліммен еңбектеніп өркендейік.
Тіршілікте уақыт пен мүмкіндікті,
Ұрпаққа үлгі етіп өрбітейік!
Жақсы сөз көңіліңді көтереді,
Еңбектенсең қажетіңе жеткізеді.
Еңбек пен білім егіз түсінгенге,
Кәсібің еңбегіңмен түрленеді.
Бабалардың жолы қандай ғибратты,
Әр отырыс тарихнама, дастан еді.
Сағынамын аталардың күндерін,
Мақамы мен ойға толы үндерін.
Атқан таң мен батар күннің үрдісі,
Адамзаттың тіршілігінің тынысы.
Мен байқаған жақсы істер,
Қолайлы еді өмір сүру тұрмысы.
Әке сөзі - атылған ол оқ еді,
Ана сөзі - ақ жаңбырдай сел еді.
Рух беріп, қамшы ұстаған дәуірде,
Сана-ақыл әділ істің кілті еді.
Әкелерім – егін екті, мал бақты,
Малдарына – қыс азығы шөп шапты.
Шопан болып, қой бағып өрісімде,
Ұрпағына азық пен барын тапты.



Мен табынамын әкелердің рухына,
Табан тіреп, істеген төзіміне.
Тіршілікте мұңаюды білмеген,
Қайраттанып құлшынған ұлы ісіне.
Әкелердің жолы қандай сындарлы,
Табиғаттың өзі берген шыңдары.
Шыңға өрлеп шығу үшін ұмтылу,
Әр сәбидің арманы еді сан қырлы.
Ата көрген оқ жонады дегенді,
Ана көрген тон піседі дегенді.
Көпті көрген көнелердің сөзінде,
Армандаған қиялыңа бәрі енді.
Арман қуып, қиялданып асықпа,
Білмегенді білемін деп тасыма.
Әр ісіңнің шамасына баға бер,
Жете алмасаң, мұңаймағын, жасыма!
Уақытқа қажет екен – талапты ой,
Бұл сөзімнің мәнісіне құлақ қой.
Уақыт қымбат – білінбейді өткені,
Пайдасыз күн мүмкіндіктің кеткені.
Таза сөйлеп, Тіл қадірін сезейік,
Тіршіліктің бейнетіне көнейік.
Асыл ойды – таза тілмен жеткізіп,
Уақыт, тіл, мүмкіндікті білейік.

29.11.20ж

Адамның табиғаттан үлесі мол

Табиғат – тіршілікпен дөп келеді,
Ауа жылу, ылғалмен өзгереді.
Өмірге қабілетті ықпалды тап,
Ықпалдарды сақтасаң күн көресің.
Тіршілікке қажетті таңдай білгін,
Пайдалы мәселені талдап жүргін.
Табиғат қазба байлық игергенге,
Қажетін іске жарат, ойлап көргін.
Табиғат ғажаптарын таңдап алам,
Көркінді әсірелеп, талдап жазам.
Тіршіліктің бар қызығы табиғатпен,
Сенімен өркендейді бүкіл әлем!
Мен өстім жасыл жайлау белесінде,
Көкарай шалғындарың, әлі есімде.
Айнала гүлге оранып, жұпар иісің,
Балалық шағым өтті, ел ішінде.
Жасымнан еңбек еттім далаңда мен,
Жайқалған жапырағың, егісің кең.
Сарқырап өзеніңнен мөлдір суың,
Жайылып сіңірілер ылғалың көп.
Ауа, су, жарығың мен топырағың,
Бұлармен өніп-өскен бақшаларың.
Жан-жануар өсімдіктен нәр алады,
Жанға дауа – көкөніс, жүзімдігің.
Табиғат – адамзатқа асыл қазына,
Қажетінді табудың жолын таңда.
Ешнәрсе өздігінен қозғалмайды,
Әсерін айқындасаң, өмір жаңа.
Табиғат сенен мәңгі күш аламын,
Қуатыңмен өмірде шаттанамын.
Бір ғана қорегіңнен көңілім өсіп,
Қуатты күннен алсам жылынамын.
Адамға жылу менен жарық керек,
Ауа мен суың болса, көңіл сергек.

Адамзаттың ағзасына керегі көп,
Табиғаттан аламыз нақты дерек.
Табиғат адам үшін жаратылған,
Қажетіңе пайдалан, қарап тұрман.
Айнала ауа-суың, қорегің бар,
Кәсібіңді жаңартып, өмір сүргін.
Адамға бұйырыпты қысқа өмір,
Қайратыңа жарасын алда тағдыр.
Байлығы табиғаттың тегін емес,
Еңбегіңмен жетерсің алға ұмтыл.
Адамзат өнерімен нұрланады,
Кәсіптік білімменен қырланады.
Ізгілік істі баста, болашағың,
Жақсылық шеберлікпен әрленеді.
Адамның табиғаттан үлесі мол,
Ойланып, еңбектеніп, көңіл бөл.
Жастықта жігерің бар, ерінбегін,
Жастарға үлгі болар – тірегі бол!
Табиғат – ауа, су, құрлықтардан,
Заңғар тау, асау теңіз, теңіздерден.
Жайқалған қалың орман, кең даласы,
Қара алтын, ауыр металл, мұнайынан.
Жер – ана сенің сыйың бізді өсірген,
Адамсыз топырақты кім игерген.
Адам ғана сезінген нұрлы жерді,
Табиғатқа қажет пе, күн мен аспан?
Табиғат сенің нұрың күш береді,
Ормансыз ең далаңнан жел еседі.
Саяңда бау-бақшаңның дем аламын,
Жемісіңді жеп келемін ес білгелі.
Мұнарлы тауыңды өрлеп, қиялаймын,
Тасың мен топырағыңа жыр арнаймын.
Құнарыңды жасасам, жолын тауып,
Өсімдігің жайқалар бір өзіңнен.
Биосфера үстінде – өнеркәсіп, тіршілігім,
Фабрика, зауыт, егіңшілік, елмен жүрмін.
Барлығы адам үшін қызмет етеді,
Адамзат, осыларға ынтамен көңіл бөлгін!
Айналаны қоршаған ауа қандай?
Бұлағынан келетін тұщы суың-ай!
Жер бетінен ылғалың буланғанда,
Экологиялық тұрпатын сақтап қалғай!
Адамға ең қажетті – таза ауа,
Тұщы суды үнемде, қорын сақта.
Қорегің миллиардқа жетіспейді,
Үнемдеп, тіршілкті ерте ойла!
Бұл ғасыр – компьютермен жаңаруда,
Ғаламторда жазулы бағдарлама.
Кім біліпті – әлемдік қор, қанша екен?
Болжамды оймен есептейді, ол да ойда.
Бәрінде оймен айтып, сана сезер,
Қалай қамтып, қанша өмір жетер.
Табиғаттың құбылысы тұрақты емес,
Мұхит тулап, дауыл тұрса, жылу келер!
Ғарыштың әлеуетін айта алмаймын,
Планеталар қозғалысын саралаймын.
Жел тұрып, құйын болып кетуі рас,
Тропосфера кеңістігі бізге жақын.

25.10.20ж.

**Жігеріңді жасытпа, тірлігіңде!**

Сан қилы істер келеді өміріңде,
Ала берме бәрінде көңіліңе.
Ерік-жігер адамның уысында,
Жігеріңді жасытпа, тірлігіңде!
Сағың түсіп, сарғаяр күндер болар,
Жаныңды жеп, азғырар, үндеу салар.
Айтқан «жаққа» дауа жоқ, ренжіме,
Тұрлауы болмаса онда, мағынасыз.
Қайғы, уайым адамды аздырады,
Саяз ойлар көңілді тоздырады.
Адамзатқа лайық бағаң болсын,
Шабан аттар терлемей болдырады.
Уытты сөз қаныңды қайнатады,
Жақсы сөз жаныңды жайнатады.
Тұрлаусыздың сөзінде түйіні жоқ,
Жігеріңе от салып, сайратады.
Өмірде талай қуды көріп жүрміз,
Түңілсек те амалсыз көніп жүрміз.
Жүгенсіздің ойлары, шойын - батпан,
Пісірген тарысына тойып жүрміз.
Өмірдің мағынасы қан мен терде,
Еңбегіңмен көрінгін, жоғары өрле.
Адамның қасиеті мінезінде,
Адал болғын, тірлікте ойлан - күнде.
Табиғат құдіретіне ойды бөлгін,
Болмысты сезінетін санаң болсын.
Қоршаған ортаныңда әсері бар,
Жақсыдан қалатұғын ізгі талғам.
Сайрайды бұлбұл бақта әніменен,
Адамзат өсіп-өнер сәніменен.
Ізгілікке ұмтылғын, жігерлене,
Тәңірдің бойға берген, талғамымен.
Аз сөйле, көпті тыңда, досыңды да,
Айласын біле жүргін қасыңның да.
Адамның естілігі сонда шығар,
Кешіре біле білген, ат құнын да.

30.10.2020ж.

Саналы болмысты тану

Сана - адамның сезінген болмыстық күйі,
Болмыс - бар құбылыстың нақты орны.
Сезімді болмыстық күйде айқындасақ,
Материя - табиғаттық жүйе байланысы.
Сананың өзгеруі болмыстың болар шегі,
Саналы болмысты тану алуан түрлі.
Зат, адам, рух, әлеуметті болмыс десек,
Табиғаттағы құбылыстың нақты ұғымы.
Сананы сипаттайтын болмысты тану,
Тіршіліктегі өмірдің бейнесін жазу.
Болмыстың қалай дамып отырғанын,
Дүниеге келген күннен текті бағу.
Неткен ғажап дүниенің ғажаптары,
Сананың өрениетті талаптары.
Табиғат пен адамның өрісі кең,
Кеңістікте уақыт орын алды.
Табиғатта даналық ілімі - философия,
Әлемдік жүйедегі нысандары - материя.
Орнықты бар құбылысты - болмыс десек,
Болмыстық сезінетін күйдің түрі - сана.
Даналық ілім үшін күрескендер жеткілікті,

Есімдерін атайық, танысын болған жайды.
Болмыста : Парменид, Августин, Гегель, Маркс,
Бруно, Коперник, Ньютон болды бастаушысы.
Кейбіреуі өзінің идеясын жария етті,
Гегель нағыз болмыс деп абсолютті.
Фейербах табиғат деп қарастырған,
Даналық ілімге қарсы шығып жатты.
Материяны жеке заттарға бөлген жандар,
Фалес — суға, Анаксимен — ауаға балағандар.
Гераклит дүниенің алғашқы тегі - лаулаған от,
Демокрит атомдық жүйедегі түрлі заттар.
Әлемде талай ғалам өтті, кетті,
Ғылыми ой ел аузымен бізге жетті.
Солардың ішіндегі алыптары:
Фарабилік әл-Әбунасыр, Абай, Қаныш,
Дүниенің бар жаңалығын айтып кетті.
Атадым еліміздің үш алыбын.
Әлемге аты шыққан, дана ғалым.
Жастарым ғылым жолын сараласа,
Сенеді еңбегімен ілім барын.
Заттар, адам, рух, әлеуметті болмысты,
Зат пен денелердің табиғи құбылыстары.
Алғашында адам санасынан бөлек еді,
Келесі табиғатпен үйлесті материалдық заттары.
Адам «сүйек пен еттен жаралған пенде» деді,
Тіршілікке - заттар, табиғи құбылыстар ендік.
Ол теңіздер, мұхит, ормандар, ауа, жер десек,
Үйлер, заттар, өсімдіктер, ағзаларды қостық.
Рухани болмыс сана, санасыздық құбылыстары,
Адам санамен сыртқы дүние туралы ойлайды.
Жеке адамның өмірлік қызметі, одан тысқары,
Бұл жағдайда - кітап, жоба, ой, музыка тыңдайды.
Тарих үрдісінде жеке адам болмысына қатысады.
Қоғамдық болмыс оның дамуына қатысты.
Қоғам дамығанда адамдардың саналығына әсері,
Адамның әлеуметтік белсенділігіне байланысты.
Адамзаттың өмір сүру уақыты тар,
Әр нысанда ауысады ағымдар.
Адам ойы оқиғамен тоғысқан,
Құбылыстың өмір сүру жолы бар.
Ой - танымы, қиялы, түйсігі адамзатын,
Тілі мен тіршілік жағдайы отбасының.
Табиғат та ортамен байланысты,
Ауа, су, жарық, жылу қорегінің.
Жоғарыда аталды табиғаттың ықпалдары,
Тіршілікке қажетті құбылыстың салалары.
Саналы болмысты танудың негізі жайлы,
Өмірде кездеседі алуан түрлі оқиғалары.
Сананың болмыстық қалыптасу кезеңдері,
Жастық шақ, орта және есеюдегі өткелдері.
Әр кезеңнің өзіндік шарттары бар,
Дәуірмен сәйкес келер тіршіліктің белестері.
Саналы ойдың дамуы - кімге керек?
Болмыстың нақты болу - өте қажет.
Жаңарудың жақсарып өркендеуі,
Өнертапқыш болашақ - жасқа керек!
Саналы жас өмірдің шырақтары,
Компьютерлік заманда өсер саны.
Болмысымен танылған талантты жас,
Ақыл-ойдың кәсби маманы олар.

29.11.20ж



Самарқанда сыңарым...

(ғашықтық хикаясы)



Милиция капитаны КазГУ-дің юристер тұратын жатақханасындағы біздің бөлмеге кіргенде төртінші курста оқитын төртеуіміз де бар едік.

-Ғайса Абдуалиев осында тұра ма?

-Ия, ол менмін. Не шаруа?

-Е, сендер екенсіңдер ғой, қыз зорлап жүрген! Осы төртеуің бе? Үстериңнен арыз түсті.

-Қайдағы қыз, кім зорлапты? -деп, төртеуіміз жалымызды күдірейтіп атып- атып тұрдық. Төртеуіміз де өмір өткелдерінен біраз өткен сақа студенттерміз, оның үстіне бес минутсыз сот, адвокат, прокурор боламыз деп жүрген дөкейлерміз.

-Е,е, болды, болды..., қалжыңдаймын,-деп, капитан күліп жіберді, -жаман хабар жоқ, жақсылықпен келіп отырмын.

-Қалжыңыңнан қасқыр өлгендей екен. Ия, не іс?

Капитан маған қарады: -Мамаджон деген досыңыз бар ма?

Мен мынау не айтып тұр дегендей дағдарып сәл тұрып қалып едім: - Ташкент қаласының ішкі істер басқармасынан сұрау келді, Ғайса Абдуалиев деген кісіні тауып беріңіздер, деп. Сұраушы- Мамаджон Ниязов деген майор, қалалық милиция басқармасында істейді екен, «осылай да осылай, Ғайса деген қанды көйлек досым еді, ауғанда бірге соғысқанбыз, мен жа-

раланып қансырап жатқанда өзі де жаралы болғанына қарамай,, мені арқалап алып қашып, жау қолынан құтқарып қалған нағыз қазақ батыры, соны тауып беруге көмектесіңдер», деп, факс жіберіпті. Милицияда істейтін әріптесіміз болған соң өтінішін жерде қалдырмай, сені іздеп жүргеніміз сол еді. Мә, өзбек досыңның адресі мына қағазда-деп, қылжақбас учасковый қолыма бір парақ ұстатты да кете барды. Қағазда Мамаджонның үй адресі, телефоны, жұмыс телефоны көрсетіліпті.

Ия, бұл баяғы Мамаджон ғой... Соғыстың әр күні тасқа ойып жазғандай ұмытылмайды, бәрі есте, кейде ұмытқың келсе де ұмыта алмайсың, түсіңе кіріп шошып оянатын түндер де болады. Өйткені, қан көру, кісі өлімін, қиын қыстауда үрей мен үмітті қатар бөлісіп қасыңда жүрген өзіндей қыршын жастың өлімін көру, олардың қансырап жатып қышқырғанын, тіпті өлгісі келмей жалбырынып жылағанын көру ет жүрегіңді тілгілемей, жараламай өтер ме? Ауылда совхоз сиырларының жамбасына қып-қызыл темір басып быжылдатып күйдіріп таңба салатынын көргенбіз, бұл да тура сондай. Ауған соғысының ардагері деп қошеметтейді ел, кездесуге шақырады, сый-сияпаттан да құр алақан емеспіз. Еске түсіру, ойлау оңай емес, бірақ. Жұрт сөйлеп қошеметтеп жатқанда ішің алай-түлей болып қан жылап тұратынын біреу білсе біреу білмес.

Біздің әскери бөлім ауғанның таулы Бадахшан жеріндегі Файзабад қаласы маңында болды. Соғыста кімнің өлгісі келеді дейсің, кім өзінің жас өмірін ажалға оңайлықпен бере қойсын. Сол үшін жанталасып әртүлі амал-айла қарастырасың. Кейде шабуыл алдында өтірік-шын ауырып та қаласың, ұрыс кезінде жерден бас көтермей бұғып жататындар да болады. Ұлы Отан соғысына қатысқан әкемнің бір айтқан әңгімесі сонда ойыма келе қалғаны. Әскер шабуылға шығар алдында әйтеуір өлмеуге бір сеп болар деп әкем кеудесіне жалпақ қайрақ тастарды шүберекпен, жіппен шандып байлап алады екен, баяғы батырлар киетін торкөз сауыттың сыртындағы кесек болат құймалар құсатып. Құр жандалбас, үмітсіз шайтан ғой деп жүргенде, бірде жау оғы сол тасқа тиіп ажалдан аман қалыпты.

Әкемнің осы әңгімесін еске түсіріп мен де өзен табанынан көрген жалпақ жылтыр көк тастарды кеудеме скотчпен орап алып жүрдім. Ол аздай темір телпектің де сыртынан тас байлайтын болдым. Келепайсыз әрине, кеудем де төрт-бес кило ауыр, басым да бір жағына қисайып тарта береді. Дұшпан оғының каскадан өтіп кетіп бір досымыздың мерт болғанын көз көрген. Сосын ғой, каскама да тас байлағаным. Менің взводымдағы жауынгерлер де өстіп тегіс тас құрсанып алды. Басқа взводтағылар да сөйте бастады. Рота командирі Андрейченко бұрқылдап ұрысса да осылай істеп жүрдік. Ротада бойы екі метрдей алып сібір жігіті бар еді, Бурлаков деген. Бір күні жүгіріп келіп мені қаңбақ құрлы



көрмей тік көтеріп алды да бетімнен сүйді: - Спасибо тебе, дорогой! Жизнью обязан! - деп.

Сөйтсек, шолғынға шыққан топқа жасырынған жау тасадан оқ жаудырғанда Бурлаковтың дәл жүрегінен тиген. Оқ тасты быт-шыт қылғанымен ары өте алмай, жауынгер аман қалыпты.

Бірде өзбек жігіті Мамаджон екеуіміз жер шолып келуге тапсырма алдық. Анда-санда дүрбі салып тауды қиялай өзіміз ғана жүретін құпия соқпақпен ақырын басып келе жатырмыз. Төңіректе күдікті не өзгеріс бар, бейсауат жүріс көріне ме, жау шоғырланып жатқан жоқ па, міндетіміз соны бақылау. Мамаджон алда, мен соңында келемін. Біздің күнара осы ізбен жүретінімізді жау біліп қойып жасырып граната керіп тастаған екен, Мамаджон байқамай соны іліп кетті. Граната жарылғанда Мамаджонның оң аяғының табанының жартысын жұлып кетіпті. Арттағы менің кеудеме гранаттың жарықшағы сарт етіп тиген, бір кесегі балтырымның етін сызып ұшыпты, абырой болғанда сүйегі аман. Кеудеден ұрған сұрапыл соққы тасқа тиіп жалап өткенде жарылыс толқыны, жарықшақ соққысы мені талдырып тастапты.

Талықсып ес жия алмай жатқанда бір көгілдір сәуле ішінен нұрланып аппақ қыз бейнесі көрінді.

-Тұр, солдат! Жатпа, тез тұрып кет, жау жақындап қалды! - деді де, әлгі елес ауағы сіңіп жоқ болды.

Атып тұрдым. Есім әлі де кіресілі шығасылы. Маңайда ешқандай қыз жоқ. Қарасам - қарулас серігім аяғынан қан атқылап ыңырысып жатыр екен. Тез жедел жәрдем пакетін ашып аяғын мықтап таңып байлап бердім. Өзімнің де балтырымды бинттеп орап қан тоқтаттым. Тау етегіне көзім түсіп еді қақпанға түскен аңды алуға құмартқан аңшылар құсап үш дұшпан бізге қарай ентелеп келіп қалыпты. Автоматымды кезеніп жата қалып оқ жаудырдым. Біреуін құлаттым, қалған екеуі жата қалды. Арт жағынан оларға көмекке ұмтылған топты да байқап үлгердім.

Ол кезде бойшаң жіңішке болсам де шыныққан, шымыр едім, аласалау қағылез жігіт Мамаджонды арқалап алып өз аяғым ауырғанына қарамай ақсаңдай зытып келем. Енді қайтейін, жан керек, жау да қалмай қуып келе жатыр. Соғыста жаралы жауынгер серігіңді жауға тастамай ұрыс даласынан алып шығу ең бірінші шарт, жай емес, қасиетті шарт. Үлкен ерлікке бағаланады. Анда-санда бұрылып тұра қалып арт жағыма оқ жаудырамын, жауды көріп тұрмасам да тұспалдап. Әйтеуір, жаралы жолбарыстың айбаты ғой, бұл тірлігім. Бар ойым өзім де тірі қалу, Мамаджонды да жауға бермей алып шығу. Ерлік жасайын деген ой жоқ ол кезде. Бала кезімде ауыл ақсақалдары айтып отырған бір аңыз әңгіме есте қалыпты. «Алыс бір ескі заманда, дейтін олар, хан біздің қаңлыдан сайланатын болған екен, кейін Шыңғысхан ұрпағы төрелерден хан болғаны сияқты. Қаңлы сөзінің өзі ханлы, яғни хан елі дегеннен шығады. Қаңлылар ірі, қуатты мемлекет құрған тайпалар одағын басқарған, жиын-тойда, өрелі бас қосуда төр қаңлы баласында болады екен. Бірде ел шетіне жау тиіп одақтас тайпалар әскері қарсы жорыққа дайындалып айтулы жерде бас қосып жиылып жатады. Алыстан шаңдатып келе жатқан аттар көрінеді. Мынау «жалайыр ағайындар шығар» дейді топ, «солар ғана кешігуде». Бір мезгілде жалғыз жауынгер көрінеді, қалған аттардың үстінде

қол-аяғы салақтап бір-бір өлген жауынгер жатыр. Жалайыр батыры аттан түсіп жөнін айтады, сөйтсе бұларға жолда жау кезігеді, ұрыс басталады, қалың қолға төтеп берген серіктерінің бәрі шейіт болады. Мынау солардың өлігін де жауға тастамай атқа теңдеп әкеле жатыр екен. Әлгі жігіт алмас қылышын суырып алып өзі мініп келген тұлпарының тамағын орып жібереді, ат қорқылдап құлайды: -Ал, ағайындар, мына жау жүрек батырлардың аруағына бағыштап құрбандық шалдым. Арулап, атақтап жер қойнына тапсырайық! Енді бұдан былай жауға арыстандай атылайық, кек қайтарайық!-дейді. Сонда қаңлылар көсемі ақсақал адам ортаға шығып: - Уа, жұртым! Осыған дейін төр қаңлыныкі еді, өлігін де жауға қалдырмай Ұлы өнеге, Теңдесіз ерлік жасаған жалайыр баласының құрметіне бұдан былай төр жалайы-рға тиесілі болсын! -деп, сақал сипайды. Содан бері ұлы жүзде жалайыр бар отырыста солар төрден орын алып, сөзді солар бастайтын болған».

Мамаджонды арқалап бөлімге де жеттім. Жеткен соң өзім де құладым, талмаусырап. Мамаджонға әскери дәрігерлер алғашқы көмек берген соң оны вертолетпен Душанбеге, госпитальға алып кетті. Содан кейін оны көрмеген едім.

2

Алматыдан Самарқанға дейін автобус итіңдеп бақандай он алты сағат жүреді. Тоқтамайтын жері жоқ, иттей шаршайсың. Студентке басқа амал қайсы. Мамаджонмен телефон шалып сөйлескем. Самарқан қаласында, әкемнің үйінде ұлымның сүндет тойын жасаймыз, кел деген. Ата-анам, хотуным, достарым сені көргісі келеді деп қиылған. Қанды көйлек дос көңілін қалай қалдырайын, сөйтіп деканнан екі-үш күнге сұранып жолға шықтым.

Автовокзалда Мамаджон өзі қарсы алды. Милиция майоры. Мен таң қалдым. -Мен әлі студентпін, сен қалайша майор болып кеттің?- десем, күледі: -Е, бауырым, біздің жақта ондай бола береді!

Мамаджон госпитальдан жазылып шыққан соң аяғын сылтып басқанына қарамай милицияға жұмысқа тұрыпты. Ереже бойынша оперативтік жұмысқа ол жарамаса керек-ті, бірақ бұны алыпты. Самарқан университетінің заң факультетіне сырттай оқуға түскен. Кеудесінде Қызыл жұлдыз орденін таққан, екі медалі бар соғыс батырын ешкім беттен қақпаған, қайда барса да хошемет, есік ашық. Бірден лейтенант погонын тағып, бір жылдан соң аға лейтенант, сосын капитан, міне, енді жақында ғана майор болып шыға келген. Ташкентте үлкен лауазым иесі, қалалық ГАИ бастығының орынбасары екен. Әкесінің де еңбегі жоқ емес сияқты, ол кісі сыйлы, құрметті қызмет адамы екенін соңыра көрдім. Ал, мен болсам әскерден босағаннан кейін де екі жылдай ауылда шопыр болып жұмыс істеп жүріп қалдым.

-Ғайса, есіңде ме, сол екеуіміз жарақат алатын жолы, мен госпитальда жатқанда Қызыл жұлдыз орденін кеудеме тақты ғой. Саған бірдеме бұйырды ма, негізі ерлік сенікі еді ғой? Сен болмағанда мен жау қолында қалсам не болар едім?

-Ия, маған да Қызыл жұлдыз орденін берді.

Мамаджонның ұлының сүндет тойына бүкіл махалла жиналды. Бұл жақта сондай дәстүр екен. Ұл баланың мұсылман болып, ер-азамат қатарына қосылғаны оның да, ата анасының өміріндегі де ең ұлы күндердің бірі.



Айрықша аталады, есте қалатындай тойланады. Өзбектер ойын-тойдың, ән мен бидің, ас баптаудың теңдесіз шебері екенін осы жолы көзбен көріп, көңілге түйіп қайттым. Ұзын кернейлерін қорқылдатып, дойра барабандарынтака-така-так, така-така-так деп қаңғырлата бастаса-ақ болды, жасы бар, кәрісі бар, ортаға атып-атып шығып билей жөнеледі. Біздердегідей ертелі-кеш дастархан басында отыру, кекірік атқанша ішіп-жеу жоқ. Арақ-шарап көрмейсің, Тойға сәнденіп өздерінің ұлттық киімдерін киіп келеді. Неткен әдемілік. Бәрі жарасымды. Бір кезде мол пішімді шағи көйлек киген, сәнді тақиясының сыртынан екі өрім шашы төгілген әдемі ақ қыз көзіме оттай басылды. «Өңім бе, әлде түсім бе» деп, дүдәмал күй кештім. Менің осылай мәңгіріп тұрғанымды көріп: -Не болды, Ғайса, мазаң кетіп тұр ғой, шаршап қалдың ба? -деп, сұрады Мамаджон.

-Жай, әшейін.

Тақиялы ақ қыздан көзімді ала алмадым. Менің осы күйімді байқаған қыз да көз қиығымен маған бір-екі рет қарағандай болды. Мүмкін солай көрінді ме, маған. Әрі қарай шыдай алмай досымды жеңінен тартып сыбырладым: -Ана қыз кім? Мамаджон мен нұсқаған қызға көз салып: -Е, ол Ләйлә ғой, көршінің қызы. Бізде сондай дәстүр бар, той болғанда көршінің әйелдері, қыздары келіп көмектеседі. Ә, айтпақшы ол қазақ, әкесі әне билеп жүрген дәу кісі. Үлкен қызмет істейді, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы.

Мен Мамаджонды ақырын жетектеп оңаша алып шықтым. -Есінде ме, сол жолы гранат жарылғанда сен қансырап, мен кеудеден тиген соққыдан талып жаттым ғой. Сонда осы қыз келіп мені оятқан: -Тұр, солдат! Жау келіп қалды, қаш! -деп. -Мен сонда тез есімді жиып сені арқалап қашып едім ғой!

Мамаджон күлді: -Қойшы, қайдағыны айтпай. Егер ұнатып қалсаң таныстырайын. Соңыра ел тарқағанда ыдыс-аяқ жуысуға қалады, сол кезде хотуыма айтып ретін келтіреміз, саспа.

Ләйлә да мен сияқты төртінші курс студенті екен, медицина институтының фармацевтика факультетінің. Қазақша білмейді, өзбекше не орысша ғана сөйлейді.

-Мен сені бұрыннан білемін, - дедім, оған орысша лап, төтесінен.

-Қайдан білесіз? Мен Алматыда болған емеспін.

-Мен сені соғыста көргем. Сен мені өлімнен құтқарып қалғансың.

Ләйлә маған таңырқай, әрі қорқа қарады, есі дұрыс па дегендей. Мамаджон, әйелі, мен, Ләйлә төртеуіміз тапшанда шәй ішіп отырғанбыз. Мен бастан өткен сол бір адам сенгісіз оқиғаны тағы бір айтып бердім. Ләйлә қызық қыз, адамға тіктеп қарамайды, айдай сұлу нұрлы жүзін төмен салып үндемей тыңдайды, сөйлемейді, сөйлесе ұяң, сондай әдемі жағымды үнмен ақырын сөйлейді.

-Бұл қашан, қай жылы, қай күні болған оқиға? Ләйләға Полоджон жауап берді. Ләйлә ойланып төмен қарап отырды да: -Мен ол күні жүрегім қысылып ауырып, мамам шошып дәрігер шақырған-деді. -Сол жағдай әлі күнге түсініксіз. Оған дейін де, одан кейін де ауыру сезінген адам емеспін.

Кейін білдім, Самарқан жақта қазақтар ежелден бар екен, найман да, арғын да, қаңлы да бар. Ләйләның әкесі қоңырат руының ел сыйлаған белді бір азаматы

болып шықты. Кейін қыз әкесінің алдынан өтер болсам мақау болып көрінбейін деп дерек тере бастағам. Тарихта қоңырат руының атақ-даңқы қыз-келіншектерінің ерекше ақылды, биязы көркемдігімен, сұлулығымен белгілі болыпты. Тіпті, әлемді алақанында ұстаған айбынды Шыңғыс ханның өз әйелі де қоңырат екен, балалары мен немерелеріне дейін қоңыраттан үйленген сияқты. Тақырыпқа қызығушылығым артып қоңырат қыздары соншама несімен айрықша болды екен деп ары қарай үңіле түстім.

Кейін ұлы әмірші Шыңғысхан атанған Теміршын тоғыз жасқа толғанда әкесі Есукей батыр баласына қалыңдық іздеп жолға шығады. Бағыты Теміршынның шешесі Огелунның елі, қайынжұрты олхунудтар болатын, соларға құда түспек. Бірақ, жолда қоңыраттың Дәй шешені кездесіп қалып жөн сұрасады.

-Есукей құда қайда бет алдың?-деп, сұрайды Дәй шешен. Есукей жөнін айтады.

-Е, деді Дәй шешен, - кеше түс көріп едім, түсімде бір ақсұңқар ай мен күнді қатар шеңгелдеп алып менің алақаныма қонып еді. Әй, осы көк тәңірінің жіберген нышаны шығар. Сенің ұлыңды ұнатып тұрмын, көзің оты бар, жүзі нұрлы, менің үйіме кіріп қызымды көріп шықшы. Біз қоңырат деген ел, ешкімнің жеріне, байлығына қызығып қиянат жасамаған бейбіт жұртпыз, есесіне қыздарымызды хан қызыққандай өнерлі, биязы, сұлу ару етіп алақанымызға салып мәпелеп өсіреміз. Қоңырат қыздарының атақ-абыройы айдай әлемге аян.

Есукей киіз үйге бас сұғып он жасар қыз бала Бөргені көреді, ұнатып сол жерде құда түседі. Содан былай Шыңғысханның ұлдары да, немерелері де қоңыраттан қыз алған дейді. Ол аздай, Құбылай хан заманында Ханбалықтағы (Пекин) ордасына екі жылда бір рет қоңыраттың ішінен іріктеп, сұрыптап аса сұлу, таза пәк төрт жүз, кейде бес жүз қыз алдырып отырған. Олардың ең елеулісін өз ордасында қалдырып, қалғандарын мемлекетке еңбегі сіңген бектеріне, қолбасылары мен билеріне әйелдікке сыйлаған. Бұған қоңырат халқы наразы болмаған, қайта қуанған, байлыққа кенелген, ханның мерейіне көңілдері хош болған. Соған қарағанда ол заман қоңыраттардың жер жүзіне шашырамай ұйысып, іргелі қалың ел болып отырғанын көрсетсе керек.

Түнімен Ләйлә туралы ойланып нешетүрлі қиялға қанат жалғап дұрыс ұйықтамасам да ерте тұрып кеттім. Таза ауа жұтып сергиін деп тысқа шықсам Мамаджонның әйелі менен де ерте тұрып ауласып сыпырып жүр екен. Оны сиыр жалағандай жалтыратып үй тұсындағы көшеге кірісті. Тегі, өзбек халқы өз ауласын ғана емес, бүкіл қаланы таза ұстайтын ұқыпты, тәлімді қауым екенін кеше автобустан шығып машинамен келе жатқанда байқағам. Құдай-ау, көшелерінде бір қылшық жоқ, неткен еңбекқор ел. Әрине, бұлар қала мәдениетін бізден көп бұрын игерген ғой, содан шығар деп түйдім.

Көрші үйге көз тігіп қарасам Ләйлә да көше сыпырып жатыр екен. Қуанып кеттім. Менің жақындап келе жатқанымды байқаған қыз көрсе де көрмеген болып бұрылып, ауласына еніп жоқ болды. Аң-таң болып мен тұрмын, бұл қалай, кеше ғана танысқан қыз құрбының бұнысы несі?

Амал жоқ, Алматыға қайтуым керек. Он алты сағат автобуста отыру қандай қыйын болса, оған Ләйләны көре алмай кеткен өкініш, намыс, күйік қосылып өзегім



өрт, ішім алай-дүлей арпалыспен келе жаттым. Қайтарымда Мамаджон да, оның әкесі мен шешесі де қолпаштап, «осы үй қашан болсаң сенің үйің, есігіміз ашық, өз ұлымыздай боласың» деп еді, солардың осы достық пиғылын жұбаныш көріп, «жарайды, бәлем, тұра тұр, жақында арнайы келіп әуселеңді бір көрейін» деп, қызға кіжініп отырдым.

Сөйтсем, қызықтың көкесі әлі алда екен...

3

Самарқанға екінші, үшінші, тіпті төртінші барғанымда да Ләйлаға жолыға алмадым. Тоғыз, он жасар шамасындағы інісі Әлимжонмен танысып достасып алғанмын. Соны жіберемін әпкеңді шақырып келші деп, қолына тыйын-тебен ұстатып қоямын. Аздан соң келеді, «көнбей қойды» деп. Институтына барамын да сабақ соңынан күтіп аламын, алдынан шығып сәлемдесем сәл күлімсіреп басын изейді де өте шығады құрбы қызды қолтықтап. Мойным салбырап Алматыға қайтамын. Мен нағыз ғашықтық ауыруына шалдықтым ғой деймін. Күндіз күлкі, түнде ұйқы жоқ. Ләйланы ойлаймын қапаланып. Ішім удай ашиды, жүрегім қысылады сағыныштан. Киров көшесі мен Панфилов көшесінің қиылысындағы әйгілі «Аққу» кафесінің алдындағы көлшікке қарап сағаттар бойы отырамын не істесем деп ойланым. Қасымдағы жігіттер күледі, «ғайса мәжнүн болдың ба» деп. «Не деген қызық адамсың, бір қыз саған Алматы мен Жамбылдан табылмады ма, сонау Самарқандағы біреуді ойлап соншама құса болғаның не? Жаныңда жүр ғой мына деген қыздар, солардан қай жері артық дейсің сол сұлудың?»

Журналистика факультетінде оқитын таныс жігіттердің айтуынша Жұматай Жақыпбаев деген бір ғажап ақын бар екен Алматыда. Ол да мен құсап Ләйлә деген қызға ғашық болады екен, өмір бойы соған арнап керемет өлеңдер жазады екен, ол өлеңдерді жастар жатқа айтатын көрінеді. Мен де сұрап алып сол ақынның біраз өлеңдерін оқыдым. «Ләйлә дертін жазатын Ләйлә ғана» деген сөздері менің бүгінгі барлық жан-күйімді тап басып айтып тұр ғой! Мынау шын мен ғой!

Ақыры өз қолымнан ештеңе келмейтініне көзім жеткен соң ұят, жігіттік намыс дегендерді былай ысырып қойдым да Ташкендегі Мамаджон досқа телефон шалып, бар жағдайымды ашып айттым. Мойындадым. Мамаджон күлді:

-Өй, досым- ау, сен біздің елдің жағдайын білмейді екенсің ғой! Мен де ақымақпын, ескертіп айтпаған. Біздің қыздар әке-шешесінің алдынан өтпей сүйіп тұрса да бөгде жігіттермен қыдырмайды, кездесуге шықпайды. Олай болса, келесі сембі күні Самарқанға жет, ығытын тауып мен де барайын, әкесі Болатжан көршімен сөйлесейін.

Бесінші курсты аяқтап келе жатқан кез. Бостандық аудандық прокуратурасында бес айлық практикада жүрмін. Амал жоқ жетекшіме бар шынымды айттым, «осылай да осылай, ғашықпын, аға, жағдайымды түсініп көмек беріңіз, не болса да бір жағына шығарып келейін» дедім. Жетекшім ішегі қатып күлсін, «ой, алла-ай, қазіргі заманда да сондай ғашықтық сезім болады екен-ау!» деп. Жіберді, әрине. -Жігіт болсаң көндіріп қайт! Батыр емессің бе, көрсін, барлық орден, медальдарыңды тағып ап бар, сәмпіреймей!- деді.

Самарқанға мен де бардым автобуспен, Ташкеннен

Мамаджон да келді. Мамаджон бірден көршінің үйіне кетті. Бір сағаттан соң қайтып келді. Сен туралы бәрін айттым деді. Қыз әкесі сұрапты: - Әлгі былтырғы жылы тойға келетін жігіт пе? - деп, -қызым өзі не депті оған?

-Ләйла онымен сөйлеспепті.

-Жарайды, онда өзім сөйлесіп көрейін не ойы бар екен.

Қыз әкесі Ләйланы шақырып алып екеуі бөлек бөлмеде сөйлеседі. Бір кезде әкесі келеді. «Ана жігіттің шын ойы бар екен, өзі батыр, Мамаджонды өлімнен алып шыққан арқалап. Ондай жігіттер құрметке, сенімге ылайық, қызым не айтасың деп едім, төмен қарап: «Мен ол жігітті білмеймін, танымаймын, қалай тұрмысқа шықпақпын» деді. Сөйтсе де жүзі жылы тартып, төмен қараған қалпы күлімсірегендей болды. Жігітіңді маған жіберші, өзім сөйлесейін» депті қыз әкесі.

Не болса да көріп алайын деп бардым. Үйі де, үйдің төңірегі де көз тартқандай көркем, әрқилы жеміс ағаштары өсіп тұр, тапшан астынан шолпылдап арықтың суы ағып жатыр, тапшанға айнала төніп тұрған жүзім. Құдды жұмақ сияқты.

- Садись, - деді, қыз әкесі, менімен орысша сөйлесті. Алдында бір жарты арақ, екі рүмкеге толтырып құйды. Менің аула жаққа қызыға қарағанымды байқап: - Саған бір анекдот айтып берейін, - деді. - Баяғыда бір өзбек үйін қазаққа сатады. Бір жылдан кейін үйін сағынып келсе, алма, өрік, жүзім ағаштарын шауып тастапты. Бақшаның ортасында селкиіп жалғыз бір ағаш қана тұр. Өзбек «ойбай, қайран үйім, қайран бақшам- ай», деп жылайды. - Ей, қозақ, мына ағаштарымызды неге шауып тастағансың?

-Енді шаппағанда, малыма шөп керек емес пе!

-Онда мына жалғыз ағашты неге қалдырдың?

-Е, оны шауып тастасам атымды қайда байлайды екем? - депті ғой, сонда біздің қазекен.

Ел басқарып жүрген сұңғыла адам менің ыңғайсызданып отырғанымды байқап, есін жисын, кең отырсын дегені ғой, әңгімені бастамас бұрын мені күлдіріп, өзімен теңестіргені.

-Давай, алып қой! - деп, менімен соғыстырды да ішіп алды. Мен де тартып жібердім.

-Ал, сөйле батыр.

Мен бар шынымды айттым. Ләйланы сүйетінімді оған деген сезімім шынайы екенін, егер сіз келісім берсеңіз үйленбек ойым бар дедім. Әке - шешем келіп алдыларыңыздан өтуге дайын отыр деп соқтым, олардың әлі хабарсыз екенін ұмытып.

Болатжан ака қызын шақырып алды. -Қызым, мына жігіт сені шын сүйеді екен, егер біз рұқсат берсек үйленбек ойы бар. Сен не айтасың?

-Әке, мен бұл кісіні мүлде білмеймін ғой, онымен қалайша танымай, біліспей тұрмыс құрмақпын?

-Енді кездеспесек, сөйлеспесек қалайша бір-бірімізді танимыз? Бірге қыдырып, қала аралап сөйлесейік, сырласайық, сосын өз шешіміңді айтарсың, - деймін мен, жалынышты үнмен. Қыз төмен қарайды, жүзінен көмескілеу күлкінің жылы ізі байқалғандай.

-Жарайды, - деді, әкесі, - сендер танысып, білісе беріңдер, оған рұқсат.

Енді шаруаның беті бері қарады ма деп үміттеніп едім, әлі ерте екен.

-Осы қалада менен де үлкен ағаларымыз бар, ал-



дымен солардың алдынан өтейік, олар не айтар екен? - деді Болат ака, - ертең сол кісілерге барып сәлем береміз. Біздің дәстүріміз солай, бала.

Ертеңінде Болатжан ака екеуіміз қала орталығындағы кең дарбазалы еңселі үйге келдік. Үйде ақсақал жасындағы шаштары аппақ, өзбекше ала тақия киген екі еркек отыр. Болатжан екеуіне иіліп тағзым етіп сәлем берді. Мен де сөйттім. Екеуі де қыз әкесінің туған ағалары, бірі полковник дәрежесіндегі зейнеткер әскери адам, екіншісі ғылым докторы, профессор екен. Болат ака мен жайлы барлық сырды ақтарып салды. Қызымызды ұнатып қалыпты, соған бола сонау Алматыдан төрт-бес рет іздеп келсе де тілдесе алмай жүріпті,-деп, жымиы да,- мұраты мінсіз, сезімі шынайы болмаса солай істер ме еді,- деп, маған бүйрегі бұра сөйлеп бір тоқтап еді, профессор: - Өзің Алматыдан боласың ба, қай елденсің? - деп, сұрады.

-Жамбыл жақтан, Жуалыданмын.

-Ее, Бауыржан Момышұлының ауылынан екенсің ғой? -деп, үндемей отырған полковник дүр сілкінді.

-Қоңырат қызы Айша биби анамыз жатқан жер ғой, Жамбыл деген. Құдай-ай, анамыздың басына барып бір тәуеп етудің де ыңғайы келмеді, мына ку өмірде,- деп, ғалым іштейгі өкінішін сыздақтатып сыртқа шығарды. - Ия, сонда, бізге құда түсіп келіп отырсың ба? Ата-анаң қайда, қай туған боласыңдар?

Сөзге қыз әкесі тез араласты: -Жоқ, құда түсу емес, сіздерге сәлем беру ғана. Егер Сіздерден қарсылық болмаса ата-анасы арнайы келіп алдарыңыздан өтпек екен. Елдері қаңлы көрінеді. Бұл жігіт өзі ауған соғысының ардагері, орден, медальдары бар, Мамаджонның досы, Мамаджон соғыста ауыр жараланып өлімші болып жатқанда осы жігіт оны жау қолына тастамай арқа-лап алып келіп, ажалдан арашалап алған.

Осы кезде полковник орнынан атып тұрды: -А, солай ма, сөйтті ме?! Онда нағыз солдат болды ғой, жауға досын бермеген! Онда не.., қызымыз өзі не дейді?

-Қызымыз үндемейді, сіздерден пәтуа тосады ғой деймін.

Ағайынды үшеуі орындарынан тұрып үлкен кең залдың арғы бұрышына барып өзбекше сыбырласып ақылдаса бастады. Бөлменің төменгі бұрышында қалған маған олардың бір сөзі естілсе бір сөзі естілмейді, кей сөзі түсініксіз, бірақ құлағым түрік. Жалпы айтқандағы сөз сыңайы мынаған саятын сияқты: Біз ұлттық бет-бедерімізді жоғалтып өзбек болып барамыз. Қыздарымыз өзбекке тиеді, ұлдарымыз өзбектен қыз алады. Енді бір қызымыз қазаққа өзі барамын десе - барсын. Мүмкін, ата-баба аруағы солай бұйырып тұрған шығар...

4

-Аталарың Ләйланың өз таңдауы білсін деді. Бірақ мына жігітке тұрмысқа шығатын болсаң қарсы емес. Үйге келген соң әкесінің қызға айтқан сөзі осылай болды.

-Жүрсенші, қала аралап қыдырып қайтайық,-деп едім, Ләйлә: -Болмайды, бұл қалада таныстар көп бөтен жігітпен жүргенімді көрсе сөз қылады,- деді, қашқақтап. Не күлерімді не ашуланарымды білмедім: -Онда Ташкентке барып қыдырып қайтайық, ол жақта ешкім сені көрмейтін шығар. Оған уақытың бар ма?

-Алдағы сембіде қолым босайды. Бірақ әкемнің рұқсатын алыңыз.

Тағыда Болат аканың алдына келдім, рұқсат сұрадым. - Еш арамдығым жоқ, қыдырып әңгімелесіп қана қайтамыз, уәде берем сізге!

Әкесі қызға айтыпты: -Қарағым, мен мына жігітке сенемін, батыр жігіт. Батыр айтқан сөзінде тұрады, барамын десең бара ғой. Қыдырып, сейілдеп қайт.

Осыдан кейін дереу ауылға тарттым, сембі күні келіп қызды алып Ташкенге апарып қыдырту үшін де жағдай керек. Ел жақта бес ағам бар, бәрі ауқатты, қызмет істейтін адамдар. Әкем совхоз директоры, пенсияға шықса да істеп жүр. Жағдай бар. Кіші ағама келіп бәрін ашып айттым.

-Қаражат жағынан саспа, ол проблема емес. Әкешешеңе не демексің?

-Ол кісілерге айтпай тұра тұрайық, мәселе толық шешілсін. Қыз әлі уәде сөзін айтқан жоқ. Сіз менімен бірге Самарқанға жүріңізші, -деп, қиылдым. -Қызды көріп қайтасыз, шешеме сосын айтып келесіз. Алдымен сол кісімен сөйлесейік, әйтпесе әкем ашуланып қатты кетіп жүрер, «ақымақ, Алматыда қыз жоқтай бұл не қылғаның» деп. Бәрі сенімді түрде шешілген соң әкеме өзім айтамын.

Жұма күні әкемнің ақ «Волга» машинасын сұрап алып Қуат ағам екеуіміз Самарқанға тартып отырдық. Әкем: «Не болды, қайда барасыңдар?» деп сұраған, Қуат: «әке бір жақсылық болады, саспаңыз», деп, жұмбақтап ашып айтпаған соң бастық адам тәптіштеп сұрамай: «Жарайды. Жолда ұрынып қалмай абайлап жүріңдер» деді де қойды. Шешеме шет жағасын Қуат сыбырлап үлгерген ғой деймін, ол кісі көп сөйлемей: -Жолдарың болсын! - деп, күлімсіреп қалды.

Сол күні кешке қарай Самарқанға аман-есен жетіп Мамаджонның үйіне түстендік. Мамаджонның әйелін Ләйләға жібердік, «Айта бар, ғайсаның ағасы келіп отыр» деп.

Аздан соң Ләйлә келді. Қуат амандасып қолын ұсынып еді, Ләйлә алдымен Қуатқа қол құсырып тізе бүгіп сәлем салды, содан кейін барып қана қолын берді. Қуат аңтарылып қарап қалыпты. Сосын менің құлағыма сыбырлап: -Ойпырай, мынау қыз емес қой, жүзім ғой тура мөлдіреген! - деді.

Таңғы шәйді ертерек ішіп алдық та абыр-сабырсыз уәде бойынша Ташкенге тартып кеттік. Ләйлә інісі Әлімжанды ертіп алды, екеуі машинаның артында, біз алда келеміз. Әлімжанды алғанымыз жақсы болыпты, ол болмағанда сөз таппай үн-түнсіз отырар ма едік, қайтер едік. Қу бала әр нәрсені айтып күлдіріп, Алматыны сұрап, Қазақстан туралы сұрағыштап уақыт тез өтті. Шүйіркелесіп көңілді келдік. Мүмкін, Ләйлә арамызға бір дәнекер керек болатынын болжап осыны да алдын ала ойластырған шығар.

Ташкенге келген соң Қуатты ауылға қайтарып жібердім, «сіз бара беріңіз, біз өзіміз қыдырайық, осыдан автобуспен Алматыға бірақ жүріп кетемін» дедім. Қуат сөзге келген жоқ, қайтып кетті.

Бұл күніміз ұмытылмастай әсер қалдырды. Зоопаркті тамашаладық, циркке бардық, кафеде отырып түстеніп балмұздақ жедік. Түс қайта Ләйлә мен Әлімжанды Самарқанның автобусына отырғызып жібердім де мен Алматыға қайттым. Келесі сембі күні Ташкентте кездесетін болып уәделестік. Бұл күннен есімде қалған бір оқиға жайлы айтайыншы, өйткені сол көрініс мені



көп ойландырған еді.

Үшеуіміз зоопарктен шығып бір аллеяда көлеңкелеп отырған болатынбыз. Анадая жерде кішкентай сәбиін кеудесіне басқан өзбек келіншек біз жаққа қарай келе жатты. Сәбиі жылап мазасыздана берді ғой деймін. Келіншек баласының бетіне үңіліп: «Сіз яламаңызшы, сіз неге ялай бересіз?» - дейді.

-Мына келіншек не айтып келеді? -деп, сұрадым Ләйладан, түсінбей.

- Шешесі ғой, «сіз неге жылай бересіз, сіз жыламаңызшы» деп келе жатыр.

-Сонда емшектегі өз баласымен сіз деп сөйлесіп келе ме?

-Ия. Өзбектер өте сыпайы халық қой. Сәбиі ұл бала болу керек, анасы ұл баламен сіз деп сөйлесетін әдет бар. Солай тәрбиелесе ол да өскен соң анасына сіз деп сөйлейді, құдайындай құрметтеп өтеді.

Мен қатты әсерленіп біраз ойланып қалдым. -Ертең сен де ұлыңа сіз деп сөйлесесің бе? -деп, қалжыңдадым.

-Қойыңызшы...-деп, ұяла сыбырлағанда Ләйланың нұрлы жүзі одан әрмен қызара түсті.

Келесі жолы Ташкенге Ләйлә өзі жалғыз келді. Киноға кірдік. Қатар отырдық. Қолына қолым тиіп кетсе селк етіп тартып алады. Мен де арыға бармаймын. Ее, деп ойландым сонда, қыз өзін өзі сыйласа, оны еркек те сыйлайды екен ғой. Мен ол кезде, әрине, сақа жігіт-пін, несін жасырайын, Ләйлаға дейін де біраз қыздарды көргем. Олармен ара қатынасымыз тез басталып тез аяқталушы еді ғой. Өйткені, олардың жүріс-тұрысы, қылығы, сөзі де арзан еді, салмағы болмайтын, сонсоң да өздерін сыйлата алмайды ғой деген ойға қалдым.

Қала аралап жүріп алтын сататын дүкеннің жанынан өттік. Ләйлаға «кірейік» дедім, қанша дегенмен жылтыраққа қызыққаш әйел заты ғой, ол да көргісі келді. Бір жіңішкелеу әдемі алтын сақинаны таңдап алдым да Ләйланың саусағына тақтым. -Саған сыйлағаным, енді атастырған қалыңдығым боласың, тағып жүр,-дедім. Ләйла алабұртып екі ойлы толқып тұрды да: -Сыйлығыңызды қабылдайын, бірақ, қазір таға алмаймын. Кейін болмаса... -деп, сақинаны әдемі қапшығымен сөмкесіне салып қойды.

Иә, солай ғой деп ойладым іштей, алда әлі бір асу бар. Әке-шешем енді оның әке-шешесінің алдынан өтуі керек. Қыз қылығын солай деп түсіндім.

Оқу бітіруіме аз қалды, қыздың да жағдайы солай, енді оған да, маған да болашағымызды анықтауымыз керек, сосын үкімет жолдама береді, қызмет орнымыз қайдан бұйырады? Осы жағдайды айтып түсіндірдім де «ұзаққа созбай әке-шешемді Самарқанға жіберейін, саған құда түссін» дедім. «Ол жайын әкеммен ақылдасыңыз» деді қыз. -Айналайын осы жолы өзің айтшы, Ғайсаның әке-шешесі келеміз деп жатыр, күнін белгілесін деп.

Қыз үнсіз басын изеді, сезіп тұрмын, бұл ол үшін ең ауыр міндет болатынын. Аяп кеттім де, «жарайды Мамаджонға айтамын, ол әкеңе барып сөйлеседі» деп. тоқтам жасадым. Қыз бұған келісті.

Ләйланы автобустың атырығызып шығарып салдым, сол жерде асығыс еңкейіп бетінен сүйіп алып едім, қорқақтай істеген бұл ерепейсіз қылығымның өрескел шыққаны соншалық, ол да шыдамай күліп жіберді.

О баста онша мән бермеген едім, енді менің ал-

дымда да ауыр міндет бар екен. Үйлену мәселесін әкеме айтуым керек, ол аздай оны Самарқанға құдалыққа көндіруім керек. Бұл шынында да оңай жұмыс болмай шықты.

Көп ұзамай Мамаджоннан хабар келді. Қыз әкесі рұқсатын берді, «тамыздың ортасына қарай келе берсін» депті.

Дереу Алматыдан ауылға аттандым. Іштей шешем әкеме шет жағасын айтып дайындап қойған шығар деп үміттеніп келгем, сөйтсем, ол кісі жүрексініп оқиғаның артын тосыпты.

-Өй, ақымақ бала! Сен немене-ей, бес жыл оқыған Алматыдан, арысы бүкіл Қазақстаннан бір шүйкебас таппадың ба? Мынауың не сандырағың?!-деп, әкем ренжіді.

-Әке-ау, өз сөзіңіз бар емеспе еді, алла адамды өзінің сыңарымен жаратады. Сол өз сыңарыңды тапсаң ғана өмірде бақытты боласың. Оны қазақ «қосақ» дейді. «Қосағыңмен қоса ағар» деп содан айтады. Енді сол сіз айтқан сыңарымды алла Самарқаннан кездестірсе не шарам бар...

-Мен шын солай деп айттым ба?

-Ия, солай дегенсіз. Бұл жерде ептеп қосып жібергенім бар, енді.

-Мм... Жер-көктен қыз таппағандай сонау Самарқаннан әкелгені осы ма деп ертең досқа, дұшпанға күлкі болып жүрмейміз бе, ең құрығанда өңі-түрі бар бала ма, өзі?

-Ой, әке, ол жағынан бес, ол жағы қатып тұр!-деді, Қуат.

Сонымен бұрқылдап жүріп әке көнді. Шешем екеуі, шопырын ғана алып «Волгасына» мініп Самарқанға жол тартты. Біздің елдің жол-жорасына лайықтып пұлын түйіп шешем мықтап дайындық жасапты. Әкем «Социалистік еңбек ері» алтын жұлдызын киізбен ысқылап жалтыратып тағып алды. Мезгілі өтіп кетсе де сандықта жатқан Қазақстан Жоғары кеңесінің депутаты төс белгісін қоса тақты. Ал, көрейін әуселелерін, қызын маған бермегенде кімге береді деген кеуде де бар. Қыр көрсету. Ағайындар естіп біреулері сөз қылыпты: - Әй, бәсеке, не болды, Қазақстаннан қыз табылмады ма?-десе, әкем қырсығып: -Ондай қыз жоқ, ол саған анау-мынау емес, Әмір Темірдің ұрпағы екен! Соған бара жатырмыз!-деп, соғып жіберген ғой.

Бұлар аман-есен жетеді. Құдалары жақсы қарсы алады. Біздің жақтың салты бойынша беташар жасағанша қыз көруге болмайды. Содан шешем ішке кіріп келіннің құлағына сырға, саусағына сақина тағып шығады ғой. Әкем шыдамай: -Қалай, келінді көрдің бе, қалай екен? -деп, сұрайды.

-Құдай ау, аппақ... Бетінен нұры тамып тұр. Сондай ибалы бала! Ұлым маладес, сыңарын шын тауыпты! -дегенде барып әкем, «Ууф» деп демін алыпты ғой.

Бұдан арғы әңгіме онша қызық емес, соңыра Самарқанда қыз ұзату тойы, біздің ауылда үйлену тойы өтті. Той бітісімен Ләйлә екеуіміз поезға отырып маған жолдама бұйырған Павлодар жаққа, бал дәмді бақытты өмірге сапар шегіп бара жаттық...

2021ж.

Нүсіпхан ҚЫСТАУБАЕВ